

Гүлнұр Ембердиева

*Махаббат
романстары*

*Хикаяттар, әңгімелер,
триптихтер*

Тараз - 2015

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84 (5Қаз)
Е 53

Е 53 **Ембердиева Г. «Махаббат романстары»**
- Тараз: Сенім, 2015, - 176 бет.

ISBN 978-601-7246-94-5

Егер алғашқы мағынасынан сәл ауытқып қарайтын болсақ, романс бұл - өмірдің әдемі, әуезді сәттері. Ал, Жаратқанның құдіреті сол, әлемді махаббат арқылы мейірім, шапағатқа бөлейді. Отаныңды қадірле, туған жеріңді сағын, ұлтыңды мақтаныш тұт, ананды аяла, ұл-қызыңды өсір – бұның бәрі шексіз махаббаттың жемісі. Гүлнұр Ембердиеваның «Махаббат романстары» жинағында топтастырылған хикаяттар, әңгімелер, триптихтер әр түрлі тақырыпты қамти отырып, әлемді, жаратылысты сүйеге үндейді.

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84 (5Қаз)

ISBN 978-601-7246-94-5

© Ембердиева Г., 2015
© Көркемдеуші «Сенім» ЖБО» ЖШС, 2015



Хукяттар



МАХАББАТ ПЕРІШТЕСІ

БЕЙТАНЫС, ЕСКЕРТКІШ ЖӘНЕ МЕН

Мен оны мамыр айында міндетті түрде жолықтырамын. Үйімнің жанындағы махаббат аллеясында күнтізбедегі графигін бұзбайын дегендей тұп-тура бірінші мамырдан бастап, бес күн бойы тапжылмай отырады. Шашын желкесіне қоя берген, үстінде қызыл көйлек, қара шалбар, қою сары түсті пиджак, қарапайым көптің біріне ұқсамайтын жігіт кез келгеннің назарын аударатындай үлгіде киініп алған. Осымен бесінші көктем дәл осы орындықта, терең ойланып, сонау түпсіз аспанның шегін тапқысы келгендей көкке сүзіліп, әлдебір уақытта сол аллеяда орнатылған ескерткіш қос ғашықпен сырласқаны ма үзіле қарап отырғаны. Барын тек осы орындық пен ғашықтар ескерткішімен бөліскісі келетіндей. Күндегі қалпы осы. Бүгін төртінші күн отырғанына. Ішкі әуестігім осы бір қызық жанның құпиясын білгісі келді. Не де болса тілдесіп көрейін деп ойладым. Жұмыстан бірер сағатқа сұранып, жүгіріп саябаққа жеттім. Көз ұшынан байқап келем, әлгі орындықта екі адам отыр. Бәлкім, ол іздегенін тапқан шығар деп қызғанып кеттім. Жандарына жақын келгенде... Бөтен қыз бен жігіт. Іздегенім алыстап кете қоймаған секілденіп алақ-жұлақ жан-жағыма қарап қоямын. Бірақ, құпия досым ізім-ғайым жоқ. Салбырап кері қайттым.

Ертең ол келер ма екен? Санамда осы сұрақ жаңғыра берді. Үміт пен күдік қатар ойнап тұр.

Таң атпай тұрдым. Терезеге барып, саябақ жаққа көз тастағам. О, тоба менің құпия досым ескерткішке қараған күйі дәл сол орындықта отыр. Дәл қазір ұстап алмасам кетіп қалардай асыға киініп, сыртқа жүгірдім. Жанына жақындаған сайын белгісіз қорқыныш ұялай бастады. Егер ол ақыл-есі ауытқыған біреу болса ше? Жо-жоқ, мүмкін емес... Жақындадым, әдемі ер адамның өтірінің иісі желпіп өтті. Жанына барып отырдым. Ол

үңсіз, ескерткішке қараған күйі қимылдар емес. Маған назар аударған жоқ.

– Сіздің есіміңіз кім? – даусым сылбыр шықты. Селт етпеді. Өлде естімеді ма екен?

– Сіздің есіміңізді білуге бола ма?

Жалт қарады. Енді байқадым, нұрсыз мұңлы көздері жасырын сырдың ұяшығындай. Жарасымды келбетінің сынын майда-майда әжімдер бұзғысы келгендей із сала бастапты. Екеуміздің көз қарашығымыз тоқайласып қалды. Атып жіберердей, тұра қашқым келді. Бірақ, бұл адамның сырын білуге деген құмарлық іркіп ұстап қалды. Батылдық жия бастадым.

– Сіз мұнда бесінші жыл келіп отырсыз білем, – дедім. Маған зерттей қарады. Өзіне назар аударған адамның қандай екенін білгісі келгендей.

– Қайда тұрасыз? Өнтек жымыды да теріс айналды. Қорқынышым сейіліп, еркінсі бастадым.

– Менің атым Сағыныш. Басын көтеріп алды.

– Сағыныш, сағынышым менің, сарғайған сары күн! Даусы зарлы естілді, адамды айтты ма әлде, менің есіміммен байланысты уақыт па оның ойын қозғаған? Аңғара алмай қалдым. Екеуміз де үңсізбіз. Ойын оқығым-ақ келеді. Қалай оның көңілінің кілтін табам?

– Сен өміріңде уәде беріп көріп па едің? Оның даусы нақты әрі анық естілді. Селк еттім, тосын сұрақ күтпеген едім. Енді, мен үңсіз қалдым. Не деп жауап берерімді білмеген едім. Ол менің сөзімді күтпеді де:

– Мен уәде бергенмін, соны орындап келем! Сұраулы жүзбен бетіне қарадым. Салмақты сөзінен даусым шықпай қалған секілді.

– Сен менің мұнда неге келетінімді білгің келеді ғой? Басымды изей бердім, сөйлесем бәрін бүлдірем, үндемегенім дұрыс.

– Сағыныш десе дегендей-ақ, – деп маған көз тоқтатып қарады. Өлгі Сағынышы сүйгені болды, ол мені сонымен салыстырып отыр деген ойдың ете қалды миымда.

Орнынан тұрып жүре берді. Мұндай сорақылық болады екен ғой. Енді бұл адамның сырын білу үшін, тағы бір жыл күтуім керек пе? Артынан тұра жүгірдім.

– Ағатай, тоқтаңызшы!

Ол қарар емес. Жолдың арғы бетіне шығып үлгерді. Мен де қалмадым. Орталықтағы «Сакартвелло» мейрамханасына кірді. Ізін ала мен де бас сұқтым. Шеткерек тұрған үстелдің бірінен орын алыпты. Тұра өзіне қарама-қарсы келіп отырған мені аңғарғысы да келмеді. Тапсырыс беріп үлгерген. Даяшы бір стақан су, бір стақан сүт құйып алып келіпті. Енді не істер екен? Ол іштей күбірлеп біраз отырды. Бір сәтте маған қарап тіл қатты:

– Кім екеніңді білгім келмейді. Сен менің жадымдағыны жаңғыртқалы отырсың ғой? Мен үнсіз қалдым. Сөйлеудің ретін таппағам.

Менің жауабымды күтпестен ары қарай сөйлегісі келген, іркіліп қалды. Бір сәтте көзінің тостағанына жас толып, қарашығы ұлғайып шыға келді. Мен сілейген қалпы отырмын.

– Жасым жиырма сегізде, – деді де бір қойды. Алдымда отырған жігіттің шынында менімен жасты екеніне сенбей, егделенген жүзінен өмір іздедім. Ары қарай тағы үнсіздік. Ол бірінші сүтті сіміріп салды. Көзін жұмып біраз отырды. Суды қолына алды. Іштей дұға еткендей күбірледі де оны да сіміріп салды. Орнынан тұрып жүре берді. Мен тағы соңынан қалмай еріп келем.

Бір-біріне басын сүйеп тұрған қос ғашықтың ескерткішіне қарай беттедік.

– Бұл сыр өзіммен бірге кетпейтінін білгем. Соңымнан қалмай еріп келесің... ыһым. Ыһы, ыһы, – деп сөзінің соңын аяқтамай жөтеліп ала жөнелді. Қып-қызыл болып булығып барып басылды. Шыдамдылық таныттым. Ішкі әуестік қана менің төзімімді түлетіп отырған. Әйтпесе...

– Әйтпесе... – деп қалды менің бейтаныс досым. Мен ойымды оқыды ма деп дір ете қалып, жалт қарадым.

– Әйтпесе, әлдеқашан өлетін едім ғой мен де, – деп

күбірлеп кетті... Менімен жасты болса да тым нәзік еді. Шашы сұйық, көзі боталап тұратын. Оның жүзіне үңіле:

– Ол қайда? – дегенмін мен ойын жұтпасын деп.

– Ол Аспанда, бізге күлімдеп қарап тұр.

Тұрып кетуге ниеттенгем. Мынау есі дұрыс адам болмады деп ойлап үлгердім.

– Сол сөзді бекер айттың ғой, сен! Денемді дір етті, ой оқитын адам ба? Бетіне қарасам ескерткішке қарап отыр. Уһ, дедім.

– Мен енді сені осы ескерткіштің жанына келгенде тапқандай боламын. Біз бірге жүрген жер, жұтқан ауа, әр көктемде қайта көктейтін гүлдер...бәрі, бәрі сенің көздерің...Тоқташы, сенің көздерің...

Ол маған тіке қараған, көзімді бұрып әкете алмадым, жіпсіз байлағандай.

– Сенің көзің ішкі әлеміңнің бөлек екенін айтады, ал мен басқадан ұқсастық іздедім. Бірақ, онымен салыстыра алмадым.

Танысым орнынан тұрды, аяңдай жүріп, батқан күнге қарай ұзап кетіп бара жатты. Кеудемде сан сұрақ, бірақ бір тылсым мені жібермей ұстап қалды. Соңынан барудың реті жоқ екенін түсіндім. Келесі жылы ол келер ма екен?

Құшақтасып, бір адам болып бітісе тұрған ескерткішке ұзақ қарадым. Оның өмірі осы қос ғашықтың мекенінің ұясы ма екен? Сүйретіле өз мекеніме қайтып келем.

Буырқанған ағысты толқын мені бағытына алып қуып келеді, қуып келеді. Мен қашқым келеді, бірақ аяғымда тұсау бардай сүріне беремін. Қарт Каспийдің толқыны мені жұтса, демім таусылғаны да. Жүрегімдегі алаң көңіл, анамның мені жоқтаған көз жасын теңіздің арнасына сыйдырмай дауылдатты. Жиырма сегіз көктем бірінен соң бірі бүршік атты да, одан кейінгісі бұлыңғыр тартты. Құлағым бітелгендей. Жо-жоқ, мен тағы да көктем көргім келеді деймін, естимісіндер мен көктемімді көремін. Айғайлап келемін. Жүрегімнің қатты қағысы құлағымды ашқандай. Бір сүрініп, бір тіктеліп келе жатқан менің алдымнан биікшынар көрінді. Жанталас, жаңдалбаспен биігіне өрмеледім...

Қара терге түсіп ояндым, жүрегім жиі-жиі соғып кетіпті. Өмірімде теңіз көрмегенмін, тау етегінде өскен маған бұл түс тегін кірмеді. Оянғанымға тәуба дедім, иә менің оянуым керек!

Таңертең ескерткішке бардым. Енді ғана зерделей мұқият қарадым. Төңкерілген қазантастың үстінде құшақтасып, бір дүниеге айналған қос мұңлықтың бейнесі. Қазантастың ортасы қиыспаған күйі қақ бөлінген. Бәлкім, бұл дүниеде қосылмаған тағдырлардың тарихын мүсінші осылай білдіргісі келді ме екен?

– Қызым, сенің түрің таныс болып барады! Бұл жерден жиі көреміз.

Жасы алпыстардан асқан, қара торы ер адам күлімсіреп тұр.

– Сәлеметсіз бе? – дедім қысылғандай күй кешіп.

– Иә, бұл жер жастардың сырласатын мекеніне айналып барады, балам! – деп күбірлеген ол бұрылып, мөп-мөлдір суы тынши жатқан қауызға ойлана қарап тұрып қалды. Ескерткіштің қасынан алыстағым келді. Сол көшенің бойындағы баспалдақпен жотаға өрлеп барамын. Биіктен бәрі кіп-кішкентай болып көрінеді. Біздер адамдар Тәңірдің назарында түймедей ғана дүние болармыз. Мәңгіліктер бар ма? Бәріміз ескерткішке айналармыз, басымызға қойылған кішкентай ғана тас, бұл дүниеде болғанымызды айғақтар. Осы күнге дейін қаншама адам өмір сүрді, кетті. Бірақ, солардың моласы қайда? Тек ұлылардың мазарын ұрпақ сақтап қалды. Ал, қалғанын жер жұтты. Ірі-ірі қалаларымен қоса жоққа айналды. Біздің баратын жеріміз сол, қараңғы қара жердің қойны, жарық дүниеге із қалдыру миллионнан біреудің ғана маңдайына жазылған дүние ма екен? Миымда «Алладан ұзақ ғұмыр емес, мағыналы ғұмыр сұра» деген сөздер қайталана берді.

Бұл жерден кеткім келмеді. Бір құпия, үлкен өмірдің дастаны жатқандай осы арада. Өне, әлгі қария ескерткіштің айналасындағы гүлдердің астын қопсытып, тазалап жүр. Киім киісі жинақы, тап-таза, қарауыл, болмаса тазалаушыға ұқсамайды. Осы қос мұңлық пен мына кісінің арасында байланыс бар ма? Кешегі бейтанысты ол кісі білер ме екен? Төменге қайта түстім.

– Еңбек рәтті болсын!

– Рахмет қызым!

– Сіз мұнда жұмыс істейсіз бе? Жоқ, бұлай сұрамауым керек еді, бірақ кеш, аузымнан шығып кетті.

– Көріп тұрсың ғой, жұмыс істеп жатырмын. Тағы қысылып қалдым.

– Сіз мұнда үнемі келемісіз?

«Бұл жермен қандай байланысыңыз бар?» деп сұрауым керек еді, сауалым басқаша болып шықты. Соңғы гүлдің түбін қопсытып, түбін нығыздады да:

– Мынау гүлдің ерекше түрі. Қызым Гүлжан Қытайдан алып келді. Жаздың күні иісі танауыңды жарып, айналаны әдемілікке бөлейді. Жылда көгереді, – деді. Мына сөзден біраз сырдың ашылайын деп тұрғанын ішім сезіп қуанып кеттім.

– Иә, жазда бұл жер кішігірім иранбаққа айналады. Қаламыздағы ең сұлу жер ғой, – дедім оның сөзін құптай кетіп.

– Мына ескерткіштің авторы кім? – дедім. Негізі «Бұл ескерткіш кімге арналған?» деген сауал тұрды көкейімде.

– Сен ана екі ғашықтың ескерткішін кім салғанын білесің бе? – деді қария бізден жиырма метрдей қашықтықта орналасқан, бір-біріне басын сүйеп, сырласқан күй кешіп орындықта отырған үлкен ескерткішке назарымды аударып. Үнсіз басымды шайқадым. Білмегеніме ұялдым.

– Мына ескерткіштің авторы соның шәкіртінің туындысы деседі.

– Рас айтасыз ба? Екі ескерткіштің арасында бір байланыс бар ма? – деп қалдым.

– Сен кездейсоқтыққа сенесің бе?

– ...

Қария жауабымды күтпеді, екі ескерткішке кезек-кезек қараған күйі:

– Сенетін болсаң, бұны жай ғана кездейсоқтық деп қабылда.

– Демек, сіз бұл ескерткіштердің тарихын жақсы білесіз ғой?

– Иә, сенің бұл жерге жайдан-жай келмейтінін алғаш көргенде-ақ ұққанмын. Бірақ, не сырың бар екенін білмеймін.

– Кездейсоқтық меніңше болмайды. Өмірде себепкер деген бар. Өзімді осы ескерткішпен байланысты сияқты күй кешемін. Тіпті бейтаныс...

Дәл осы сәтте оның қалта телефоны безілдеп қоя берді.

– Әрине Гүлеке, табыстаймын. Өзім де біраз жұмыстарды атқарып тастадым. Иә, иә...

Телефонын өшіріп, қалтасына салды.

– Бұл ескерткіш біздің өміріміздің бір бөлшегі.

Миым ток жүріп өткендей дың ете қалды. Мына ескерткіштегі қыз бен жігіттің бірі бұл кісінің перзенті. «Біздің өміріміздің бір бөлшегі». Телефон соққан әйелі. Қария бұрылып жүре берді. Көзіндегі жасты көрсеткісі келмеді ме екен? Менің де жүйке-жүйем алай-дүлей болып кетті. «Қандай ақымақпын» деп өзімді жазғырдым. Қарияның жүрегін жаралап, есіне алғысы келмейтін дүниелерді қазбалаған жауыздай сезініп, өзімді жек көре бастадым. Кете берді қария. «Кете берсін, сол дұрыс болар».

Сілейіп қанша уақыт тұрғанымды білмеймін... Аспанды бұлт торлап, жауынның ақ тамшылары бетімді кезек-кезек сүйе бастады. Мазасыз миым тамшылардың шыққан жерін анықтағысы келгендей, көкке қарап, алақанымды тосып, айнала бастадым. Мөлдір тамшылар жарыса түсіп, жерге сіңіп кетіп жатыр. Жаңа ғана бар еді, бірақ жоқ. Жинала-жинала шалшық суға айналар, бірақ теңіз болмас.

Көңілім құлазып, су-су болып үйге қайттым. Кешінде ыстығым көтерілді. Апта бойы үйде жатып қалдым. Ойыма нелер оралып, нелер келмеді десеңші. Дәл сол минуттарда жүрегім тоқтап қалатындай азаптандым. Өлсем, әлгі жұмбақ сырды кім шешеді? Бәлкім, қос ғашық маған махаббаттарын жария етуімді аманаттаған болар, сол бейтаныс арқылы. Жо-жоқ, өлмеуім керек деп аласұрдым. Ойымнан жиырма сегіз деген сан кетпей қойды. Екі бейтаныс, ескерткіш те санамда жаңғыра береді...

Күн жылынған, мен жазылып, ескерткішке келдім. Менің барымнан да, жоғымнан да бейхабар тілсіз тас сол күйі тұр

орнында. Тіршіліктің бар екенін білдіргісі келгендей гүлдер бой көтеріп, көктеп қалыпты. Бүгін бұл маңда адам көп сияқты көрінді. Қыдырып жүрген жастар. Сонадайда иіле сәлем салғандай болып тұрған келіншек талдың астында бір-біріне мейірлене қарап жас жұбайлар суретке түсіп жатыр. Ә, бәсе, мыналар соларға ерген топ болды ғой.

Беріректе қыз бен жігіт әңгімелесіп тұр. Кеуделеріне ақ гүл таққан. Сыпайылықпен сызыла басып, бері аяңдады екеуі.

– Өкінішті иә, естүімше мына ескерткіштегі қос ғашық шет елде оқыған екен. Үйленуге келе жатқан жолда ұшақ апатынан қайтыс болыпты, теңізге құлаған, – деді қалыңдықтың құрбысы терең күрсініп алып.

– Несі өкінішті? Бірі кетіп, екіншісі бұл дүниеде қалса нағыз өкініш деп соны айт, – деді күйеу жолдас қызды қоштамай.

– Шын сүйгендер қосылмайды деген осы болар, – қыз да қалысар емес.

– Олардың рухы бірге емес пе? Қаншама ғашықтар олардың рухымен сырласады!

– Сенің сөзіңнің жаны бар шығар, бірақ мен өз позициямда қаламын.

– Шын сүйгендер қосылмайды дегенмен ба? Ол сөзіңді қоштар едім, бірақ біздің бүгінгі отау иелері бір-бірін сүйеді ғой.

– Шынайы махаббатты отау құрумен шатастырып алатынымыз да бар...

– Сен сүйгеніңмен бас құрау ақымақшылық дегің келе ме?

– Жарайды бұл жерді пікірталас алаңына айналдырмай, ғашықтардың жанына барайық, – деп, қалыңдықтың құрбысы күйеу жолдасты қолтықтап жас жұбайлар жаққа аяңдады.

Менің түсім есіме түсті. Менің арпалысым, теңізден қашқан жансауғам дәл сол минутта ажалмен бетпе-бет келген мына ескерткіштегі жандардың күйі болар.

Кездейсоқтыққа сенесің бе? Қария осылай демеп па еді? Бұл кездейсоқтық емес. Ескерткіштегі жазуға назарым ауды.

«ҚР Президенті Н.Назарбаевтың «Болашақ» бағдарламасы бойынша Ұлыбританияның Кардиф университетінің магис-

тратурасында оқып жүрген тараздық Болат Карентаев пен ақтөбелік Айнұр Сүлейманова елге үйленуге келе жатқанда 2005 жылы 23 желтоқсанда Каспийге құлаған ұшақ апатынан қайтыс болды». Көзім бұлдырап кетті. Екеуі түйдей құрдас 1977 жылы туған. Өмірлері жиырма сегіз жастарында қиылған. Менің де жасым жиырма сегізде. «Кездейсоқтық емес!» деп күбірледім. Тамағыма кеп қалған өксікті іркі, бір үлкен тірлікке бел байлағандай бойымды жиып алдым.

Осы күннен бастап, мен тас мүсінге жан бітіргім келді. Оларды қолымда құдірет болса сөйлетер едім-ау...

ЖҰМБАҚ КЕЗДЕСУ

Таңғы бес жарым. Ұйқының төтті кезі. Ал менде ұйқы жоқ. Тараз вокзалындағы сапырылысқан елдің тіршілігіне көз тастап, тағы да ойға беріліп отырмын. Әне, «Қызылорда–Көкшетау» пойызы келіп тоқтады.

– Кешігіп кезіккен біздер кім ек? Дірілдей шыққан дауыс назарымды аударып алды. Ұзын бойлы жігіт ағасы, өзінен біршама жасы кіші қыздың маңдайынан сүйіп жатыр.

– Ағатай, қош болыңыз! – қыздың солқылы басылмаған секілді. Ықылық ата бір ауыз сөзді зорға айтты.

– Әттең, егер маған өмірім қайта берілсе... – жігіт ағасы таусыла.

– Үндемеңіз! – қыз жіңішке, нәзік саусақтарымен оның ернін басты. Ол өмір қайта келмейтінін сезді ме, екеуі үнсіз қалды. Тыныштықты жолсерік бұзды, қызға әлдене деді. Пойыз орнынан қозғалып барады. Жігіт ағасы біраз жерге дейін қол бұлғап жүгіріп барды да, менің көз алдымнан жоғалды. Вокзал үнсіз. Ештеңе болмағандай мелшиеді. Қаншама сырдың, қоштасудың, табысудың күәсі болды екен бұл қарт вокзал. Санам саққа жүгіріп кетті.

– Қызым, мынау келген «Алматы – Ақтөбе» пойызы ма? –

дегенде селк ете қалдым. Жанында кішкентай бала, екі дорба арқалаған әже тұр.

– А, иә... – есіме енді түсті, бұл менің пойызым ғой.

– Иә, әже бұл сол пойыз.

– Алда, пәтшағар жүр кеттік қазір қалып қоямыз, – деген «менің» әжем баланы дедектетіп ала жөнелді. Мен де тұрдым орнымнан.

Жолсерік төсек жабдықтарымды әкеп беріп, билет пен құжаттарымды тексерді. Қарап тұрды да:

– Тараздан бұл вагонға сіз ғана міндіңіз. Шымкентке дейін жалғыз баруыңыз мүмкін, – деп шығып кетті.

Маған бөрібір, жалғыздық серігіме айналған. Ойым бар жалғызсыратпайтын. Жастыққа басымды қойдым. Ұйқым келер емес. Сақырлаған пойыздың рельстері мені Ақтөбеге Айнұрдың туған еліне, мәңгілік қоныс тапқан жеріне әкетіп барады.

«Қобда, Нева суларын сүйіп өскен,

Әсем гүлін құшаққа жиып өскен...» осы бір өлең жолдары санамда жаңғыра берді.

Көз алдымда аққа оранған аққу бейне. Сәукеле арман, ару қыз. Сүйгенімен елге келе жатқан қыз табаны Тараз топырағына тимеді. Бірге кеткен арман, елес болған ғашықтар бейнесі көлбеңдейді. Олардың ескерткішіне жан бітіп бара жатқандай. Ұйқы иіріміне тартып барады...

Алакөлеңке бөлме. Бүгінгі түн еркегі жоқ үйдің есігін ерекше күзетейін дегендей Алатабанда маза жоқ. Сыбыр естілсе арс ете қалып, елегізіп жатыр. Күздің қара суығы да өзінің міндетін орындағысы келгендей бұлттанып тұр. Қарашаның қырбақ қары түсіп үлгерді. Алакөлеңке бөлмеде бір тіршілік иесі бар. Ыңырана дем шығарып, көзін іліндіре алмай, екі жамбасына кезек-кезек аунайды. Бұл Гүлзипа. Жолдасы Аман ауыл шаруашылығының тексеру тобымен бірге алыс аудандардың біріне кеткен. Гүлзипа жолдасының

маңдайынан бір иіскеп, «мен келгенше босанып қалып жүрер ме екенсің?» деп лажсыздан кеткендей күйін есіне алып, күрсініп қойды. Терең демалған Гүлзипа орнынан тұруға ниеттенді. Үш баланы өмірге әкелген ана жүрегі бұл сәбиді де ерекше күтуде. Үлкен ұлы да маған іні керек деп көп қыңқылдайтын. Екі қызы тұлымшағы желбіреп, аналарының қас-қабағына қарап бәйек болады.

Бұл үйде ұйықтамай жатқан тағы бір адам бар. Ол Аманның анасы келінінің уақытын есептеп түн баласына көз ілмей шығып жүр. Бала да жоқ үйде. Немере деген тәтті ғой. Қолындағы баладан үш немере, кіші ұлдан да ұрпақсыз емес. Құдай көпсінбесін адам ұрпағымен мың жасайды ғой, Алла бергеніңе шүкір десе де, келінінің жерік болғанын күтіп жүрген. Келіні ешкімнің ойына келмейтін, әлгі табыла бермейтін, бағасы да удай теңіздің астында жүретін балықтың қара уылдырығын баласына тапқызып, үстемелете жегенде «а, Құдай Ақсарбас» деген. Алдамапты, іші томпая бастағанда көңілі жадырап сала берді. Енді сәтін салса, көзі ілініп барады...

– Апа, апатай! – деген дауыстан оянып кетті. Таң қылаң беріп қалыпты.

– Жарығымнан хабар келді ме? – деп, сақ жатқан әже, орнынан сергек тұрды.

Дереу кіші ұлын шақыртты. Бебеулеген жедел жәрдем балалар босанатын үйге жетті. Өмірге іңгәлап тағы бір перзент келді, балпанақтай ұл. Тұп-тура бес кілә.

Бұл кезде Аман тексеруге кеткен ауданда дабыра болған.

– Оу, тексеруге кім келді? Болат дей ме? Әлгі облыстағы дөкей ме? Ол дүлей табанымыздан таспа тілмесе жарар еді, – деген алақұйын көңілдер дегбірсізденіп отырғанда, бір топ комиссия мүшелерімен Аман кіріп келген. Күткендері көңілдерінен шыққан аудан басшысы мен қосшылары таңертең Аманның сүйінші хабарын естіп «Келіннің аяғынан, қойшының таяғынан» деген мәтелді естеріне алып, құтты болсын айтып жатты.

– Әбеке, осы ұлының атын Болат қойшы, біз Болат келеді деп күтіп жүрсек, бұл дүние есігін ашатын сәбидің дүмпүйі екен

де, –деп аудан басшысы өтініш айтқан. Аман ойланып қалды, өзінің Болат атты туған інісі бар. Мына көпшілік те қолқа салып қояр емес.

– Баланың атымен маңдайына тағдыры жазылады деген бар. Болат деген ат та, біздің Болат та ел азаматы. Шымыр да елгезек болып өссін. Келістім, – деген өзі қуанышын көпшілікпен бөліскен әке.

Гүлзипамен Аман студент кезде танысты. Аман Жамбылдағы технологиялық институтында бесінші курс студенті-тін. Үздік оқып, бес жыл бойы тобының старостасы бола жүріп, спортпен айналысуды да ұмытпайтын жігіт университеттегі көп қыздың арманы еді. Өнерсіз де емес тұғын, баянда ойнап, ән де салатын.

Жиырма бір жасар жігіттің жүрегін дір еткізген оқиға бесінші курстың алғашқы қоңырауында болды. Кішкентай ғана, түп-түзу тірсегін соққан шашын тал бұрым етіп өрген ботакөз қыз «Студент көктеміне» дайындайтын сіз бе? Мен ән айтамын!» деген. Мән бермеген. Тізімге қосып, концертке дайындық жүргізді. Сол балаң бойжеткен сахнаға шығып, сызылта «Қорланды» айтқанда студент жігіттің жүрегі дір ете қалды. Сахнадағы Гүлзипаға қарай берді, қарай берді. Махаббат жүрегіне ұя салды. Бірақ, қалай кездесіп, сезімін білдірудің ретін таппаған.

Махаббатын тұмшалап, іштей тынып жүргенде досы Ордабек:

– Аман, Жаңылды құрбысымен бірге киноға шақырсақ қайтеді? – демесі бар ма.

«Қыз Жібек» фильмі кинотеатрлардың бәрінде жүріп жатқан.

– Қойшы, алдымызда диплом тұр. Дайындалайық, абыройсыз қалармыз, – деген.

– Жаңылдың құрбысы, аты кім еді... Әлгі, «Студент көктемінде» ән салған сүйкімді бойжеткен.

– Кім Қорлан ба? – Аман басын жұлып алды, көздері ойнап шыға келді.

– Иә, иә, сол қыз.

– Жарайды, сергігеніміз де дұрыс шығар...

Досының құпия сырын білетін Ордабек жымып қойып, қолына үкілі домбыраны алып «бір қыз бар Маралдыда... ай» деп ыңылдай жөнелді.

Сол күні кинодан соң Гүлзипаны шығарып салды. Армандаған аруы қасында келеді. Томпиған сұлуы ізетті де, оң-солын ажыратып сөйлейтінін байқады.

– Трагедиямен аяқталғаны өкінішті-ақ, – деді Аман үнсіздікті бұзғысы кеп, бір жағынан көрген күннен бері арманына айналған арудың даусын естімек ниетте.

– «Қыз Жібектің» өзі қазақ әдебиетіндегі трагедиялық жыр емес пе? Оны өзгертем деу режиссер үшін бос әурешілік болар, – қыздың даусы сенімді шықты.

– Білуімше, халық ауыз әдебиетінде бұл жырдың түрлі нұсқасы бар. Бірінде Жібек Шегеге қосылады, – деді Аман да өз ойын іркіп қалмай.

– Неге жай ғана Жібек емес Қыз Жібек? – Гүлзипа сауал қойды.

– Бұл жөнінде ойланбаппын!

– Меніңше фильм режиссерінің шешімі дұрыс. Жібек ешкімге де тиген емес, сондықтан Қыз Жібек күйінде қалды, – қыз өз ойын қоштатқысы келгендей жігітке қараған. Ойланып қалған Аман Гүлзипаның пікірімен басын изеп келіскен сыңай танытты. Шынында, ақылды қыз екен деп қойды. Жүрегі қызға одан сайын жақындай түскендей.

– Сабақ қалай, қиын емес пе? – деді Аман тағы да сөз бастап.

– Оқыған адамға не қиындығы бар! – деп жымиды қыз. Жақсы жауап.

– Өзің қай жақтан боласың? – деді жігіт ақырына дейін сүйіктісін тергеп алайын деген оймен.

– Сарысу ауданынанмын, – Гүлзипа еркелей жауап қатты. Қылықтары күн секілді бойына жылу таратқан Аман бұрын-соңды мұндай бақытты сезінбегендей жатақханаға қайтты.

Сол күннен бері екеуінің жұбы жазылған емес. Гүлзипа сабақты өте жақсы оқиды. Ұяң болса да ақылды. Екеуі үш жылдай достасып жүріп қосылды.

Осы уақыт аралығындағы әдемі сезім, аяулы жақындық, жан дүниелерінің сұлулығы бірге болуға жетеледі. Екеуі де бірге ойлайтын, бір нәрсені жақсы көреді. Бірге күледі, бірге мұңаяды.

Гүлзипаның бала күнінен бергі арманы медицина саласының қызметкері болу еді. Ақ халатын киіп, ауырғандарды емдеу шынында арманға айналды. Алматыға әжесі алыссынып жібермей, Жамбылдағы технология институтына түсуіне тура келді. Алматыға кетсе Аманмен танысу таныспауы неғайбыл еді. Бұл оқиғадан Аман да хабардар, сондықтан үнемі:

– Әжеме рахмет! Сенімен тағдырымды қосуға септік болған сол кісі, – деп жүреді.

* * *

– Апа, анау не?

– «Ол кім?» деп сұрау керек. Ол апа.

Ояндым. Таң атыпты. Маған жас жұбайлар қоныстас болыпты. Екі-үш жасар балалары сұрақ қойып әлек. Орнымнан тұрдым. Жан-жағыма қарап апа іздегем, менен басқа ешкім жоқ. Оған қарап жымыдым.

– Апа, қаншадасың? – деді бала жүзімдегі мейірімді пайдаланып.

– Сіз деп айту керек үлкен адамға, – деп анасы лезде үйретіп жатыр.

– Апа, қаншадасың, Сіз, – деді бала сөзін түзеп.

– 28-демін.

– Қартайып қалыпсыз ғой, – деп таңдайын қақты бала.

– Онысы несі, апа жап-жас қой, олай деме, – деп анасы шыр-пыр болды.

– Сен қаншадасың? – дедім жымып.

– Мен алтыдамын, – деп бес саусағына, екінші қолының бас бармағын қосып көрсетті.

– Әрине, саған қарағанда үлкенмін. Атың кім?

– Арман.

Ата-анасы балаларының бал тіліне мәз болысып күледі. Бір-біріне ынтызарлығы көзқарастарынан, ықыластарынан байқалады. Шынайы махаббаттан өмірге келген бала ақылды болады деуші еді.

Ой жетегіне еріп вагон-мейрамханаға өттім. Біраз газеттерді ала салғанмын, парақтап отырмын. Даяшы келе жатыр, тапсырыс берейін деп сөйлеуге ұмтыла бергем. Ол мені көрмегендей жанымнан өтіп кетіп, артымда отырған адамның қасына барып тоқтады.

– Бір стақан сүт, бір стақан су! Жүрегім тоқтап қала жаздады. Жалт қарадым. Сол. Иә, дәл өзі... Менің бейтанысым. Ол мені байқамайтындай, сол баяғы мұңлы кейіппен, ой тұңғиығына батыпты. Бұрылып қараған күйі:

– Қайдан келесіз? – дедім.

– Сен келе жатқан жақтан.

– Қайда барасыз?

– Сен бара жатқан жаққа.

Мен терең күрсіндім, неге олай еттім өзім де білмеймін. Бейтанысым менің жүйкеммен ойнағысы келіп тұр. Сүті мен суын алып даяшы жетті. Бақылап отырмын, күбірлеген сөздері естілмеді, сіміріп салды кезек-кезек.

Даяшы маған мәзір ұсынды. Ештеңеге зауқым тартпай қалды. Бейтанысыма көз тоқтатып қарағанмын. Мүмкін, қарай бергім келген шығар. Қызыл көйлегі, мойнына салған жұқа қара-қызыл орамалы үйлесім тауып тұр. Ерекше адам. Сыртынан қараған адам төрт құбыласы түгел бақытты жан деп ойлайтындай.

– Сен бақыттысың ба? Көзіме тура қараған, жанары еңменімнен өтті. О, Жаратқан осы бір адам менің ойымды оқитындай үрейленем, кейде.

Үнсіз қалдым.

– Шынайы сүйіп, ол адамды сағынудың өзі бақыт шығар, – дегенмін біраз уақыт өткен соң. Селке ете қалды. Бекер айттым, тағы бүлдірдім.

– Жоқ адамды сағынғаннан ауыры жоқ, түсінесің бе, ол жоқ. Ал мен іздеймін.

– Бәрі уақытша.

– Не қатыгездің, не сезімің жоқ тасжүрексің.

– Мүмкін.

Ол күткен жауап болмаса керек:

– Сенің ғашық болуың қажет, бәлкім сол кезде мейірімің оянар.

– Ол менің қолымда тұрған дүние емес.

– Сен менен үйренесің, сүюді де, сүйгізе білуді де...

Орнынан жылдам көтерілген ол вагоннан шығып бара жатты. Артына мойын бұрып қарамады да.

Не айтпақ болды, ұға алмадым. Соңынан жүгіру бекер. Оның мінезі түсініксіз. Купеме келдім. Ұзын-сонар созылған жазық дала, сарғайған сары аңызақ. Селкеу сезімі сандалған сан тағдырлар. Ұйықтау керек, бәрін ұмыту үшін...

Ескерткіш, бейтаныс, ескерткіштің қасындағы гүл өсіруші. Түсім бе, әлде өңім бе, қолымда қалам, жазып жатқан сияқтымын...

Бұл күні бала Болат үйге көңілсіз кірді.

– Қабағың түсіп кетіпті, ауырып қалмадың ба? – деген анасының сөзіне бірдеңе айтқысы келгендей ұмтылды да іркіліп қалды.

– Не болды құлыным?

– Мұғалімім Ирина, қатты науқас. Мектепке келмегеніне үш күн. Оның дәрісі Қазақстанда табылмай жатыр екен. Сенен өтінішім бар, әкеме айтшы, достарына хабарласып, Ресейден дәріні таптырып берсін!

Гүлзипаның көз алдына сұңғақ бойлы, көзілдірік тағып жүретін орыс келіншек кейпі келді. Тым нәзік мұғалім

өлжуаздығынан адамның жанашырлығын оятатын. Оның дертінің соншалықты қауіпті екенін кім біліпті?

– Жақсылық жасағысы келген жүрегінен ботам. Айтайын.

Кешкі тамақтан соң, Аман теледидар қарап, күндегі әдетінше газеттерді парақтап отырған.

– Әкесі, саған ұлыңның бір өтініші бар екен? Аман таңдана қарады. Жақсы көретін ұлына қажеттінің бәрі бар. Артық-ауыс балалар сияқты қызылды-жасылды дүниеге қызыға бермеуші еді.

– Болат мұғалімінің ауруына алаңдап, саған дәрісін тауып беруін өтінді, – деген Гүлзипаның сөзінен соң Аман бірден телефонның құлағына жармасты.

Шымкент станциясы. Ұйқыдан ояндым. Купеге бір әйел мен ер адам орналасып жатыр. Таңдайы тақылдаған кішкентай бала осы станциядан түссе керек. Тамбурға шықтым.

– Адамдар барды бағалай алмайды?

Бейтанысымның даусы. Қарамадым да. Жанымнан табылатынын білдім бе? Терезеден сары далаға көз тоқтатып қарап тұра бердім.

– Қазір танысудың үлгісі көп. Интернетпен, агентпен адамдар жанына жалау іздеп жатады.

– Махаббаттарын тауып, қосылады ғой, – дедім оған бұрылып қарамаған күйі.

– Ол махаббат емес. Шынайы махаббат деген жаттанды сөз секілді, бірақ түбіне жетіп, балын татып көргендер аз.

– Бақытты болғандар аз дегіңіз келген шығар.

– Иә, қосылғандар аз.

– Шын махаббатты өмірдің күнделікті күйбең тіршілігіне ара-ластырмай, пәк күйінде сақтаған дұрыс болар. Бұл менің сөзім.

– Шын сүйетіндер махаббатын солай қорғайды, – дедім мен оның жауабын күтпей. Ол үнсіз. Біршама уақыт өтті. Артыма бұрылғам, ешкім жоқ. Мен өзіммен өзім тілдесіп сандырақтай бастадым ба? Түсініксіз күй.

Купеге қайта оралдым. Тынымсыз сағаттың соғуы секілді бейтаныс елес сыртылдап санамнан шығар емес. Ойымнан жұлып тастасам ба деп, санам шарқ ұрғанымен, ол менің қолымнан келмейді ме қалай? Ол елесті ойдан алу, сезімді тасқа ұрумен тең, бәлкім... Сезімің өлгенде тірі жүрмін деп айта аласың ба? Бейтанысым осылай деп еді-ау.

Иә, сол бейтаныс көз алдымнан кетер емес. Құдайым-ау, мен оның есімін де білмейді екенмін.

Шынымен осы бір жан өмірде бар ма?

– Ол менің қиялымда бар, өмірде жоқ адам шығар.

Осылай ойлауым мұң екен, қорқып кеттім. Шынымен-ақ, өмірде мен іздеген адам жоқ па? Не деген қорқыныш.

Жарықты кең бөлме. Үлкен терезеден түскен күн сәулесін гүлді перде көлегейлейді. Бөлменің оң жақ қабырғасын тұтас алған теңіздің толқындары суретіне жабыстырыла шеберлікпен орналастырған үлкен аквариум. Бұл хауызға қарасаң құдды теңізде жүргендей күй кешесің. Ондағы Ата балық пен Ана балық мекендерін жұмаққа айналдырғандай. Бұлардың жаратылысы тіпті сұмдық. Теңіздің түбінде жүретін, сирек кездесетін омыртқалылар тобына жатады. Жылына бір рет уылдырық шашады. Уылдырығы жетіліп балыққа айналғанда, ата-анасы жұтып үлгереді. Сондықтан аз.

Болат есіктен алқын-жұлқын кірді. Жанында досы Петя бар. Тіпті, алдынан шыққан анасын қағып кете жаздады.

– Жарығым-ау, не болды?

– Анашым, бүгін менің балықтарымның босанатын күні, жанында болмасақ, ұрығын жеп қояды.

Гүлзипа күліп жіберді.

Баласы өзінің бөлмесін фаунаға айналдырған. Қабырғасының бәрін түрлі өсімдіктермен көмкеріп, дизайнын жасауға да өзі күш салды. Сабақтан келе сала балықтарын тамақтандырып, олардың уылдырық шашатын



кездерін асыға күтіп жүрген. Петя екеуі сол сәтті күтіп, қолдарына саймандарын ұстап, дайындалып отыр.

– Петя, қара, біздің пациенттер босанып жатыр. Дереву қолбаларды дайында!

Ілкімді сәтті Петя да күтіп тұрған, хирургтің көмекшісіндей ұша жөнелді.

– Міне, мынау анасы, босану бөлімінде қалады. Жаңа туған сәбиді бөбектер бөліміне әкетеміз, – деп қолбадағы құйрығы бұлғаңдаған итбалықтарға қарап Болат мәз болды. – Балық қалай туады, солай ұрықты бөліп алып, басқа қолбаға сала қояды.

– Анашым, менің балығымның саны жүзге жетеді. Маған тағы қолба керек, әйтпесе олар сыймай қалар, – деген жүзі қуаныштан нұрланып. Құдды бір күрделі операциядан шыққан хирургтей терлеп те кетіпті. Баласының ыждаһаттылығына тәнті болған Гүлзипа:

– Жарайды, ертең алып келемін, – деп баласының маңдайынан өпті...

– Балық, балық, балық аламыз!

Оянып кеттім. Пойыз «Арал» станциясына келіп тоқтапты. Сыртқа шықтым. Қапырық ауа жаныңды қоярға жер тапқызбайды. «Тассай» газсыз суын алдым. Соншалықты тастай емес. Есіме өзім туып-өскен ауылымдағы Алатаудың бөктеріндегі күркіреп аққан Тассай бұлағы түсті. Алуан алып тастардың үстін тіліп ағатын тау бұлағы суын ішсең тісіңді қақсатады. Сағынып кеткендей болдым. Сағыныш. Түу, тағы бейтаныс есіме түсті. Тұла бойы мұңға толы бейбақты аяғандай болдым. Біраз сергіп алайын деп айналаға көз тастадым. Ерсілі-қарсылы ағылған адам. Бұл жерде бір сәт қараң-құраң толастамайтын секілді. Кенет, кенет көзіме ол шалынды. Вокзалды бетке алып кетіп бара жатқан оның сұлбасын бірден таныдым. Менен тағы алыстап барады. О,

Тәңірім, оны ойлай бастасам, шыға келеді. Шыға келеді де жоқ болады. Артынан тұра жүгіргім келген, бірақ белгісіз күш жібермеді.

Мен күткен бақыт қайсы? Менің тағдырым қайсы? Миыма келген миллион сұрақтың ішінен осы сауалды ғана іріктеп алдым. Өмірімде алғашқы рет сүйгім келді. Өкінгім келді. Ақымақ сұрақтарыма қарсы жауап қататын бейтанысымды сағынып кеттім. Ал ол «Аралда» қалды. Оны тағы көретініме сенімді-сенімсіз күйде жастыққа бас қойдым...

Таңертең Аманның шайын беріп, әдеттегідей жанында отырған Гүлзипа бірдеңе айтқысы келгендей ыңғай танытты. Жарының өз қас-қабағына қарап мазалай бермейтінін білетін отағасы айта бер дегендей басын изеді.

– Әкесі, Болатың Мәскеуге лагерьге баратын болды!

Баласының жақсы оқып, үлгілі жүретінін білетін әкесі бұл хабарға таң қалмады.

– Заттарын дайындап қойған шығарсың.

– Әрине, тек...

– Не болып қалды?

– Оның досы, көршіміз Петяның әке-шешесі жұмыстан қолы босамайды, екеуін бірге Алматыға апарып, ұшаққа салып жіберу керек.

– Оған алаңдама, өзім апарып саламын. Осы кезде Болат та келді. Таңертең ерте тұрып, үстіне костюм-шалбарын киіп, жағасы аппақ қардай көйлегін өзі үтіктеп те алыпты. Күнделікті әдеті осы. Сабақтан келе сала, мектеп формасын ықтияттап іліп, үйге киетін киімдерін киеді. Ал, қосымша сабаққа кететін болса, оған да арнайы киімін дайындап жүргені.

– Мама, мен кеткенде Барысқа жақсылап қараңыз. Ашығып қалмасын!

Ұлының итіне, балықтарына назары ерекше екенін білетін әкесі жымиып алды да:

– Сен кеткен соң, Барысыңды жұмысқа саламыз, – деді.

– Түу, әке, оның жұмысы үй күзету ғой, – деп бұртиды Болат. Ұлының үлкен адамдарша ойлап жүретініне әкесі сүйсініп қалды. Болат Барысты күшік кезінен өзі асырады. Тамағын арнайы өзі дайындап, үсті-басын жуып, оны да тазалыққа үйретті. Барыс та ауыл иттерінің дағдысына салып, көрінген жерге жата кетпейді. Өз ұясы бар, Болат өз қолымен жасаған. Биіктігі бір метрдей кең үйшікті тақтайлар қағып, екі шетіне терезе жасап, шыны да орнатты. Сырлап, ішіне киіз де төседі. Аптасына бір рет үйшікті тазалап отырады. Екеуі алысып ойнағанда Болат пен Барыстың достығына тәнті болмайтын адам жоқ. Енді міне, он күнге тастап кеткісі келмей, қайта-қайта табыстап жатқаны.

* * *

Байқоңыр станциясы. Сыртқа шықтым. Қапастан жарық дүниеге шыққандаймын.

– Нан, жұмыртқа! – деп айғайлаған саудагерлердің даусынан өзге бір тыныштық орнапты. Сонадайда бір ала ит пойыздан мініп-түскен жұртқа жалтақ-жалтақ қарап шоқиып отыр. Иығымнан біреу тартқандай болды. О, Тәңірім, бұл менің бейтанысым болар деп ойлауым сол-ақ еді, жүрегім тарсылдап соғып кетті. Ол мені аңдып жүр ме, неге соңымнан қалмайды деп ойлауым мүң екен, ашуым келді. Ендігі жерде ренішімді жасырудың реті жоқ, бар ойлағанымды жайып саламын. Жалт бұрылдым. Бұрылдым да іркіліп қалдым. Жап-жас талдырмаш қыз:

– Апа, жолға қайнаған картоп пен қуырылған тауық етін алыңыз, – деп жалынғандай жымияды. Бейтанысым болмағанына өкіндім бе, әлде қуандым ба білмеймін.

– Жарайды, маған орап бер, – дедім селсоқ.

Қыз бала жылдам дайындап берді. Ақшасын төлеп, вагоныма бұрылғаным сол еді, ойыма әлгі ит түсті. Бұрылып қарадым. Әлгі жерде шоқиып әлі отыр. Сол орнынан қозғалмапты. Оған

қарай жүрдім. Маған марғау қарап қойды. Күткен адамым сен емес дегендей. Алдына тауық етінің орауын жазып тастадым. Иіскемеді де. Басынан сипап едім, көзіне көзім түсіп кетіп, жүрегім дір ете қалды. Мөлдіреген жас, шарасынан төгілейін деп тұр.

– Байғұс-ай, иең пойызбен кетіп қайта оралмады ма екен? Мәңгілік ештеңе жоқ, – деп күбірлеп кері қайттым.

Пойыз қозғалды. Терезеден қарадым. Іздегенім әлгі ит. Орнында отыр, ескерткіш секілді қозғалмаған күйі қатып қалыпты. Оның тірі екенін білдіретін жалғыз белгі жанары ғана.

* * *

Аман, Гүлзипа, Болат үшеуі әуежайда тұр.

– Мама, мен барған соң қәдімгі ағылшындармен ағылшынша сөйлесетін болдым. Апайымыз үнемі ағылшындардың диалекциясы басқаша болады деп айтып отырады. Мен олармен американдықтарша сөйлесемін.

– Жарайсың, тілің жетсе сөйлесерсің!

Аман мен Гүлзипаға ағылшын астанасы Лондонға жол түсті. Алғыр ұлының болашағынан үміт күтетін әке ұлы Болатты да ала кетуді жөн көрді.

– Мама, сіз мадамсыз, әкем мистер.

Ұшаққа мінгеннен ойымен Лондонға барып үлгерген Болат әр сөзді есіне түсіріп, өзін-өзі дайындауда.

Ұшақтан күтіп алған арнайы топ, бұларды қонақүйге орналастырды.

– Кешке министрліктің адамдарымен кешкі ас ішілетін болды. Кешкі аста ағылшындықтардың бір ерекшелігі тосты көп көтереді.

– Бұл жерлері біздің қазаққа ұқсайды екен, – деп сыбырлады Гүлзипа Аманға.

– Мама, сіз де тост айтасыз ба?

– Әрине, сөз берсе айтуға болады.

– Жақсылап ойланыңыз, ағылшындықтардың көңілінен шығып, түбіне дейін көтеріп қоятын тост болуы керек қой, – деген ұлының



сөзіне Гүлзипа шынында ойланып қалды. Астан соң, дастарханға тәттілер келді. Әдемі отырыстың ортасында Гүлзипа ханым сөз алды.

– Дүниенің кілті әйелде. Қазақ халқы әйелді ана деп құрметтеген. Мен бұл тосты патшайым үшін көтеремін! Ду қол шапалақтаған ағылшындықтар дән риза болып, фужерлерін төңкеріп жатты.

– Менің анам ақылды, – деп Болат анасының бетінен сүйді.

* * *

– Сен мені іздейсің ғой, рас па?

– Бір ғана мақсатпен, кім екеніңізді білгім келеді.

– Кім екенімді өзім білмеймін.

Ол күрсінді. Мен терең тыныстап, демімды сыртқа шығардым.

– Өмірдің мәні неде екенін білесің бе? Басымды шайқадым.

– Мағынасыз өмір сүруде.

– Ал мен ешкім емес болып қалудан қорқамын.

– Сен сүйгеніңнен айрылып қалудан қорыққаның дұрыс.

– Ал егер сүйгенім жоқ болса бұл азаптан ада болармын?

– Онда сен шын бақытсыз адамсың! Сен бақытсыз адамсың, Бақытсызсың! Аласұрып ояндым. Жастығым шылқылдап кетіпті. Тұу, мына бір бейтаныс тіпті түсімде тыныштық бермейтін болды. Аты кім? Өзі шынымен адам ба, әлде елес пе? Мен де есімнен адаспасам жарар еді. Тезірек жетсем екен, жетер жеріме. Ұйықтамауға бел будым. Көршілес жатқан әжем басын көтерді.

– Қызым бастырылып қалдың ба?

– Иә, апа, ұйқым қашты.

– Мына шәйнекке су құйып әкеле қойшы, тарымен баптап шай ішейік. Орнымнан теңселе тұрдым. Жоғарыда жатқан еркек ары қарай аунап түсті де, бір күрсінді.

Ұзына бойы дәлізде өлі тыныштық орнаған. Бас жағынан

бір сәбидің жылаған даусы ғана тіршіліктің бар екеніне хабар береді. Жолсеріктер де қалың ұйқыда.

– Біздің жақта тары салып ішеді шайға. Тоқ жүресің, – деп қарт әже кесесіндегі сүт қатқан қою шайға қасықтап тары салып жатты.

– Тұрмысқа шықтың ба?

– Жоқ.

– Жасың қаншада?

– Жиырма сегіздемін.

– Сенің жасыңда менің сегіз балам болған. Екеуі шетінеп кетті. Қалғаны тірі. Немереме бара жатырмын. Намаз оқиды, сенен бір жас кіші. Ол да үйленбеді. Қыз жоқ дейді. Жүрсіңдер ғой міне пойызда қыдырып! – деген апам менің сапарымды құптамағандай.

– Жұмыс бабымен бара жатырмын апа.

– Ә, жұмыс, жұмыс деп жүріп қалдыңдар. Сен маған әлгі тилфоныңды, әдрісіңді жазып берші. Балама апарып берейін.

– Апа, қажеті қанша?

– Өстесіңдер ғой. Әйтпесе тал шыбықтай бұралған әп-әдемі қыз екенсің.

– Неше жасыңызда тұрмысқа шықтыңыз? – әңгіме ауанын бұрғым келді.

– Он алты жасымда тидім бірінші күйеуіме. Ол біршама жасы үлкен еді. Соғыста қаза тапты. Өмеңгер қайныма қосылып, шүкір ұрпақ өрбіттік.

Екі ұлым Ақтөбеде тұрады. Бір ұлым Қызылордада прокурор (прокурор дегені) дей ме қылмыскер адамдарды соттайтын жұмыста. Қыздарым қияда, шүкір, – деген әженің әңгімесі бір шәйнек шаймен таусылмады. Сөйлеп отыр, сөйлеп отыр, ал мен өз қиялымның жетегінде қалдым.

Тараздағы үлкен мейрамхананың бірінде үйлену тойы болып жатыр. Аман мен Гүлзипа отыр. Бір үстел басында отырған жегжаттар әңгіме-дүкен құрысады.

– Әбеке, сенде ұл бар, бізде қыз бар. Осылардың басын қосып, құдандалы болсақ, жарасар еді, – деп депутат жегжаты Аманға сөз сала қараған.

– Мәке, сенің де қызыңның бойжетіп отырғанын білеміз, бірақ жастар өздері шешкені мақұл, – деп Аман бұра сөйлеген.

– Біздің ұл несі бар екенін, үйлену туралы әңгіме қозғасаң, қашыртады. Оның да үйлі болғанын көргіміз келеді. Әпкелері, «ініміз сүйген ару әлі туылмаған» деп әзілдейді. Кім білсін, сол балаға оқу өтіп кетті ме? – деп Гүлзипа да сыр тартқан.

– Біздің де қызымыз осал емес. Кандидаттығын қорғады биыл, – деп депутаттың әйелі де қалысар түр байқатпады.

Ұлдарына құда түскендей болған мына кісілерге күле қайтқан болатын тойдан.

Ол алыста теріс қарап тұр. Мен өзім оған ұмтыламын, жүрісім өнер емес, аяғымда тұсау бар секілді. Әйтеуір жеттім-ау. Оны бері қараттым, жанарында жас. Жүрегім шошынды. Қолындағы гүлді маған ұстатты да жоқ болды. Не болғаны санамда сақтала алмады.

Кенет қолымдағы ол ұстатқан гүлге көзім түсті. О, тоба, солған гүл. Мен жақсы көретін раушандар солып қалыпты.

Не деген ащы түс. Соңы не болар екен?

Сақырлаған пойыздың рельстерінен өзге дыбыс жоқ.

– Гүлжан әпкетай мен прокуратурада жұмыс істегім келмейді. Алматыдағы әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетін қызыл дипломмен бітіріп келіп, облыста прокурор болып жүрген Болат үлкен әпкесі Гүлжанға бар сырын айтатын.

– Неге? Әлде қиналып жүрсің бе, тәжірибең аз болып.

– Жоқ, бұл жауапкершіліктен қашу емес, жазықсыз жандардың көз жасына қалғым келмейді.

– Әкең біле ме бұл шешіміңді?

– Әкем мені ерекше жақсы көреді. Бірақ оның сезімін пай-

даланып, өз айтқаныммен де жүргім келмейді. Бірақ бұл менің жұмысым емес. Іздегенім басқа.

– Сонда қайтпексің?

– Елордада тұрғым келеді, ата-анамды қолыма алып парыздарын өтесем...

– Болатжан, сен ғашық болып қалған жоқпысың? Сүйгенің сол бас қалада ма?

– Жоқ, әпкетай! Менің жүрегіме шоқ салған қыз әлі кездеспей тұр. Бәлкім бақытым сол жақта болар.

– Маған тоқ етерін айтшы, – деді Гүлжан інісінің ойын толық білгісі келіп.

– Менің шет тілін жақсы білетінімді білесіз. Ақтаудағы халықаралық теңіз сауда порты заңгерлік қызметке шақырып отыр. Жетістікке әкемнің беделімен емес, өз маңдай теріммен жетсем деймін.

– Мынауың төбеде түскендей жайт болды ғой. Сенен жаман прокурор шықпасы анық, – деп Гүлжан інісінің белді неге буып отырғанын әлі де болса түсіне алмай дал.

– Бұл жақта бар мүмкіндігімді шектеймін. Шет тілін меңгердім, соны тәжірибеде пайдаланғым келеді.

– Алтыным, ол жұмыс та жеңіл деп кім айтты?

– Білем, өмірде талапсыз ештеңеге жете алмайсың. Сондықтан мен өмірімді басқа арнаға бұрмақпын.

– Сен тым жақсы прокурор боласың. Әлі де ойланып көрші, – деген қашанда сабырлы Гүлжан.

– Бұл менің әбден пісіп-жетілген ойым.

Тараздың аспанын Ақтау төріне айырбастаған Болат аз уақытта шет елмен біраз келісім-шартқа тұрып үлгерді. Сүйікті ұлының сыртқа кеткеніне басында Аман қапаланса да, әрбір мақтау қағазы, дипломдарын көрсеткен сайын ұлын мақтан етті. Ай сайын келіп тұратын Болатты бәрі асыға күтті. Мейірімді, жомарт ұлды көпшілік күтетініндей бар. Жоққа қарайласып, барға тілеулес болып жүретін Болат өзінде жоқ болса қиналған жанға Гүлжаннан ақша алып беретін. Бақуатты әкесіне салмақ салмай, өз тірлігін жасауды құп көреді. Сол жылы Елордадан

ипотекаға бір бөлмелі үй алғаны туралы қуанышын әпкетайы Гүлжанмен бөлісті.

– Кез келген адамда баспана, жаяу жүрмеуі үшін астында темір тұлпары, үйін жылытып, қазанын қайнатып отыратын жары болса жеткілікті, – деген телефондағы қоңыр даусы әпкесін елжіретті.

– Несиеге машина алдың, мынауың да әжептеуір өсімі бар дүние, ертең қиналып қалып жүрме, – деген ақылына Болат:

– Сол несиеге алған машинамды әкеме сыйлағым келеді, оған қалай қарайсың? – деді.

– Өзің біл, жаным. Тек үлкен қалада қиналып қалма, – деді әпкесі інішегін еркелете сөйлеп. Болаттың бұл ойы жүзеге аспай қалатынын екеуі де білмеді сол кезде...

Болат кабинетінде отыр. Бүгін қатты шаршады. «ҚазМұнайтас» компаниясымен шет елдік фирма арасындағы келіссөз ойдағыдай өтті. Осы кездесу бүкіл күш-жігерін алып қойғандай. Кабинетіне жан досы Арман кіріп келді. Қашанғы көңілді қалпы:

– Бауырым, кабинетінде қамалып әлі отырмысың?

– Ә, Арман қош келдің!

– Сен не мен үшін бүгін маңызды күн екенін ұмыттың ба?

– Не, есіме түсірсеңші?

– Бүгін Динаның үйіне құда түсуге барамын ғой.

– Иә, иә кешір бауырым, мына қағаздарға еніп, өзімді де ұмытып кетіппін.

– Сен маған машинаңды бере тұрамын деп уәде еткенсің. Жеңгеңе сенің машинаңды мініп барайын.

– Әрине, тек мені үйге жеткізіп салшы, шаршап отырмын.

– Оған сөз бар ма? Ал, кеттік.

Болат үйге келе душ қабылдап, ұйқыға жатқан. Түн ортасы ауа телефонының безілдеген даусынан оянды.

– BMW маркалы сіздің машинаңыз ба?

– Иә, – деді ұйқылы-ояу, – Не болып қалды?

– Машинаңызды бүгін кім мініп еді?

Ұйқылы-ояу жатқан Болат Арманға бергенін есіне түсіріп, әл-деқандай жайсыз хабардың болатынын білгендей жүрегі су ете түсті:

– Арман?

– Досыңыз жол апатына ұшырады, қалалық ауруханада жан сақтау бөлімінде...

Телефонды тастай сала, апыл-ғұпыл киіне сыртқа ұмтылды.

Болат ауруханаға жеткенде таң қылаң беріп қалған. Жансақтау бөліміне кіргізбеді. Хаттама толтырып жүрген жол полициясы қызметкері қарсы алды:

– Машина мүлдем жарамай қалған. Оң жақ беті түгел жанып кеткен. Қарсы келе жатқан жеңіл автокөліктің жүргізушісі масаң күйде рульге отырған. Апат соның салдарынан болған. Досыңыздың аман қалуы екіталай.

Болаттың көзіне жас үйірілді. Туған бауырдай қиыспас досы ажал аузында. Тәңірден тілек тіледі. Тура тойының қарсаңында, ендігі тағдыры не болмақ?

Болаттың уайымы орынсыз емес еді. Кеше ғана өмірге үлкен үмітпен қараған соқталдай жігіт бүгін екі дүниенің ортасында жатыр. Өмір деген қандай өкініш. Тек бір үміт, бір үміт қана үзілмей тұр... Арман ауруханада көп жатты. Бір жақ беті, денесімен түгел күйген. Операцияның неше түрінен өтті.

– Уайымдама, бәрі жақсы болады, – деп досын қуаттандырып алды.

– Болат менің жағдайым мынау, сенің машинанды төлей аламын ба, алмаймын ба... – деп, көзіне жас үйірілген досы иегі кемсеңдеп кетті.

– Арман сен маған қарызбын деп ойлама. Бұл Құдайдың ісі. Тек сауығып кетші, әлі-ақ тойыңда ән салатын боламыз.

– Бауырым, қайдағы той? Дина менің мына түрімді көргісі келмей ме, ат ізін салмады... – досының жанарының тостағаны суға толып шыға келді.

– Қайғырма, Динамен өзім сөйлесемін, той көйлегімен алдыңа жетектеп келемін, – деп Болат досын жұбатты.

Болат бір шешімге келгендей палатадан асығыс шықты... Дина жүдеп қалыпты.

– Қалың қалай? – деді Болат.

– Көріп тұрсың ғой халімді. Тағдыр бұлай қатал қарайды деп ойламаппын.

– Бұл саған келген сынақ шығар, ал сен тағдырыңнан тұра қашқың келеді, – деді Болат өкпелі күйде.

– Енді қайтем, мүгедек жанмен өмірімді қалай байланыстырамын?

– Сендердің махаббаттарың көпке үлгі емес пе еді? Арманның орнында сен болсаң, ол қандай шешім қабылдар еді? Осыны ойладың ба?

– Олай болмаған соң ойландың не, ойланбадың не?

– Арманды тастап, бақытты боламын деп ойлайсың ба? Ол сенің жүрегіңде өмір бойы жазылып тұрады ғой. Себебі, Арман сенің махаббатың, өткен өміріңдегі естелік. Жарайды, естелік болып қалса, қанекей? Сен оны сүймейді деп ойламаймын.

Болаттың сөзі Динаның жүрегін қозғап өтті.

– Жағдайы қалай?

– Жағдайы жаман емес. Сен барсаң, тіпті оңалып кетер еді.

– Сен болмасаң, Арманды бақытты ететін жан табылады, бірақ сен өкініп қалма! – соңғы сөзін айтқан Болат тұрды да жүре берді. Шешімді шығаруды Динаның өзіне қалдырды. Оның жанарындағы жас қимастықты білдіріп тұрғанын түсінді.

Ертеңіне маңызды жиналыстан шыққан Болаттың телефоны безілдеді. Арман екен.

– Досым қалайсың?

– Өзің жақсымысың бауырым?

– Дина келді.

– Бәрекелді, ол келуге тиіс еді ғой, несіне таңданамын!

– Саған рахмет!

АҚ ЖАУЛЫҚ АРМАН

Ақтөбеге жеттім. Пойыздан мүжіліп түстім. Ақырын жүріп, машина шоғырланған жерге жеттім. Тараздың көкпеңбек желегіне үйренген мен тал-дарағы аз, сахараға орналасқан қалаға келгендей күйге түстім.

– Қалай жеттіңіз? – бейтаныстың сұрайтын кезекті сауалы.

– Жақсы, рахмет, – деп ізет жасаған болдым. Бұл сапар маған соншалықты ауыр болатынын сезгендей, жүрегім алабұртып кетті.

– Ақтөбеге бірінші рет келдіңіз бе?

– Иә, сіз қай жерге барушы едіңіз?

– Маған, ммм, – тілімді тістей қойдым. Бейтаныс жігітке қалай түсіндірем?

– Мен Тараздан келдім.

– Оһо, әжептеуір алыс жер ғой. Мұнда не айдап келді сізді?

– Түу, қалай айтсам екен?

– Айта беріңіз көмегім болса аямаймын.

– Осыдан бес жыл бұрын, әуе апатынан қаза болған тараздық жігіттің сүйгені туралы қандай да бір дерек іздеп келдім. Ақтөбенің тумасы.

– Сүлейменовтердің қызы ғой, Айнұр.

– Дәл өзі, – дедім қуанышым қойнымнан ақтарыла.

– Білеміз ол оқиғаны, Сіз құдаша болдыңыз ғой. Мен қазір, оның інісі Саламатты танимын, хабарласа қояйын.

– Рахмет, – дедім күбірлей, мына жігіттің жолыққаны ісімді оңға бұрар деген оймен.

– Саламат, сен вокзалға келе аласың ба? Мұнда бір қыз сендерді іздеп жүр, – деді. Біраз тілдескен соң, «Қазір, жетеді» деді жігіт.

– Тараз әдемі қала шығар?

– Иә, әдемі, Таразды жердің жаннатына айырбастамас едім, – дедім.

– Жап-жасыл, көрікті, таза қала деседі, мұндағылар, – деп өңгімеге тартып барады.

– Иә, онда Айнұрдың келін болып түспегені өкінішті, – дедім, даусым сылбыр шықты ма ол естімегендей сыңай танытты.

– Қазақша әдемі сөйлейсіз.

– Ауылда өскен қазақтың қызымыз ғой, – дедім. Жанымызға қып-қызыл неміс иномаркасы келіп тоқтады.

– Міне, Саламат та жетті. Екеуі амандасып жатыр. Өзім құралпы сары жігіт жымып кеп, сәлемдесті.

– Мен Болаттың елінен келдім. Айнұр туралы білгім келеді.
– Сіз жазушы болдыңыз ғой.
– Иә, олардың аманатын арқалап жүргендеймін, олардың үнін жеткізгім келген...

- Қайда тоқтамақсыз?
- Әлі белгісіз!
- Жүріңіз мен сізді Айгүл апайыма апарайын.
- Ол кім?
- Айнұр екеуіміздің әпкеміз.
- Жақсы.

Бес қабатты үйдің жанына келіп тоқтадық. Лифтімен көтеріліп барамыз. Қабырғадағы түрлі жазулар мені өзіне қарата берді. «Нюра, я люблю тебя!». Бәлкім бір кездері осы лифтімен Айнұр да көтерілген болар. Ауа кеңістігінде жады жоқ. Әйтпесе, тасқа басылғандай қалар еді-ау.

– Өтіңіз, келдік.

Екеуіміз қоңыр былғарымен қапталған үлкен есікке жеттік. Ашық тұр. Саламат хабарлап, айтып қойған секілді. Іштен аппақ әдемі орта жастағы қыз шықты.

– Саламатсыз ба, келіңіз! Көзіне көзім түсіп кеткен, бәлкім Айнұрдың келбетін іздедім ба екен.

– Шай қояйын, шаршап келген боларсыз.

Шай үстінде амандық-саулықтан әрі әңгіме қозғалмады.

– Сіз, біраз жатып демалыңыз. Ертең сізді Саламат ауылға апарады. Сұраулы кейпімді байқаған Айгүл:

– Мен жұмыстарыммен бір жаққа барып келейін. Сосын сөйлесерміз.

Жаттым, ұйқыға кетіп барамын...

Таңертең Саламат, Айгүл үшеуіміз Қобдаға жолға шықтық. Қазақ тарихында батырлығымен әйгіленген Әлия Молдағұлованың туып-өскен жеріне жол түсті. Ой саққа жүгіріп барады. Жолай көзім ілініп кетіпті.

* * *

Гүлжанның телефоны шырылдады. Беймезгіл уақытта бұл кім деп ойлаған. Інісі Болат екен. Телефонды көтерді. Ар жақтан інісінің асығыс сөйлеген даусы естілді.

– Әпкетай, мен «Болашақ» бағдарламасымен Англиядағы Кардиф университетіне оқуға түстім.

– Алтыным-ау, докторлығыңды да қорғадың. Ақтауда табысты жұмысың бар. Жоспарыңда шет елде оқу жоқ еді ғой.

– Әпкетай, бәрін кейін білерсің. Тек ата-анама дұрыстап түсіндіріңізіші. Мен мұхит асып кетіп барам.

– Дың, дың, дың... Телефондағы байланыс үзіліп кетті.

* * *

Мұржаларынан түтіні будақтаған кішкентай ғана ауыл. Батыр қыз Әлияның туған мекені. Жып-жинақы қаздай тізілген мына үйлердің қайсысы Айнұрдың өскен, балаң табанының ізі қалған жер екен деп ойлап келемін. Ауыл ортасындағы көк қақпаға келіп тоқтадық. Іштен шыққан үлкен әйелді көріп, Айнұрдың суреттегі түріне қатты ұқсаттым.

– Жарығым-ау, Айнұр сияқты кіп-кішкентай қыз екенсің ғой, келе қойшы құшағыма алайын, – бұл Шолпан Айнұрдың анасы екен.

– Жүр, жүре қойшы Елемеске барайық, ол да күтіп отыр. Жарығымның есімін жаңғыртатын адамды жазушы дегенге үлкен әйел екен десем, кіп-кішкентай қыз екен ғой, – деп, анасы ай-шайға қаратпай бізді машинаға отырғызды. Ауылдың ортасындағы екі қабатты ауруханаға келдік. Күтіп отырмыз, аз уақыт өтпей іштен ақ халат киген қараторы кісі шықты. Бұл Айнұрдың әкесі Елемес екен. Маңдайымнан өпті. Бәріміз үйге қайттық.

Мені Айнұрдың бөлмесіне орналастырды. Кішкентай бөлме. Қабырғаға Болат пен Айнұрдың құшақтары айқаса түскен үлкен суреті ілінген. Құдды екеуі Тараздағы ескерткіштегідей бір адам бола, бітісе қалыпты. Бір жақ қабырғаны ала Айнұрдың заттары,

суреттері қойылған үлкен шкаф тұр. Көзіме ілінгені тұмар іспеттес, қытайдың темір ақшалары тізілген қызыл жіп. Білекке тағатын болуы керек, қысқарақ көрінді.

Шолпан апай жаныма үлкен альбом әкеліп жайғасты.

– Айнұр тоғыз баланың ішіндегі алтыншы көрген перзентіміз. Әр баланың өз несібесі бар деп, балаларды еңбекке баулып өсірдік. Елемес дәрігер, мен балаларымды бірінен кейін бірін өмірге әкеліп еңбекке көп араласа алмадым.

– Мен сіздерге салмақ түсірмеймін. Қандай жетістікке жетсем де өз күшіммен жасағым келеді, – деуші еді. Қызы туралы Шолпан апай сүйсіне айтып отыр. Бір суретті қолына алды.

– Мұнда Айнұр менің он сегіз жасымдағы кезімнен аумайды. Елемес ерекше жақсы көруші еді. Басқа қыздарым «Папа, сен бізді жақсы көрмейсің!» деп қызғанатын. Сонда Айнұр «Мен маманнан аумаймын, сондықтан мені әкем ерекше көреді» деп қытықтарына тиетін.

Көзі боталаған, аққудың көгілдірігіндей қыздың суретіне ұзақ қарадым. Сұлулық осындай болар, сірә. Еріні, көзі, бет-әлпеті үйлесім тауып орналасыпты, бір мін таппайсың. Қабырғадағы суретке бас көтере қарадым. Екеуі жарасым тауыпты. Күлімсіреп қарайды. «Мен әкемнің сүйіктісімін!» дейтіндей екеуі де.

– Кішкентайынан өте таза жүретін. Ақтөбедегі экономика колледжіне оқуға түсті. Кейін Қазақ американдық университетіне қабылданды. Екі мыңыншы жылы «Таң» телеарнасында жүргізуші болды. Мәскеу қаласындағы «Сеймар» жобасын жүзеге асырушы ретінде тарихта қалды.

Ана ақырын күрсінді.

– Ақтаудағы «ҚазМұнайтас» мұнай компаниясында экономист болып жүргенде Болатпен танысыпты. Сол жылы жазда біз қызымыздың туған күніне бардық. Таңертең күтіп алған қызым бізді қыдыртып, мені дәрігерге апарды. Аяғым бастырмай ауырып жүрген болатын, уайымдамасын деп айтпап едім, әкесі жасырмапты:

– Анашым, мен дәрігерлермен сөйлесіп қойдым. Ертең барамыз. Әлі-ақ футбол ойнайтындай боласың, – деген еді-ау ботам деп. Шолпан апай қызының суретіне сағынышпен қарады. Тоғыз баланы дүниеге әкеліп, таршылықты да, қуанышты да көрген ана жүрегі, асыл перзентін дүниеге әкелгеніне тоба дейтіндей.

– Сол күні туған күні еді, 7 тамыз. Үйге Болат келді. Жиырма сегіз голландық раушаны бар. Айнұрды қатты жақсы көретінін көзқарасы жасырмай тұрды. Бізден қатты ұялды. Көп отырмай кетіп қалды.

Англияға Айнұр оқуға түскен соң, Болат та түсіпті. Жанындай жақсы көрген аруын жалғыз жібергісі келмеген болар деген ой түйдім.

– Мына суретті қарашы, Айнұр «Болашаққа» түсуге құжаттарын тапсырып келген соң, он күндей жанымызда болды. Сонда басынан үнемі орамал тастамады. «Мен тамаша келін боламын, өмірге көп бала әкелемін» деп айта берді.

Суретті қолыма алдым. Елемес пен Шолпанның ортасында, екеуін құшағына ала, басына ақ орамал байлаған Айнұр күлімсірей қарайды. Осы кезде жақсы адамдардың тағдырының баянсыз болғанына налыған көңілімде бір күйініш жүгіріп өткендей болды. Неге олар?

Сол жолы халықаралық BBC телеканалына дикторлыққа конкурстан жеңіп, орыс, ағылшын, қазақ тілдерінде хабар тарататын журналист ретінде жұмысқа қабылданып келіпті. Әлде, шынашақтай қызға көз тиді ме екен? Ойым он саққа бөлінді.

– Қызым уақытын босқа өткізбейтін. Білесің бе, «Форбс» журналының бірінші бетіне суреті де шықты.

Айнұр жан-жақты болып шықты. Әдемілігімен қоса ақылды, өзінің жан сұлулығы мен тән сұлулығын да күткен қыз екені әрбір суреттерінен көрініп тұр.

Альбомды парақтап отырмын. Болат пен Айнұр Англияда, Мәскеуде, аэропортта... Иә, Болат екеуінің аэропортта түскен суреттерін қолыма алдым. Соңғы кадр. Екеуі бір үрейлі сюжет

көргендей жалт қараған секілді. Алаң көңілдері алабұртқан бейнелерінен аңғарылады. Әлде маған солай көрінді ме екен?

Менің ойланып бір суретке тесіле қарағанымнан үнсіздікті бұзғысы келді ма, Шолпан апай орнынан тұрып ілініп тұрған қызыл жіпке тізілген тиындарды қолына алды.

– Бұны Айнұрдың қолынан шешіп алдық. Суға кеткенде денесінде қалған жалғыз зат осы... – деп, ана білезікті аялай ұстап тұрды да маған берді.

– Білесің бе? Егер Алла маған «Бір ғана тілегіңді орындаймын, айт» десе, Болат пен Айнұрды қайтаршы дер едім, – деген ананың сөзі жүрегімдегі лықсып келген затты күшпен итеріп жібергендей болды. Бағанадан бері тамағыма тығылған тастүйін өксік ытқып шықты. Көзімнен аққан жас бетімді жуып, өксіп қоя бердім. Қайтейін, бұл кездесу маған жеңіл тиіп отырған жоқ. Айнұрдың анасы жыламады. Әлде менің алдымда әлсіздік танытпайын деді ме екен. Солқылдап барып басылдым. Альбомдарды жаптым.

– Ертең көрейікші, мен демалайын. Шолпан апай сөзге келмеді. Альбомды суреттерімен қастерлей жинап, шкафқа салды. Маған Айнұрдың диванына төсек салып берді. Шешініп жатқанымша күтіп тұрды. Шамды сөндірерден бұрын төрдегі суретке қарады да:

– Қайырлы түн жандарым, мен ұйықтауға кетіп барамын! Сен де жайлы жат, қызым! – деді маған қарап, мен басымды изедім. Бейтанысты ойладым. Оның сүйгені өмірден өтіп кеткен болар. Ал өзі тірі қалып, беймаза күй кешіп жүр ме? Бұл болжамым расқа шықпағай деп тіледім.

Таңертең Шолпан апай ерте оятты. Айгүл мен Саламат кеше кетіп қалған. Жұмыстағы адамдарды мен де мазалағым келмеді. Айнұр жатқан қорымға кетіп барамыз. Алыстан мәңгілік орнын тапқандардың мекені көзге шалынады. Елемес аға машинасын қорымға жетпей тоқтатты. Ары қарай жаяу бардық. Айнұрдың мәңгілік мекеніне жақындаған сайын жүрегім сазып, әр түрлі ойдың жетегінде жеттім. Қызға қойылған ескерткішті бұрын көргендей болдым. Ортасынан найзағай қақ бөлген қызыл

мәрмәрдің бетіне Айнұрға деген қимастық сөз жазылыпты, ал қара түске суреті ойылып жасалған. Оларға қойылған ескерткіштің астындағы қазантас та қиыспай қақ бөлінген. Тіршілікте өмірлері қиыспады... Беймезгіл ажал әкеткен ару тіпті сұлу көрінді. Шөкімдей топырақтың астында талай арман мен ұлы махаббат жатқанын ойлау қандай ауыр. Әулиеата жерінен, сүйіктісінің мекенінен қарлығаштың қанатындай болып мен жеткенде Айнұр арудың аруағы бір аунаған болар. Мен жыламауға тиіспін, сол махаббатты жеткізуге маған қуат бер. Құран оқылды. Кері қайттық.

Бәріміз үнсізбіз. Айнұр оқыған мектепке соқтық. Дәлізбен жүріп келе жатырмыз. Кабинеттерден мұғалімдердің дауыстары естіледі. Бір кабинет Айнұр мен Болатқа арналыпты. Екеуінің суреттері, жеткен жетістіктері буклеттер болып тізіліпті. Үш терезе, Айнұр отырған көк парта бәрі-бәрі мелшиеді.

* * *

– Егер сен бүгін өлетініңді білсең не істер едің?– деді Айнұр Болатқа.

– Жаным, неге мұндай сұрақ қойдың?

– Жауап берші?

– Менің өмірім сенімен басталады, сенімен аяқталады.

– Білем, тек... – деп сөзінің соңын жұтқан Айнұр, – Үйіңдегілер тойға дайындалып жатқан шығар? Сенің мына келісімшартың болмағанда әлдеқашан Таразда болар едік. Теплоход келгенше қай заман. Ақтауда бірер күн аялдаймыз, одан әрі Шымкентке ұшып, Таразға жетеміз. Қандай ұзақ жол...

* * *

Әп-сәтте әуеден құлаған ұшақты қарт Каспий жұта салды...

* * *

...Аппақ сәуле ойнап тұр. Айгүл жақындаған сайын сәуле де ұлғая түседі. Аппақ есіктің сырты әдемі әшекейленіпті. Тұтқасына қол салған. Тап-тастай екен, бүкіл денесін қарыды.

Ішіне кірді. Төрте екі төсек тұр. Беті аппақ матамен жабылған. Ақырындап жеткен Айгүл матаны жұлып алды. Астындағы төсек табытқа айналды. Арғы жақтан, түкпірден елес көрінді. Бажайлап қарады. Айнұр мен Болат бұған қол бұлғайды... Шошып оянды. Көрген түсінен секемденген Айгүл тұра салып жеті нан пісірді. Май қызып тұрса да наны қызармады. Алаңданып үйіне телефон шалды.

Кіші інісі көтерді тұтқаны, жылап тұр:

– Айгүл әпке, жаңа ғана теледидардан Англиядан келе жатқан екі студент ұшақ апатынан қаза болды деп айтып жатыр. Президенттің өзі көңіл айтты, – деп аңырап тұр.

– Не дейсің? Болат пен Айнұрдан басқа студент жоқ деймісің, бізге хабар жеткен жоқ қой, – деп Айгүл сылқ түсті. Тезірек ата-анасының жанына Қобдаға жетуге асықты. Айгүл келгенде үлкен ағасы Бакуге кеткенін естіді...

* * *

Бүгін қайтатын күнім. Шолпан апай келді менімен қоштасуға. Пойыздың жүруіне бір сағат қалды. Заттарымды жинап болып, Шолпан апайдың жанына келдім.

– Тура Айнұрымдай қыз екенсің. Ол да сенің жасыңда кетті ғой. Тек енді сен бақытты бол қарағым. Ол тірі болғанда сені көрмейтін едім ғой, – деп кемсеңдеп жылады. Мен жұбатудың ретін таппай орнымнан тұра беріп едім, қолымнан ұстап, мені қазір жіберсе мәңгілікке айрылып қалатындай көзінен жас бұршақтады. Анасының даусын естіп, жүгіріп келген Айгүл қолын зорға ажыратты да маған шыға бер дегендей есік жақты көрсетті. Мен кеттім, Айнұрдың елінен Болатқа үлкен сәлемдеме әкеле жатырмын. Ол қосыла алмай ажал айырған қос ғашық туралы естелік.

* * *

Болат пен Айнұрдың денесін Ақтөбеге жеткізген соң, Аман бастаған топ Тараздан Ақтөбеге тартты. Бір-бірін жақсылықта көріп құдандалы боламыз деп отырған екі жаққа да бұл қаза

ауыр соқты. Қабырғалары қақырап сөгілсе де ендігі жерде жастарды соңғы сапарға шығарып салуды ойлаған Аман Елемеске өз ойын айтты.

– Құда, Болат ұлымыз болса Айнұр сүйгені. Екеуі бір-бірін сүйді. Өмірлері бірге қиылды. Енді рұқсат болса, Айнұр мен Болатты бірге жерлейік. Тараз топырағында өмірде қосылмаса да, о дүниеде бірге жатсын, – деген ойын әрең жеткізді. Көзінен жасы бұршақтап отырған Елемес үндемеді. Ауыл ақсақалдарының бірі:

– Әбеке, ата салтымызда, дінімізде үйленіп, некесі қиылмаған жастарды бірге жерлеу жоқ. Сондықтан, біз бұған келісе алмаймыз, – деп кесіп айтты. Аман ұлын табытпен Таразға алып қайтты.

Болат пен Айнұрдың жамбасы бір күнде, бір сағатта туған жерлеріне қойылды.

* * *

Менің пойызым да келіпті. Саламат жол сөмкемді қойды да:

– Жолың болсын жазушы қыз! Қосыла алмай, ғұмырлары қиылған қос ғашық туралы кітабың шыққанда алғашқы автографты маған бересің! – деп жымыып қоштасты да, шығып кетті.

Мен Айнұрдың туған жерін де, ата-анасын, бауырларын да ол тірі болғанда көрмейтін едім-ау деп ойладым. Алдымда тағы да ұзақ жол. Осы сапардан кейін бейтанысым кездессе, оған жылышырай танытатындаймын. Тіпті, жүрегімде бір бүршік жарғандай мейірім ояныпты. Арқаланып, дорбаланып әйел кірді купеге.

– Қызым, қай жерге дейін барасың?

– Таразға.

– Ә, жақсы болды, мына кісі ауырып бара жатыр. Менің ағам еді, шай-пайын дайындап беріп, бас-көз болып бар. Жақсылығың Алладан қайтсын! – деп ер адамды орнына отырғызды. Ыңқылдап әлгі кісі жата кетті.

– Жарайды, – дедім мен. Пойыз жылжи бастады. Телефонымның шылдыраған даусынан оянып кеттім. Бөтен нөмір.

Көтерсем бе, әлде... деп ойланып отырмын. Безектеп қояр емес. Алдым:

– Іздегеніңді таптың ба? Таныс дауыс. Аяқ-қолым дірілдеп қоя берді.

– Жұмбақ шеше аласың ба? Дың, дың етіп байланыс үзілді. Сағатқа қарадым. Он екіден жиырма кетіпті Ақтөбе уақытымен. Бізде он бірден асқан болар. Жұмбақтың шешуін тапқым келді. Ұзақ ойландым. Жұмбақ? Жұмбақтың өзі жоқ қой. Ол мені жындандырғысы келеді. Түске дейін ұйықтаппын. Жолсерік оятты. Қолында бір стақан сүт пен бір стақан су қойылған патносы бар. Сізге беріп жіберді, – дейді.

– Қайдан? – дедім бірден кім жібергенін біліп отырмын.

– Көрші вагонда жатқан жігіт. Міне, жұмбақтың жауабы осы болар. Дереу телефонымды алдым. Кешегі нөмірге қоңырау шалмақпын. Бірақ, телефонымда нөмір сақталмапты. Қалайша мен ештеңе өшірген жоқ едім ғой. Көрші вагонға қарай жүгірдім. Сырғытып есігін аштым. Менің танысым, иә менің танысым теріс қарап бірдеңеге үңіліп отыр. Алдында мальберт. Бір сұлба байқалады. Қарасам сурет. Тараздағы махаббат ескерткішінің суреті.

– Келдің бе? – деді ол мойын бұрмастан. Қазір соңғы штрихын қояйын, – міне дайын болды.

– Сіз суретші ма едіңіз?

– Иә, мен суретшімін, бірақ өз өмірімнің әдемі суретін сала алмадым.

Бері бұрылды. Жо-жоқ, о Тәңірім бұл неткенің? Бұл қай мазағың, қай азабың. Егіліп түстім. Бейтанысым жоқ, басқа адам, мүлдем басқа адам отыр. Кейін қайттым. Маған не болды өзі, ақылымнан адасқан шығармын. Онымен сөйлескім келмеді, тіпті менің қаламдағы, менің ескерткішімнің суретін неге салып отырғанын сұрамадым да.

ЕКІНШІ ЖҰМБАҚ КЕЗДЕСУ

Қолымда кітап. Тас мүсінге айналған ғашықтар хикаясы. Солардың ескерткішінің алдында отырмын. Ескерткіш үнсіз, менің тілім байланғандай. Іштей сырласамын. Есіме осы кітапты жазуыма түрткі болған бейтанысым түсті. Ол қайда екен?

– Саламатсыз ба? Ту сыртымнан шыққан дауысқа селк ете қалдым. Ойпырым-ай осы адам менің ойымды оқитындай. Күлімсіреп, бейтаныс тұр. Ол емес, басқа.

– Қайырлы күн! Көктен түстіңіз бе? – дедім, оны көргеніме қуанғаным жоқ, беймарал кейіп танытып сөйледім.

– Сен үнемі осы жерде отырасың. Біреуді күтесің бе?

– Не? Түсінбедім сізді?

– Сен арқылы өзімді таптым десем сенер ме едің?

Мәссаған, мына жұмбақ адам қазір маған махаббатын мойындағалы тұр ма?

– Иә, мен мойындаймын. Бұл ескерткіш махаббат символына айналғандай.

Мынау да менің ойымды оқитыны күмәнсіз.

– Сіз үнемі осы жерге мамыр айында келетін адамды білесіз бе? – деп сұрадым.

– Ол туралы бәрін білетін сияқтымын.

– Сіз мені аңдыдыңыз ба? – аңқау басым тарс еткізіп ақымақ сұрақ қоя салдым.

– Аңдығаным жоқ. Анау жетінші қабаттың сол жағындағы терезе меніңкі. Сол жерде жұмыс істеймін. Жұмысымнан бөлек бір қызметім бар.

– Ол не? Неге екенін елең ете қалдым.

– Осы жерге көктем шыға келе беретін біреуге қарап отыру.

– Бейтаныс?

– Иә, таныс та бейтаныс.

– Оның кім, қайда екенін білесіз бе?

– Мен емес өзіңіз де білесіз ғой оны.

– Иә, білемін. Түсініксіз, жұмбақ кейіпкер...

– Ха-ха-ха, сіз өзіңізді жұмбақ жанға балап отырсыз. Сірә, тегін адам емессіз-ау. Өзім де сезіп едім.

– Не? Мен?

– Иә, сіздің өзіңіз.

– Сіз мені түсінбедіңіз. Мені ешкім түсінбейді деп айтып қала жаздап, тілімді тістедім. Орнымнан тұрып, кетуге ыңғайландым.

– Менің атым Нұрым.

– Бақытты болыңыз!

– Иә мен міндетті түрде бақытты боламын.

Осылай болатынын сезгенмін. Менің жандүнием кімге тәуелді болған? Үнсізбін. Ескерткіш те үнсіз. Үйге жеткенше жылап келдім.

Түнде оны түсімде тағы көрдім. Алыста теріс қарап тұр. Мен өзім оған ұмтыламын, жүрісім өнер емес, аяғымда тұсау бар секілді. Әйтеуір жеттім-ау. Оны бері қараттым, жанарында жас. Жүрегім шошынды. Қолындағы гүлді маған ұстатты да жоқ болды. Не болғаны санамда сақтала алмады.

Ол неге маған сүюді, сүйікті бола білуді үйретемін деді де жоқ болды? Соған түсіне алмай далмын.

Ертемен жұмысқа келдім. Ұйқысы қанбаған адамдай денем дел-сал. Көзімнің асты көлдіреп ісіп, түрімнің шаршаңқы болып тұрғаны аян. Оны бастығымның көзқарасынан білдім. Түрің әдемі болып тұрса, рахаттана қарайтын бастығым әдемілікті сүйетін жан. Менің махаббатқа шөлдеп жүргенімнен бейхабар. Кабинетіме кірдім. Неге екенін Нұрым туралы ойладым. Бейтаныс пен екеуінің арасында бір байланыс бар ма екен? Есік тықылдады.

– Кіріңіз! – дедім. Дәл бұл уақытта ешкімді күтпегендіктен есіктің ар жағында кім екенін болжай алмадым. Есік ашылып:

– Сәлем! – деген таныс дауыс саңқ етті. Қуанғаным белгісіз басымды жұлып алдым. Қарасам Нұрым.

– Саған шақырту әкелдім.

Қарап шықтым, тегімді қате жазыпты.

– Не деген сауатсыздық. Қашанғы осылай қате жазылады

менің тегім, – деп жігіттің алдына лақтырып жібердім. Ол сабырлы қалпы:

– Мен сені осыншалық оспадар деп ойламаппын! – деп шығып кетті. Өне, тағы бір адамды ренжіттім, өз көңіл күйімнің уын басқаға шаштым.

Күні бойы құр отырдым. Жазуға бейіл жоқ. Үйге ертерек қайтқым келді. Етегі қиық ақ плащымды кие салып, жаяулатып шықтым. Жаңбыр төпеп тұр. Осы жауынмен бірге көңілімнің кірбіңі жуылып кетсін деп кімге ерегіскенім белгісіз, келе жатырмын.

Ойыммен алысып қос ескерткіштің алдына жеткенімде кілт тоқтадым. Ескерткіштің үстінен аққан су сел болғандай ағады. Бәлкім, бұл қос мұңлықтың көз жасы ма екен? Мен егіліп кеттім. Себебі сырласатын, мұңдасатын бейтанысым жоқ. Енді ол да мына ескерткіштің қос иесі секілді қайтып оралмас...

Тісім тісіме тимей дірілдеп барамын. Басым айналғандай...

– Сен мықтап қателестің!

Басымды әзер көтергенмін. Бейтанысым тұр. Түу, ол менің ойымды оқиды.

– Сені сүйетін, сені бақытты ететін адамың тура қасыңда жүр. Ал сен оны байқамайсың...

Түсінбей қалдым.

– Менің өмірім осы ескерткішпен біте қайнасқан. Ал ескерткішке келетін сан тараулы тағдырларға тек жақсылық тілеумен жүретін махаббаттың жебеушісі ғанамын. Ал сен өз уәденді орындадың. Ендігі жерде жүрегінді ойла! Жан-жағыңа қара. Қара жан-жағыңа!

Дәл осы сәтте найзағай ойнап, күн күркіреді.

– Бақытыңды осы жерден табасың, – деген бейтаныс бұрылып алып жүре берді.

– Тоқташы, қайда тастап кетіп барасың? Менің сұрақтарым көп еді. Махаббатым, махаббатым қайда екен? Жауап берші, сезімнің періштесі?

Талықсып кеттім. Одан арғысы есімде жоқ. Көзімді ашқанда жып-жылы бөлмеде қатар қойылған үш орындықтың үстінде

жатыр екенмін. Үстімде ер адамның пиджагы. Жанымда күлімсіреп Нұрым отыр. Көзімді ашқанымды көріп қуанғаны болса керек:

– Тұу, ақылыңнан алжастың ба? Бір қарағанымда жоқ сияқты едің, кеңсеге барып келсем ескерткіштің жанында, су-су болып сілейіп тұрсың. Киіне салып жеткенімде, мені күтіп тұрғандай қолыма сұлқ құлап түстің.

– Сен менің жанымнан ешкімді көрмедің бе?

– Жоқ сен жалғыз өзіңмен өзің тұрдың. Тіпті, сені де ескерткіш деп ойлап қалар едім, егер танымасам.

– Рахмет, мен сол жерде өлуім керек еді, – дедім тістене.

– Сен қызық адам екенсің, өзіңді өзің өлтіргелі жүрмісің? Кел екеуіміз тамақтанып алайық, жұмыстан кеш қайтатын күні анам сорпа жасап беріп жібереді. Оһо, анамның сорпасына жететін тағам дүние жүзінің мен деген мейрамханасында жоқ шығар, – деген Нұрым екі шыны ыдысқа сорпаны бөліп құйды. Тәтті иіс танауымды жарып, тәбетім ашылды. Орнымнан әзер тұрдым. Қолым дірілдеп кетті. Ол ептілікпен қасықты алып, ерніме сорпаны тосты. Бір ұрттап едім, дүние дөңгеленіп сала берді.

– Байғұсым-ай, – деген Нұрымның даусынан әлдебір жақындықты сезініп, көңілім босап кетті.

– Мен үйге қайтайын!

– Тоқта, өзім апарып саламын, мына түріңмен бір жерде құлап қаларсың!

– Менің үйім мына қарама-қарсы тұр ғой. Өзім-ақ барамын.

– Қарсыласпа!

Сыртта жауын басылыпты. Көшеде екеуімізден басқа жан жоқ. Нұрым соңымнан ілесіп келеді. Бір сәтте:

– Сағыныш, сенен өтінемін. «Біртүрлі» болмашы. Сен расында мұндай адам емессің ғой, – деді. Мен оның не айтпақ болғанын түсіндім. Ол мені бәрібір, ешқашан түсіне алмас.

Жұмыстан бүгін де салбырап қайттым. Тереземнен ескерткішке қарадым. Ары-бері өткендер болмаса, көзге ілінетін ешкім жоқ. Нұрымның терезесіне қарадым. Қап-

қара. Бұл уақытта кештетіп жұмыста отырушы еді. Жоғалған бейтанысыммен бірге ол да кеткендей. Өткендегі оқиғадан кейін көрмедім. Мүмкін басқа жұмысқа ауысып кетті ме екен? Неге мен оны ойлауым керек. Әлде өмірімде болғаны үшін бе. Иә, өмірімнің бір-екі жолына жазылды. Оның бүкіл парақтарға толғанын көргім келді ма? Жүрегім сазып кетті. Жалғыздықтан шаршадым. Ойым маған серік бола алмады. Төсегіме жаттым. Көзім ілініп кеткен екен телефонымның шырылы оятты. Еріне көтердім.

– Сағыныш қалың қалай?

– Нұрым сен бе? Жақсымын! Ол болғанына қуанып кеттім.

– Хабарласпағалы біраз болды. Демалыста болдым.

– Сенбі күні не істейсің?

– Ештеңе.

– Екеуіміз киноға барайықшы.

– Жарайды, – дедім аңқылдаған құтқарушымның көңілін қалдырғым келмей. Киноны жаратпайтыным белгілі ғой.

Сенбі күні келді Нұрым. Оның машина айдайтынын білмеппін. Әдемі әтірінің иісі желпіп өтті. Тоқта, тоқта бұл менің бейтанысымның, иә бейтанысымның иісі ғой.

– Қайда барамыз?

– Өзің білші, – дедім селсоқ. Маған бәрібір еді. Көңілім құла-зып кетті.

– Күн ұзақ отыра беріп шаршайсың. Жексенбі сайын басынға барамын, – деді Нұрым фильмнен кейін кафетерийге кіргенімізде. Ыстық кофені құшырлана иіскеп. Мен де ыстық кофенің иісін жақсы көремін. Бұнысы ұнап кетті.

– Суды жек көремін! – дедім жақтырмай. – Су ажал.

– Қой сен мұндай пікірге қалай келіп жүрсің? Су көп ауруға мың да бір ем, – деді Нұрым. Біраз уақыт менен көз алмай отырды да:

– Мен сені осындай кезінде жек көріп кетемін. Бірақ, ішкі дүниен оңдай емес қой. Ішкі меніңді ашшы, өтінемін, – деді.

– Жарайды, қайтайық, – дедім мен оның көзқарасынан ыңғайсызданып. Үнсіз орнымыздан тұрдық.



ЭПИЛОГ ОРНЫНА

Бүгін кешке Астанаға ұшамын. Іссапар, бір ғана күнге. Пойызбен жүргенге уақыт жоқ. Амалсыздан ұшаққа билет алдым. Жүрегім алабұртып барады, аэропортқа көңілсіз жеттім. Телефоным шырылдады. Нұрым.

– Кетіп барасың ба?

– Иә!

– Жылы киініп Ал ол жақта салқын.

– Рахмет, – менің жауабым да салқын болды.

– Хабарласармын, өзінді ойлайтын бір адам бар екенін ұмытпа, – деді. Мына сөзден кейін жаным рахаттанды. Манағы бергі қорқынышым сейіліп, қанаттанып міндім ұшаққа.

Ұшақ ақырындап көкке көтерілді. Жер беті, анау тұрған менің ескерткішім, бәрі-бәрі түймедей болып қалып барады. Көзім ілініп кетіпті. Қолымнан біреу ақырындап түртті. Жанымда отырған жігіт ағасы екен. Ар жағында:

– Сізге кофе әлде шырын ба? – деп стюардесса күлім-сірейді.

– Кофе!

Ұстасаң мыжылатын стақанды қолыма алып құшырлана иіскедім. Тәп-тәтті иіс Нұрымды есіме түсірді. Жанымда сол болғанда ғой деп ойлап үлгердім де, шошып кеттім. Болат пен Айнұрдың тағдырының нүктесін ұшақ қойып еді-ау. Жанымдағы жігіт ағасы қолына бутербродын алып, қомағайлана асайды. Жүрегім айнып кетті. Кофеге зауқым болмай қалды.

– Қорқасыз ба? – деді ол, – Шегедей қатып отырғаныңыздан байқалады.

– Иә, бірінші рет мініп отырмын.

– Бір жолы ауа райы қолайсыз болып, айналып-айналып осында қона алмай, Шымкентке бір-ақ жеттік. Таразға маңызды келісім-шарт жасауға келе жатыр едім. Бәрібір кешіктім, – дейді аузын сүртіп жатып.

– Аман қалғаныңызға қуанбайсыз ба? – дедім жақтырмай. – Жаныңнан қымбат не бар, тәйірі!

– Иә, бүкіл өмірің көз алдыңнан өтеді екен, басқа ешкімді

емес, төрт баламды ойладым, – деді күрсініп.

Сөйлегім келмеді. Есіме жоғалып кеткен бейтанысым түсті. Мына ақша бұлттардың арасынан шығып қалса таңданбаушы едім. Оның соңғы сөздері есіме түсті. «Мен саған сүюді үйретемін!». Неге екенін Нұрымның бейнесі көлбеңдеп кетер емес. «Өзіңді ойлайтын бір адам бар екенін ұмытпа!» деді ғой. Сол түні ол мені көрмегенде ұшақта отырмас па едім? Әрі-сәрі ойдың жетегінде Астанаға жеттім. Ұшақ әуежайға жақындады. «Біртүрлі» жүрегім лоблып, басым айналды. Бұл күйімді көрген көршім «Мықтап ұстаңыз» деп сыбырлады. Жоғарыға қарадым. Айнадай жылтыраған төбеден артқы орындықта отырған баласы бар жұбайлар анық көрінеді. Мазасызданып жылаған нәрестені анасы жұбатып жатыр. Миым дыңылдады. Шырылдаған сәбидің даусы тыншыр емес. Көзімді жұмдым.

Астанада қылаулап қар жауып тұр екен. Жұмысым бітіп, ертеңіне пойызға отырдым. Алаңдаулымын. Нұрым хабарласпады. Неге мен оны іздей бастадым? Телефоным шырылдады. Қуанып кеткем. Ол емес, анам.

Біраз сөйлестік.

Купедегі серігім әйел адам екен:

– Жақсы болды ғой. Әлдеқандай көрші болады деп уайымдап едім.

Жымиып қана қойдым. Жаттым, ұйықтағаным дұрыс болар. Телефоным безілдеп жатыр. «Балқаштың балығынан ала кел!» Хабарлама Нұрымнан екен. Ұшып тұрғанымды білмей қалдым. Жолсерікке жеттім:

– Балқаштан қашан өтеміз?

– Таңғы бесте, – таңданған жолсерік сұраулы кейіппен жауап берді.

– Мен, мен балық алуым керек.

– Жарайды, оят демекпісің? Оятайын. Ол жердің балығы қымбат, жейтін адам да қымбат болды-ау шамасы, – деген жолсеріктің сөзі құлағыма жағып кетті.

– Иә, қымбат, – дегенімде жүрегімде мақтаныштың мәртебелі сәті ойнап кетті.

Купеме келсем, әйел және жоғарыда жатқан жігіт екеуі шай ішейін деп жатыр екен.

– Келіңіз шай ішейік!

– Рахмет, зауқым жоқ. Астананың суығынан тамағым ауырып қалған-ау шамасы, мазам болмай тұр, – дедім.

– Ыстық шай ішсеңіз жазылып кетеді. Жігіт бәйек болып жүр. – Менде лимон бар. Есіме Нұрымның қасықпен берген сорпасы түсті. Жүрегім жылып кетті. Ол жанымда жоқ болса да, ойыма түсе беретіні несі екен.

– Студентсіз бе? – деп жігіт жылышырай қарады.

– Соншалықты жас көрінем бе? Көзіне тура қарағам, ыңғайсызданып қалды.

– Жиырма сегіздемін.

– Мен отыздамын, өзіңіз сияқты бір сұлуды іздеп жүрмін.

– Ал мен іздегенімді таптым. Неге олай жауап бергенімді өзім ұқпай қалдым. Бұл жауабым өзіме ұнағанымен жігітке ұнамады.

– Әһ, үнемі осылай кешігіп жүремін, – деп күрсініп қойды. Ары қарай әңгімеге араласуға құлқы болмады.

Таразға жеттім. Үйіме келдім. Терезеден ескерткішім қарап тұр. Мелшиген қалпы. Шайынып алайын деп жуынатын бөлмеге кірдім. Жарығы күйіп кеткен бе, жанбады. Ақтарып жүріп, жаңа шам тауып алдым. Енді ауыстыру керек. Қуықтай жуынатын бөлменің ішіне үстел түгілі адам зорға сыяды. Екі аяғымды екі жақтағы жақтауына тіреп, ваннаның үстіне шықтым. Шамды мұқият бұрадым, жарық жарқ ете қалды. Сол сәтте аяғым тайып кетіп ашық тұрған есіктен асүйге ұшып түстім. Оңбай құладым-ау, талықсып кетіппін. Қанша уақыт жатқанымды білмеймін. Телефон даусынан есімді жиыппын. Орнымнан тұрсам, оң аяғым ісіп кеткен, бастырмайды. Сүйретіліп жүріп телефонға жеттім.

– Неге телефонды көтермейсің? Жиырма рет қоңырау шалған шығармын, – деген өзімсінген Нұрымның даусын есітіп көңілім босап кетті.

– Менің... мен құлап, аяғым шығып, – деп жылап қоя бердім.

– Қазір жетем, жаным...

САҒЫНДЫМ СЕНІ, KZ!

Университет бітірген жылы жұмысты бір жыл іздедім. Дұрысы өзім іздеген жоқпын әкем іздеді. Оқуды жаңа бітірген, оң-солын танымайтын мен сияқты кішкентай ғана түйіршікті кім көзіне іле қойсын. Сондықтан үйде отырып әкемнің әкелетін жаңалығын күттім. Екі ай дегенде хабар жетті. Әдеттегідей үйге асығыс кірген әкем жаңалығын қысқа қайырды.

– Қыркүйектің жиыrmасында мектепке жұмысқа шығасың.

– Неге мен бірінші қыркүйек күні бармаймын? – деп шар ете қалдым.

Шынында қалыпты мектептерде солай ғой. Жаратылысынан сөзге сараң әкем бұл жолы да көп сөйлемеді.

– Құжаттарыңды апарып өткіз. Жаңадан ашылған мектеп.

Әкемнің сөзі талқыланды, артық сұрақ қою бос әурешілік. Үндемей мекен-жай жазылған бір тілім қағазды қолыма ұстатып ауылға кетті. Шығып бара жатып:

– Уақытылы бар, кешігіп ұятқа қалып жүрме, – деді.

Оның айтқысы келгені басқа еді. Ұятқа қалдырып жүрме!

Ертеңіне айтылған мектепке келдім. Сары-көк ғимараттың жанында бір қылпық жоқ. Есіктің алдына тақтайдай тегіс оюлы тастар төселген. Қоп-қоңыр соңғы үлгідегі пластик терезелерді әлдекімдер жуып жатыр. Ішке кіре бергенде алдымнан орта жастағы әйел шықты.

– Ә, жаңадан келдің бе? Құжаттарыңды өткізген соң жұмысқа кіріс, – деп терезе жуып жатқандарды нұсқады.

Түсінікті. Жиыrmасына дейін мұнда тазалау, сырлау жұмыстары жүреді екен.

«Қабылдау бөлмесі» деген есікке жеттім. Хатшы қыз аяғымнан бастап, басыма дейін сүзіп өтті де:

– Директор жоқ. Қарама-қарсы есікте әйелі отыр. Соған бар!

Жүре жауап берген ол қолына айнасын алып, бетіне опа жаға бастады.

Амалсыздан хатшы нұсқаған есікке беттедім. Ашық тұр екен. Ішінде басына гүлді шәліні дағарадай етіп ораған, қоңыр көйлегінің сыртынан барқыт желетка киген әйел әлдебір қағаздарға шұқшия қарап отыр. Ашық тұрған есікті тықылдаттым:

– Кімсің? – деді ол басын көтеріп.

– Жұмысқа... Құжаттарымды тапсыруға келдім, – дедім үзіп-жұлып. Әйелдің көк көзі өңменімнен өтіп кетті. Дұрыс сөйлей алмай шашалып қалдым. Ауылдың сауыншы әйелдері сияқты киінгенімен, сөзі өктем.

– Аты-жөнің кім?

Құжаттарымды қолына ұстаттым. Әйел үстелінің шетінде жатқан қызыл блокнотты ашып, біраз ақтарып отырды. Әлден уақытта киіз кітабынан іздегенін тапқандай бір бетіне шұқшиды:

– Ә, Ердостың адамы екенсің ғой. Хатшы қызға өткіз, – деп қолыма құжаттарымды қайта берді.

Үндемеген күйі шығып, хатшы қызға қайта келдім. Енді байқадым, бір қарыс юбка киген қыз көзінің айналасын түгел қоршап бояп тастапты. Шашының төбесін қысқа етіп қиған, иығынан төгіліп тұр. Бос уақытында сыланып отыратын сылқым ғой деп түйдім. Жасы менімен шамалас қыздың аты Әсел екен.

– Жіберді ма? Өзі осы жердің ханшайымы сияқты. Билеп-төстеп барады. Директорымыздың директор деген аты ғана, – деді жақтырмай.

Кім туралы айтқаны белгілі.

– Дипломың бар екен, – деп ернін тұштитты. – Мен үш жылдан кейін аламын. Информатика, – деп қойды. Дипломымды одан бұрын алғаным кінәлағандай тыржиды. Қылықтары жасанды.

– Жеке парақшаға жиырма теңге, – деді Әсел. – Құжаттарыңды реттегенім үшін маған жиырма теңге бересің.

– Сабақ қаншасы басталады? – деп сұрадым елу теңгені беріп жатып. Қызметі ақылы хатшыны бірінші рет көруім.

– Қазір оқушыларды, мұғалімдерді қабылдау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Енді бір айда басталып қалар.

Бір жыл күткен шыдамымыз, бір айға жетер деп кері бұрылдым.

Қыркүйектің аяғында деген жұмысыма желтоқсанның басында бір-ақ шықтым. Осы уақыт аралығында әкеме күнде қоңырау шаламын:

– Қашан?

– Күт!

Таңертеңнен кешке дейін ұйқыны қандырып, теледидар көру ермегіме айналды. Жалқаулық иығыма жатып алды. Түнімен теледидар қарап, күндіз ұйықтайтын әдетім. Тек тамақ ішу үшін тұрамын. Осындай маңызсыз күндердің бірінде телефон шырылдады. Әсел екен.

– Сені директор шақырады.

Сылбыр киініп мектепке келдім. Кіре бергенде дәлізден тәтті иіс шығады. Асхана төменде болса керек. Оқушылардың абыр-сабырымен мектепке жан кіріп қалыпты.

Әселге келдім. Бас изеп, директордың кабинетін нұсқады. Іштен:

– Кіре бер! – деген дауыс шықты.

Директорды көргенде күліп жібере жаздадым. Кішкентай бойлы, тығыншықтай. Өткендегі шәлі ораған әйелден аумайды. Ерлі-зайыптылар бір-біріне ұқсайды деген рас-ау.

– Сағат бөліп қойдық. Арша әпкеңе бар, сол біледі, – деп көзділдірігінің үстінен қарады директор. Өзінің қарамағында жұмыс істейтін мені бір көру үшін ғана шақырған сияқты.

Арша әпкемнің сықпыты түзеліп қалыпты. Драптан тігілген костюм-юбкасы өзіне қонымсыз көрінді. Маған таныс қызыл блокнотты ашып, парақтап отырды.

– Тоғыз сағат, үйірме, – деді.

– Не үйірме, жоспары бар ма? Бағыт-бағдар кім береді?

– Айналайын, бұл жаңадан ашылған мектеп. Сен сағаттың табылғанына қуансаңшы.

– Маған толық жүктемемен жұмыс істейсің деп айтты ғой.

– Кім айтты? – деген Арша әпкейімнің көзі шытынап шыға келді. Өзім именіп қалдым.

– Ердос аға, – дедім өзінен естіген ағамды айта салдым.

– Ә, кішкене шыда! Ыңғайын келтіреміз, – деді лезде жібіп.

Бір ай бос жүрдім. Бағыт беретін адам табылмады, менің жұмыста жүрген-жүрмегенімді тексеретін ешкім байқалмады. Бір мезгіл мектепке келіп мұғалімдер бөлмесінде отырып-отырып кетемін. Тіпті, жоспар жасап отырған қыздарға қарасам ішім күйетін болды. Өзіммен бірге оқыған Салтанат пен Гүлдара осында екен. Журналдарын көтеріп кабинетке кіріп бара жатады. Екеуі ілдебайланып жүріп бітірген болатын университетті. Ал мен күндіз-түні кітап жастанып жүріп қызыл диплом алған адаммын. Жұмысқа келіп-кететін директордың басшы екенін орынбасары Арина ғана есімізге түсіреді. Үнемі «Тасқын Тайқиевич, керемет адам. Адамгершілігі мықты. О, түсінігін айтсаңшы» деп отырады. Оның сөзінен біз директордың образын көрген боламыз. Бұлай жүре бергенім жарамайтынын түсініп «Шешендік өнер» үйірмесін ашайын деген ұсыныспен әлгі Аринаға кірдім. Ол жанып түсті.

Екінші тоқсан біткен соң алтыншы сыныптың жетекшісі Әтіркүл сөгіс алды. Бұл уақытта менің абыройым әжептәуір өсіп қалған. Үйірмемде сексен оқушы бар. Бәрі ынталы, қосымша сабақтан қалмай, үнемі мені іздеп жүреді. Осы себеп болды ма, әлде Ердос ағайымның есімі есінде ме әйтеуір бір күні Арша шақырады деген соң кабинетіне бардым.

– Мына Әтіркүлдің сыныбын саған беремін, сағатымен қоса. Бұзық балалар топтасқанын білесің. Жинақта! – деп бұйрық берді.

Жаңадан ашылған мектепке кім жақсы оқушысын жібере қойсын. Әуелгі кезде Әтіркүл түгілі тәжірибелі деген мұғалімдердің өзіне қиын соққаны рас. Оның үстіне Әтіркүлге тигені «Д» сыныбы еді. Әдетте «А», «Ә», «Б» деген сыныптар үздік келеді де әліппидің соңғы жағындағы әріптерді иеленген сыныптар әлсіздеу болады.

Мен сыныбыма кіргенде отыз оқушы орындарында емес, аспанда қалқып жүргендей көрінді. Қатарластарынан кішкентай болып көрінетін бала әжетхананың қағазын тарқатып, бүкіл кабинетті айнала жүгіріп жүр. Партаны, еденді

шұбатыла созылған ақ қағаз жауып қалған. Сәл толықша келген ақсары ұл бала шашын екі бұрым етіп өрген қыздың бетіне айна тосады:

– Қарашы, қарашы маймыл саған қарап тұр, – деп бүкіл сыныпты күлдіргеніне мәз. Менің кіріп келгенімді байқағанымен балалар үстемдікті осы бастан алғысы келгендей іс-әрекеттерін тоқтатар емес. Мына сурет жұмысыма деген құлшынысымды іркіп қалғандай болды. Өз-өзіме тез келдім де:

– Қане, бір минут күтемін! Түгел жинаңдар!

Әлгі кішкентай балаға көзімді тік қададым. Томпаңдап қағаздарды жинап болып орнына барып отырды. Қисық-қисық тістерімен маған қарап ыржияды:

– Атың кім?

– Өмір.

– Әп-әдемі атың бар екен. Ал миың сол атыңа лайық па?

Бала сөзімді өзінше түсінді:

– Әпкей менің миым қановый, – деді.

Сынып ду күлді.

Жымиғым келгенімен өзімді тежедім.

– Сенің атың кім?

– Қайрат, – деп басын төмен салбыратты бала.

– Айнаң қайда?

– ...

– Сол айнаға өзің қарасаң кімді көресің?

Ол ұялып кетті.

– Енді қайталанбайды!

– Сенейін, уәдеде нағыз жігіттер ғана тұрады.

Қайрат басын шұлғи берді.

Журналды қолыма алып, түгендеп шықтым.

– Мен сендердің сынып жетекшілеріңмін.

– Біздің Әтіркүл әпкейіміз қайда? Сол кісі жақсы еді, ұрыспайтын, – деп Өмір саңқ ете қалды. Түсінікті. Осы сыныптың атаманы өзі болды.

– Әтіркүл әпкейлерің сендерге ренжіп кетті. Ол тәртіпті сыныпқа сабақ береді, – дедім.

Осы сәтте қоңырау соғылды. Бағанадан бері тырп етпей отырған сынып тыпырлай бастады.

– Қоңырау сендерге емес, мұғалімге соғылды, – дедім оларды сабырға шақырып. Осы кезде кабинетке ұзын бойлы, шашы қысқа қыз кірді.

– Раушан әпкей, – деп бәрі шу ете түсті.

Мұғалімге деген оқушылардың ыстық ықыласын байқамау мүмкін емес еді.

– Сен жаңа сынып жетекшісі боларсың? Бұлар өте жақсы балалар, – деп маған жаңа сыныбымды мақтай жөнелді ол. Оның сөздері байқаймын балаларға жағып барады.

– Раушан, – деп қолын ұсынды. – Тарихтан сабақ беремін.

Мен Раушанмен осылай таныстым.

Алты сабақтан соң сыныбыма кірсем Ермек жоқ. Топ басшы Қарлығаштан сұраймын, ол төмен қарайды. Жетекшілік тәжірибемдегі бірінші оқыс оқиға мені қатты алаңдатты. Мұндай жағдайда не істеу керектігін білмейтінмін. Қайрат пен Ермек қаламсапқа таласып, шекісіп қалады. Ермекке Қайрат отыратын орындықты лақтырып жібереді. Қайратты батыр санаған оқушылардың мазағы Ермекті намыстандырып, шыға жөнелген. Абырой болғанда еш жері зақымданбапты. Сол күйі соңғы сабақ математикаға қатыспаған.

– Неге маған ертерек айтпадың? – деп Қарлығашқа ашуландым.

– Апай, сізді таппадым, – дейді ол төмен тұқырып.

Жүгіре көшеге шықтым. Жанұшыра бүкіл үйдің ауласын қарап, әр подъезді аралап жүрмін. Ермегім үшті-күйлі жоқ. Қорқайын дедім. Кім біледі кішкентай бала неге ұрынарын. Алдында ғана жоғары сыныптың бір оқушысы мұғалімнің ұрысқаны үшін тамырын кесіп ауруханаға түскен. Ермекті таппай мектепке қайта келдім. Қабылдау бөлмесіне барып үйіне телефон шалдым.

– Ермек келген жоқ па?

– Жоқ, не болды?

Анасы болу керек, алаңдаған даусынан байқалды.

Он минутта аяғы ауыр келіншек келді мектепке.

– Құдайым-ау, оның талма ауруы бар еді, бір жерде құлап жатпасын, – деп үрейімді одан сайын алды. Қолымнан келер қайран жоқ, уайымыма Ермектің екіқабат анасы қосылды. Ай-күні жетіп отырған адамға бірдеңе болып қалар ма екен деп уайымдай бастадым. Жарты сағат өтті ме өтпеді ме:

– Апа, – деген дауысқа жалт қарадық. Ермек екен. Жетектеп келген Раушанның қолын босата салып анасына жүгірді.

– Ботам, сонша қорқытқаның не?

Анасының бауырынан шыққан Ермек мені енді көрді.

– Кешіріңіз әпкей, енді Қайратпен төбелеспеймін. Оған түрлі-түсті қарындаштарымды берсем бола ма? – деп анасына қарады.

– Аялдамада отыр екен. Екеуміз біраз сөйлестік, – деп Раушан «үндеме» дегендей ым қақты.

– Бүгін біздің үйге жүр, әңгімелесейік, – деді сол күні ол.

Салынғанына жарты ғасырдан асқан төрт бөлмелі ескі жер үй. Шай қойып келген Раушан отбасылық суреттердің альбомын ұстатты. Ашып қарап отырмын.

– Мынау ағам, әпкем, мынау кіші әпкем. Мамам мен папам.

Көздері қиық, бойлары ұзын емес Раушанның бауырлары беттері томпиып, бір-бірінен аумайды. Ал сұңғақ келген менің құрбым олардан ерекшеленіп тұр.

– Раушан-ау, сен кімге тартқансың, ешкімге ұқсамайсың ғой, – деп айтып қалдым ойымды жасырмай. Күлді де қойды.

– Орыс тіліне судайсың. Ағылшын тілін бір кісідей білетініңді байқадым, – дедім.

– Менің тіл үйренуім оңай. Әйтпесе, мектепте де, университетте жарытып оқығаным шамалы.

– Қайда оқыдың?

– Шымкентте.

– Ол жаққа қалай барып жүрсің?

– Нағашыларымды жағаладым.

Раушан туралы бар білген ақпаратым осы болды.

Сол күні Раушанмен достасып, мойныма 6 «Д» сыныбы деген үлкен жүктеме алып, айлық жалақымның көбейетініне көңілім тоғайып қайттым. Түнімен сыныбымның болашағына жоспар түзеп, таңертең кешірек оянғанмын. Терезенің алдына барып сілейіп қатып қалдым. Алғашында түсім екен деп түсінбей қалдым. Шынында бұл түсім емес, өңім еді. Тереземнің алдындағы автотұрақтағы машиналар аппақ жамылғы жамылыпты. Тіпті, биіктеп кеткендей. Шамамен бір жарым метр қар жауып, қаланы бір түнде басып қалыпты. Көліктер тоқтап, айналаны аққа оранған тыныштық басқан. Қыбыр еткен жан көрінбейді. Табиғаттың тосын мінезіне түсіне алмай, мектепке қалай жетерімді білмей дал болып отырғанда телефон шырылдады. Әкем екен. Табиғаттың тосын құбылысы бұдан алпыс жыл бұрын орын алғанын айтып, үйден шықпауымды бұйырды. Осы әкем қызық, көшеге шықсаң адамдар басып кетеді, адасып кетесің, жоғалтып аласың деп өсірді. Енді міне, есейгенде езу тартқызатын ақылын аяр емес. Онымен сөйлесіп, тұтқаны қоя бергенімде телефон тағы шырылдады.

Хатшы Әсел екен:

– Директор мектепке мұғалімдердің бәрін жина деп айтты. Қар тазалаймыз. Ертерек жет!

– Сен қалай жеттің? – дегенмін Әселдің жұмыста отырғанына таң қалып.

– Үйім мектепке жақын, жалғыз аяқ жолмен жеттік қой, әйтеуір. Айтпақшы, Раушан сенің үй жағыңда тұрады ғой, екеуің бірге келерсің, – деді.

Белден келетін қарды омбылап келеміз. Раушан алда. Оның бойы менен әлдеқайда ұзын, әрі денелі еді. Құдды мені қамқорлығына алған туғанымдай жолымда жатқан қарды таптап, әлсін-әлсін тоқтап күтіп алады.

– Мен үнемі осы жолмен мектепке барып-қайтамын. Ең қысқасы осы. Бір жарым сағат кетеді.

– Сонда таңертең нешеде шығасың?

Маған Раушанның айтқаны өтірік сияқты көрінді.

– Сегіздегі сабаққа алты жарымда шығамын.

Мен оның жолақыға ақшасы болмай жиырма шақырым жерді жаяу жүретінін енді ұқтым. Өзімнің сенбегеніме ұялып кеттім. Байқап келемін, ол бір аяғын сылтып басады. Бірі, екіншісінен қысқарақ көрінді.

– Туу, аяғым ауырып кетті, бір демалып алайықшы, – деп ол отыруға ыңғайланды.

– Отырсақ отырайық, – дедім, қуанып, зорға шыдап келе жатқанмын. Аяғымдағы қысқы етік, тобыққа жететін тон, тоқылған бас киім терлетіп жіберген болатын. Раушанның маған қарағанда жағдайы жақсы сияқты. Жеңіл куртка, жайтабан етік, қара шалбар киіп алыпты. Қар қалың болғанымен күн жылы. Екеуіміз сөмкемізді төсеп, тоқтаған жерімізге отыра кеттік. Жерге жайғасқан соң көк аспаннан басқа дүние көрінбей қалды ақ қардан.

– Аяғым сырқырап кетті, – деп Раушан тізесін уқалай бастады. Маған бір тізесі екіншісінен үлкендеу, әрі жасанды сияқты көрінді. Қателеспеппін:

– Отаға түскен аяқ еді. Тіземнің ұршығы пластмасса, – деді.

Оның айтқанын миым қорытып үлгермеді:

– Алтыншы оқып жүргенде қозы баққаным есімде. Бір күнде тізем ісіп, жатып қалдым. Мамам аяғым шыққан екен деп сынықшыға алып барыпты. Сынықшы жілігімді шығарып, қайта салыпты. Содан аяғым шарадай болып ісіп кетті. Жатып қалдым. Тіпті, ес-түсімнен айрылдым. Папам қалаға дәрігерге алып келген екен, білесің бе не естігенін?

– Дұрыс салмаған ғой, – дедім мен жауап күткен Раушанға қарап. Ол басын шайқап, жымыған болды. Жымыысынан әлдебіреуге деген ызаны байқадым.

– Аяғым шықпапты.

– Сонда не болған?

– Тіземнің буынына бітеу сыздауық шығыпты. Сынықшы жілікті шығарып қайта салғанда әлгі бөле жарылып кеткен.

– Мәссаған, – жүрегім сыздап кетті. – Сосын не болды?

– Сосын жатып қалдым. Ірің ұршығын жеп қойыпты тіземнің, – Раушанның көзінің тостағаны толып қалды.

– Аһ, қателік-ай! Енді қарашы сен... – тілімді тістей қойдым. Айтылмай қалған сөз Раушанның тостағанындағы толып тұрған моншақтарды тізбектетіп сыртқа атып жіберді. Мен әлдене деудің ретін таппадым. Бір жағынан жылап алсын, жеңілденіп қалар деп тұрмын. Раушан есін тез жиды. Жылап тұрып күле салатыны қызық екен:

– Арша апаң қылғынып жатқан шығар!

Мен мырс ете қалдым. Өткеннің өзекті өртер сәттері бүгінгі күннің түйткілді тіршілігін тез басып кетті. Бірақ Раушанның жанарындағы жарқыл мен ойлы нұрдан байқағаным ештеңе ұмытылмайтыны еді. Аппақ қарды омбылап мектепке жеттік. Есіктің алдында директор жоқ, әдеттегідей әйелі Арша қарсы алды бізді. Раушанның сөзі есіме түсіп жымидым.

– Қане қолдарыңа бір-бір күрек алып мына қарды тазалауға кірісіңдер.

Бұл жалғыз бізге берілген бұйрық емес. Суретші Қайрош, спортшы Әли бастаған қыздарға тапсырма.

– Мен күрек ұстамаймын, – дедім ағаш фанерден жасалған жеңіл күрекке қар толғанда қаншалықты ауыр болатынын салмақтап.

– Неге ұстамайсың? Қоғамдық жұмысқа араласпайтын болсаң сенің көк тиынға қажетің жоқ, – деді Арша ашуланып.

– Менің реактивті артрит деген ауруым бар. Ауыр көтеруге болмайды.

– Ауру болсаң «мүгедектік» алып жат үйіңде, жұмыс сенің не теңің?

Мен тістеніп тұрып қалдым. Қолымдағы ағаш күректі Раушан келіп алды:

– Әпкей тазалап тастаймыз ғой, сіз бара беріңізші, – деді де, – Қане, жігіттер, кеттік, – деп қарды күреуге кірісті. Біздің арамыздағы отты ары қарай өршіткісі келмеді ме, әлде менің жүзімдегі ызғардан бір бәлеге қалар деп қорықты ма, әріптестерім жұмысқа кірісіп, жағымсыз сәтті сендей бұзды. Раушанның сөзі әсер етіп, бір жағынан жеңіл шыққан Арша жаурап мектепке кіріп кетті.

Ешкіммен сөйлесуге зауқым соқпай асханаға келдім. Мейлі кім не ойласа оны ойласын, бірақ Аршаның сөзі қанжардан өткір еді. Бір стақан шай алып ішіп отырғанмын, сырттан Раушан кірді.

– Саған да болмайды ғой күрек ұстауға, – дедім мырс етіп. Аршаға деген ызам ытқып шықты.

– Өзі мазасыз екен. Әкімдіктен тазалайтын трактор келіпті. Кешірші, сені ойнап айтты деп айта алмаймын. Рас па? – деді. Құдды бір менің ауруымның диагнозын түсінетін дәрігерше, ертең осы дерттің кесірінен менен айрылып қалатындай қауіптеніп.

– Аурудың ең жаманы, – дедім.

– Аурудың жақсысы бар деймісің?

– Оқу бітірген жылы белімді көтере алмай жатып қалғанмын. Ауылымның дәрігерлері «сарып» деп диагноз қойса, қаланың сәуегейлері «ревматизм» деп бөсті. Жасаған емі қонбады. Дәрі-дәрмектен құлағым керең болып қалды. Сонымен қырғыздарға барып реактивті артрит екенін біліп келдік қой.

– Қол-аяғың балғадай, ауру адамға ұқсамайсың, – деген Раушан күмәнін жасырмады.

– Күтініп жүремін.

– Иә, мен де күтініп жүремін.

Раушан шай алуға кетті.

– Жаза салыңызшы, айлықтан беремін, – дегенін естіп қалдым.

– Мамам қатты ауырып жатыр, соған ақша керек.

Раушан менен ақша сұрап отырған жоқ. Ілдебайлап күн көріп жүретінімді біледі. Оның соншалықты қысылып жаяулатып жүргенінің сырын енді ұққандай болдым.

– Сен Аршаға ренжіме, ол сөйлей береді, бейауыз ғой. Біздің үй жақта тұрады, – деді.

– А, сендер көрші ма едіңдер?

– Мамам сүт сатады ауылда. Аршалар біздің сиырдың сүтін ішеді.

Раушан рахаттанып тұрып күлді. Әлдебір жымысқы ойды ойлағандай кілт тоқтап қалды:

– Бұлай жыныма тие берсе, сүтке қылжитатын дәрі салып жіберемін.

Мені өзімсініп қорғағысы келгені жүрегімді тербеп өтті. Әйтсе де:

– Қой қайдағыны айтпай, – деп самарқау қағып тастадым.

Сол күнгі оқиға Раушан екеумізді тым жақындатып жіберген еді.

Жаңа жылға дайындық қызу жүріп жатқан. Мектептің ұзына бойы дәлізіндегі үлкен терезелерге суретшілер сурет салудамыз. Суретші деп жүргенім сурет пәнінен беретін Қайрош және шығармашылыққа икемі бар-ау деген үш қыз бармыз. Қайрош толықша келген жігіт. Қасы-көзі қап-қара. Үнемі костюм-шалбар киіп жүргенімен ол киімі өзіне жараспайды. Мақталы шалбар киген қойшылар сияқты көрінеді. Соған қарамай өте талантты. Суретшілігімен қоса ағаш шебері-тұғын.

Әр кабинеттен мұғалімдердің шаңқылдаған даусы шыққаны болмаса, өлі тыныштық орнаған. Осы беймаралдықты «сақ» етіп айқара ашылған дәліздің сыртқы есігі бұзды. Ішке құшақ бумен қоса бір әйел кірді. Толықтығы сонша қайтып айналып есікті жапқанша дәліздің іші аңырап кетті. Елгезектік танытқан Қайрош жүгіріп барып есікті жапты.

– Директорларың қайда?

Біз қабылдау бөлмесін көрсеттік. Түрі әлемтапырық әйелдің ашулы екені көрініп тұр.

– Баласын біреу ұрып жіберген шығар, – деді математик Сәуле.

– Мамасы мынадай баланы ұрып жүрген адам ақымақ екен, – деп езу тартты Қайрош.

– Қайрош, сен онымен шығасың ба?

Бұл менің сөзім. Қайрошпен әзілдескім келіп кетті. Ол жымиып қойды. Құдайым-ау, қалай іші пыспайды екен деп ойлады. Мен осылай үндемей жүрсем жарылып өлетін едім.

– Қайда ол, өзін тауып беріңдер! – деген ащы дауысқа бәріміз жалт қарадық.

Директордың кабинетін іздеп жүрген әйел. Арғы жақтан шынашақтай болып Әсел көрінеді:

– Мен қайдан білемін? Мұғалімдерден сұрасаңызшы...

Ол бізге қарай жүрді. Не айтатынын болжай алмай тұрмыз.

– Раушан деген мұғалімді қайдан табамын?

– Тарихшы ма? Мына қыз біледі, құрбысы ғой, – деп Сәуле мені нұсқады.

– Ей, қыз, тыңда мені, – деп әйел маған жақындағанда жүрегім дүрсілдеп кетті. Енді байқадым, мойнында жуандығы білектей алтын алқа. Аузын ашса алтын тістері жарқырайды. Құлағындағы самаурындай сырғасы жалт-жұлт етеді.

– Сенің құрбың менен пайызға ақша алды. Енді не өсімі жоқ, не ақшаның өзі жоқ. Қашқанын қоймаса, екінші аяғын сындырамын, – деді.

Аузымды ашқанымды күтпестен бұрылып алып жүре берді. Сол күні Раушан жұмысқа келмеген еді. Сабақтан шыққан соң бірден үйіне тарттым.

Раушан сары шифоньерді ашып қойып, үлкен ала дорбаға қолына ілінген заттарды тығып жатыр екен. Мына көрініс бір жайсыз жағдайдың болғанынан хабардар ететін сияқты. Тыныштық емес.

– Жездемнің әпкесі үйден қуып жатыр. Күйеуінен ажырасып келіпті.

– Бұл жездеңнің үйі емес па?

Раушаннан әпкесі мен жездесінің бұл үйге біраз ақша жұмсап, жөндегенінен хабарым бар, мен таң қалдым.

– Иә, жөндегіп алып, «кетіңдер!» депті.

– Енді қайда бармақсыңдар?

– Жездем бір үйді тауыпты жалға. Бірақ, ішін жуып-тазалау қажет. Сен маған көмектесесің ғой, иә, –деп бетіме жалтақтап қарайды. Өзі бұртиып алған, өзі үшін емес әпкесі үшін іші удай ашып тұрғаны байқалады.

– Әпкең не істейді баламен? – дедім.

– Ол бір-екі күн ауылға бара тұрады. Жездем жұмыста ғой білесің, – деп мұңайды. Раушан екеуміз асай-мүсейімізді алып әлгі пәтерге келдік. Былғарымен қапталып, әр жері жұлынып ішінен мақтасы көрініп тұрған есікті ашып қалғанымызда көгерген иіс мұңк ете қалды. Қабырғадағы тұсқағаздардың кейбір жері жыртылып, жартысы еденде жатыр. Төбеден өткен судың ізі сары жағал болып қатып қалыпты. Ас үйге өттік. Аяғым жерде жатқан әлдебір шүберекке тиіп кетіп еді үймелеп тұрған тарақандар тарыдай шашылды.

– Құдайым-ай, мынау адам тұратын үй емес қой. Жалдау ақысы айға ақырып тұр, – деп Раушан отыра кетті.

Оның өте еңбекқор екеніне осы күні көзім жетті. Үйді тазалап, қоқыстың бәрін сыртқа шығардық. Жыртылған тұсқағаздарды жабыстырып, есік-терезені сырлап шықтық. Әжетхананың ішіне хлор мен кір жуғыш ұнтақ сеуіп, тұмшалап тастадық.

– Сен түн ортасында ауылыңа қалай қайтасың? – деп сұрадым тірліктің бәрін бітірген соң.

– Білмей тұрмын, ертең жұмыс қой, – деп Раушан басын шайқады.

– Ешкім жоқ, жүр менің үйіме, – дедім. Ол бірден келісті. Екеуміз түнгі он бірде ықшам ауданнан орталыққа жаяу шықтық. Таксиге ақша жоқ. Жолда ішіме сыймай келе жатқан сұрақты қойдым.

– Раушан сен пайызға ақша алып па едің?

– Иә, – деді де ары қарай үндемеді. Біраз жер жүргенше сөйлеспедік. Ішіндегі жараны тырнамайын деп мен тіл қатпадым. Раушан пысылдап келеді. Жылағаны сөзсіз.

– Бәрі мені жұмыс істеп, күреп ақша тауып жүр деп ойлайды ғой. Қараңғыда оның қимылынан көзін сұрткенін сезіп келемін. Үндемедім. Не деймін. Екеуміздің де сағатымыз аз. Болар-болмас айлығымыз мектептегі жинайтын ақша мен жол-пұлға зорға жетеді. Әмиянымыз үнемі бос жүреді.

– Жұмысқа тұрғанда мамам екі жүз доллар беріпті директорға. Сол мойнымда өтеусіз қарыздай ілініп тұрады.

Таныс тірлік қой, не дейін.

– Өлгі әйел мектепке келді, – дедім. Кім екенін ол бірден түсінді.

– Мұғалімдердің көзінше айғайлады. Директор орнында жоқ болатын, – дедім асығыс баяндап.

– Білем. Бандиттерге өлтіріп кетуге тайынбайды олар. Тек... тек сендерге кесірім тимесе екен.

Сендер дегені кім екенін түсінбедім.

– Соншалықты қанша алып едің?

– Мамам ауырып операцияға ақша жинадық. Бауырларым тауып әкелді, маған тапсырылған соманы қанша жерден іздесем де таппадым. Сосын ұрындым ғой. Біраз үнсіз қалды. – Жиырма мың алғанмын. Жетпіс мың болды.

– Не? Ішімді тартып, талып қала жаздадым. Біздің айына алатын айлығымыз төрт мың теңге еді. Есіме анам айтқан әңгіме түсті. Ауылда бір кісі болар-болмас ақша алып, пайызшылар бір күнде келіп үйіндегі тоңазтқышын, кір жуғыш машинасын, теледидарын алып кеткенін естігенмін. Раушанда ондай алып кететін ештеңе жоқ, тіпті тұратын үйі де жоқ еді.

Көмектесетін менде қайран жоқ. Биыл әкемнің еккен бидайы шықпай қалып, қарызға батқан болатын. Ауылдан тері жинап, қалаға келіп өткізіп, бес баласын асырап жүр. Әйтеуір ертеректе орталықтан бір бөлмелі пәтер алып қойған екен. Сол болып жаным қалып жүр, әйтпесе мен де пәтер жалдап тозып кетер едім. Оның өзінде әкемнің інісі мен келіні екі жыл тұрып, коммуналдық ақысын жүз мыңға қарыз етіп кетіпті. Бір күні жарықты қиып кетсе, бір күні газды өшіріп кетеді. Терең күрсіндім.

– Мамаң жақсы болды ма?

– Иә, жақсы болды. Өтін алдырып тастады. Туған анам болмаса да кішкентайымнан бауырына салған соң, әкем екеуі үшін жанымды беремін. Раушан маған таңсық әңгіменің шетін шығарды.

– Туған анам емесі қалай?

Есіме альбомдағы суреттер түсті. Асыранды екені анық болды ғой.

Мен ата-анамның туған қызымын ба деген күмән жүгіріп өтті. Қой, олай болуы мүмкін емес, өзімді өзім жұбатып келемін. Бір-бірімізден аумайтын төрт бауырым келді көз алдыма. Көзіміз қиық, шашымыз селдір, бойымыз кішкентай еді бәріміздің. «Неге ұзын етіп тумадың?» деп анамызға ренжісек, «апаңа тартқансың», «атаңа тартқансың» деп көз, қас-кірпігімізбен, жүріс-тұрысымыздан мысал келтіріп дәлелдеп шығатын. Тіпті, әрқайсымыздың желкемізден орын алған үлкен қал сонау жетінші атадан келе жатқанын айтатын. Біз оған сенбей атамның желкесін тексеретінбіз. Тұп-тура біздіңкіндей қалын көрсетіп атам марқұм мақтанатын. Демек, менде Раушандікіндей уайым жоқ.

– Саған өмірімді айтып берейін. Бірақ, ешкімге тіс жармаймын деп уәде берші.

– Раушан айтқың келмесе қиналма, – дедім.

Ішкі әуестігім білгісі келіп тұр. Ол ойланып қалды ма, әлде ойын жинақтағысы келді ма, біраз үндемей қалды. Екеуміз бұл уақытта үйге жеткенбіз.

Құрқылтайдың ұясындай бір бөлмелі үйімнің есігін аштым. Ішінде екі жасыл палас, оны «бішкекский» деп қоямыз. Сол уақытта ең арзаны осы еді. Жусаң кірі тез кетеді, өзі жеп-жеңіл әрі жұқа. От тисе лапылдап жана жөнеледі. Қырғыздардың қандай технологиямен жасағанын кім білсін, бірақ таза қойдың жүнінен бастырылған текеметте өскен бізге таңсық дүние. Осы екі паластан өзге кішкентай қытайдың теледидары бар. Және әкем соғып берген жер үстел. Бар жиһазым осы.

– О, үйің жинақы әрі жылы екен, – деді Раушан. Мүмкін өзінің үйі болмаған соң, менің жұпыны пәтерім оған жұмақ сияқты болып көрінген болар. Шай қойдым. Жарты бөлке нан мен шекерді ортаға қойып кешкі асымызды іштік.

– Үйде жұмыртқа, картоп бар ма?

– Картоп бар, жұмыртқа жоқ.

– Ұн бар ма?

Басқа-басқа әкем ұнды қаппен әкеліп қоятын. Әйтеуір берекесі бар дүние осы ғана.

– Мен саған бөліш пісіріп берейін. Түнгі екіде ішегім шұрылдап тұрған, бөлішті естіген соң ұлып қоя берді.

– Жарайды, тек қойдың майы ғана бар.

– Болады, қайта тоқ жүреміз.

Раушан бес-алты картопты суға салып газға қойды. Өзі қамыр илеуге кірісті.

– Сен ештеңе істемей-ақ қой, бәрін өзім жасаймын.

Раушанның бүкіл үйді тазалап, сырлап қара жұмыс жасап келіп, тамақ істеуге кіріскеніне таң қалдым. Шаршамаған секілді. Біраз жаяу жүріп мен қалжырап қалыппын.

– Сен бақыттысың ғой. Оны бағала!

Раушанның нені меңзеп тұрғанын түсіне алмадым. Туған ата-анам өсіргенін айтты ма, әлде қуықтай болса да қуыс үйімнің бар болғанын меңзеді ме екен.

– Мен әкемнің кім екенін білмеймін, – деді Раушан илеген қамырын тостағанның астына төңкеріп жатып.

– Ол стюардесса болыпты, – деп қойды. «Анам» деп айтқысы келмегені белгілі.

Мен Раушанға қарап, туған анасын көз алдыма елестеткім келді. Құрбымның екі бетінің сүйектері сәл шығыңқы болғанымен қыр мұрыны әдемі орналасыпты. Еріндері боямай-ақ қып-қызыл, үлбіреп тұр. Кірпіктері сирек, әрі ұзын-ұзын. Көзінің үстіндегі қыры, қоп-қоңыр жанарды үлкейтіп көрсетеді.

– Екеуі ұшақта танысыпты. Бір-бірін ұнатып, достасып кетеді. Екінші жылы аяғы ауырлайды. Әрине маған. Әкеме айтайын деп оқталған екен, дәл сол күні оның үйленіп жатқанын естиді.

– Қалай? Сонда әкең сенің шешеңе емес, басқа қызға үйленеді ме? «Сенен қалай бас тартты?» деуге аузым бармады. Шешең деген сөз құлағына түрпідей тиген Раушан:

– Иә, оның таңдауын бұзғысы келмепті-мыс. Неге мені дүниеге әкелуге шешім қабылдағанын түсінбедім, шеше болмай кеткір ақыры өзі асырамайтын болған соң.

Раушан бұл оқиға өзінің басынан өтпегендей сабырлы бола қалды.

– Кинодағыдай екен!

– Әке-шешесі лағнет айтып, тас атыпты қарабет қыздарына. Босанған соң, жылап нағашыларына келеді. Бәлкім, жыламаған да шығар. Детдомға өткізуге қазіргі әкем рұқсат бермепті. Жөргектегі мені төртінші баласы етіп бауырына салады.

– Ол қайда? – дедім мен «анаң» деп айтуға дәтім бармай.

– Ол өзінен біршама үлкен кісіге тұрмысқа шыққан. Інім бар екен.

– Інімнің әкесі қайтыс болып кетіпті, – деп қосып қойды.

Раушан қамырды жайып, ішіне картопты салып түйіп отыр.

– Сен осылардың бәрін қайдан білесің? Әлде араласып тұрасың ба?

– Сәл шыда, бәрін айтып беремін, – деді Раушан қызған майға «быж» еткізіп бөліштерді салып жатып.

Түн жарымында екеуміз бөлішпен шай іштік.

Жастыққа басым тисе де, ұйықтай алар емеспін. Ауылдағы кең жайлауда ата-әженің бауырында, ата-ананың жылы жұмсағын жеп өскен маған Раушанның өмірі таңсық еді.

– Ұйықтай алмай жатырсың ба?

– Иә, – дедім мен әңгімесін жалғастырса екен деп.

Раушан осы сәтте терең күрсінді. Көзінің ұяшығындағы мөлдір тас қозғалып түсті. Оның алаң көңілі беймәлім мен аңғалдықпен:

– Оны өмірінде көрдің ба?

Кімді сұрап отырғанымды жақсы түсінді.

– Мен мектеп бітірген жылы жазда үйге екі әйел келді. Әдемі киініп алған, жағдайлары жақсы екені көрініп тұр. Алтын тісті, бойшандау келгені мені көзімен ішіп-жеп барады. Әке-шешем құрақ ұшып жүр. Шай дайындап берген соң әкем маған:

– Сен барып су алып кел! – деді. Мен таң қалдым. Үйде су бар, таңертең ғана тасығанбыз.

– Су бар ғой, – деп едім, ол ашуланып, – Қыздарыңа бар, айналыссаңшы бірдеңемен, – деп жекіп қалды. Өмірі дауыс көтеріп сөйлемеген әкемнің орынсыз ашуы сезікті еді. Сыныптас құрбыма барайын деп сыртқа шықтым. Бірақ, әлдебір әуестік ешқайда жібермей, есіктің алдында отырып-отырып қайта кірдім. Ішке кірмей тасада тұрмын.

– Осынша жыл бір іздемеген соң, неге келдің?

Әкемнің даусы.

– Оқуға түсіріп, ары қарай қамқорлығыма алғым келеді. Өкінішімді осылай бассам... Әйел сыңсып жылағандай болды.

Анық таныдым бойшаңы болуы керек.

– Оқуға өзім түсіремін. Колледжге шамам жетеді. Есейіп қалғанда менің туған қызым емес екенін естісе не болады?

Өңгіме кім туралы екенін жете түсінбесем де бір сұмдықтың шеті шыққанын сездім.

– Раушан жоғары білім алсын, оны мен өз қолыма алайын, – деді екінші әйелдің жіңішке даусы. Жүрегім ток соққандай дың ете қалды.

– Осы уақытқа дейін сені бір мазалағаным жоқ, Райхан. Тұрмысқа шықтың, балаң бар. Енді көрге жақындаған тұсымда бізді мазаламасаң етті.

– Анасын білгені дұрыс қой, Райхандікі дұрыс, – сөзге мамам араласты.

– Сен жайыңа тыныш отыршы. Әкем зекіп берді. Екі бөтен әйелдің суыт келісінің мәнісін енді түсіндім. Дүние шыр айналып кеткендей болды. Осы уақытқа дейін әке-шешем деп жүрген адамдар маған мүлде бөтен екенін есту тым ауыр соқты. Ал, тай-құлындай бірге өскен бауырларым ше? Ешкім ештеңе айтпай, ақымақ болып өмір сүріп келгеніме ренжідім. Маған айтпай бетіме күле қарап, еркелеткен ата-анамды сатқындардай жек көрдім.

Ары қарай тыңдағым келмей, далаға ұмтылдым. Жүгіріп қораға кіріп, дыбысымды шығармай жыладым. Қарасам бұзаудың жібі жатыр екен. Бұл шындықты көтере алмасымды сезіп, жіпті қолыма алдым. Мойныма байлап, жоғарыға қарадым. Төбем шатырдың қаңылтырын бекіткен тақтайшаларға тиіп тұр. Өлудің түрлі тәсілін миым сақылдап іздей жөнелді. Оп-оңай жан бере алмайтынымды тағы түсіндім. Ендігі әрекетім қайсы. Басым ауған жаққа кетіп қалсам ба екен? Жертөленің есігін ашып, жоғары жағына жіпті күрмеп байладым. Ойым, аяғым жерге тимей, жертөле аузына салбырап түседі,

оп-оңай жанымды қия саламын. Осылай жандалбасалап жүргенімде сыртымнан әлеуетті қол шап берді. «Ақымақ» деп басымнан періп жіберді. Қозғалайын десем, қапсыра құшақтап қимылдатпайды. Қарасам әкем екен. Отыра қалып еңіреп бердім. Ол да отырды. Бірге жыладық. «Кім не десе о десін, сен менің қызымсың. Менің қызым бойкүйрек болмауы керек. Сені осылай тәрбиелеп па едім!» деп жекіп қалды. Әкемнің мына сөзі мені қайта оралтты. Құшақтай алдым. Кішкентай ғана қара шалдың соншама әлеуетті екенін білсемші. Үйге кірдік. Әйелдерге тосырқай қараймын.

– Мен сенің анаңмын! – деді әлгі әйел. Көзіне тік қарадым. Тайдырып әкетті. Не істерін білмей, қипақтап ары-бері отырды. Әлден уақыттан соң сөмкесін қолы дірілдей ақтарып, ішінен жылтырақ қорапша алды.

– Мектеп бітіріпсің, сыйлығым.

Даусы дірілдеп алтын алқаны алып ұсынды. Мен қолымды созбадым. Ата жауымды көргендей безеріп қалдым. Бірер минут үйде үнсіздік орнады. Әйел не істерін білмей, сол күйі қатып қалды. Ыңғайсыздықты бұзғысы келіп, жеңгем алқаны алып менің мойныма тақпақ болып жатыр. Қолынан алып, жұлқынып лақтырып жібердім:

– Мені алтыныңмен алдамақсың ба? Ешқайда кетпеймін, әуре болма!

– Бәрібір бір күні еститін едің ғой. Біз қашанғы жүреміз? Қартайдық, – деп мамам кемсеңдеп ала жөнелді.

– Папа, мыналарға айтшы үйден кетсін! Көргім келмейді, – дедім дәл қазір жетектеп алып кететіндей қорқып. Әкем басын изеді.

– Содан кейін не болды?

– Олар кетті. Ашуым басылған соң, ақылға келдім. Кәрі әкешешемнің түрі анау. Әпкелерім өз күндерін зорға көріп жүр. Ағам болса жұмыс істемейді. Сонымен туған шешемді қабылдауыма тура келді. Шындығында мені туған шешем өзі алуға келмепті, сіңілісіне күң етуге іздепті.

– Күңі несі? – дедім мен оның сөздеріне түсінбей қалып.

– Жанындағы әйел туған нағашы әпкем екен. Шымкенттегі бір оқу орнында проректор. Мені сол үйіне әкететін болды.

– Ол мені өзінің университетіне сырттай түсірді. Екі қабатты зәулім үйі бар екен. Ертеден кешке дейін үй тазалаймын, тамақ пісіремін. «Золушка» деген ертегіні көріп пе едің? Мен өзімді жетім қыз Золушкадай панасыз сорлы сезіндім. Сынақ кітапшамды бір рет қана көргенім болмаса диплом алғанша қолыма ұстамадым. Сол үйдегі болған бір ғана оқиғаны ғана айтып берсем, олардың қандай екенін ұғатын шығарсың. Әдеттегідей жездемнің киімін жуамын деп, қалталарын қағып, сыртына аударып шықтым. Кішкентай жиенімнің:

– Раушан тәте, киімдерді ақтарып ақша іздеп жүр, – дегенін естіп қалдым. Мына сөзді естіген нағашы әпкем жетіп келді де «Қайыршы» деп бетімнен шапалақпен тартып жіберді. Бұл сөз кейін «Айналайын» дегенмен тең болды. Бес жыл бодандықта жүрген босқындай зорға шыдап, дипломымды алған күні осында қашып келдім.

– Күйеуге шығып кетпедің бе? – дедім мен, – Осы азаптарды көргенше.

– Жігітім болды. Бірақ бұйырмай кетті ғой.

– Басқа біреуге үйленді ме?

Бірінші ойыма келгені осы болды. Раушан ол сөзіме мән бермеді. Алыстағы әдемі суретті көз алдына қайта оралтқысы келгендей бір нүктеге ұзақ қарап қалыпты.

– Әпкемнің үйіне үнемі азық-түлік әкелетін жігіт бар еді. Үйден шықпайтын мен сорлының бес жылда жақын танысқан адамым сол ғана еді. Жымиып әкелген заттарын түсіреді, мен қабылдап аламын. Өте биязы жігіт болатын. Екеуіміздің мұңымыз бір. Ол жетім еді.

Дәл сол күні...

Раушан үнсіз қалды. Сол бір сәтті есіне алғысы келмегендей.

– Сол күні ол заттарды әкелмеді. Әпкем қонақ күтейін деп жатқан. Ашуланып бұлқан-талқан болды. «Қу жетім, дәл бүгін жол апатына түскенін қарашы» деп жер жебіріне жетті. Дидардың ауруханаға түскенін естігенде жүрегім жұлынып түскендей

есеңгіреп қалдым. Сол күні бара алмадым. Бір апта уақыт өткенде үйден ұрланып шығып ауруханаға жеттім. Жеткенім бар болсын, оның жұлыны үзіліп, сал болып қалғанын естідім.

– Сен жазыласың. Өлі-ақ бақытты боламыз, – дедім. Ол үнсіз. Көзін бір нүктеге қадап алып, қимылдамайды. Құдды белден емес, құлақтан қалған адамдай. Содан кейін ауруханаға кұнара барып тұрдым. Кейін бері қарады. Өзілдесетін болды. Көп әңгімелесетінбіз. Тіпті, бұрынғыдан жақын болып кеттік. Бірге армандадық. Мен оны қабылдадым. Мүгедек күйінде қабылдадым. Тіпті, өзім жұмыс істеп асыраймын, тек сен аман болшы деуші едім. Ол ауруханада ұзақ жатты. Сол жолы бір аптадай үйден шыға алмадым.

– Қайтейін...

Раушан еңкілдеп жылады. Мен үнсіз отырмын. Не деймін?

– Түрме сияқты үйден рұқсатсыз шығу мүмкін емес еді. Химиялық тазалауға берген киімдерді алып келемін деген желеумен шығып, ауруханаға қарай ұштым. Алдымнан шыққан медбике:

– Сіз естімеп па едіңіз? – деді.

– Нені?

Түсінбей қалдым.

– Дидар осыдан үш күн бұрын өзіне қол жұмсап, қайтыс болған. Басқа ақпарат бере алмаймын.

Ал кеп жыла. Соңғы үмітімнен айрылған едім. Оның қайда жерленгенін де білмедім. Раушан көзін сүртті.

Сол күні Раушан екеуіміз ұйықтаған жоқпыз. Үнемі күліп жүретін, айналаға мейірімін шашып, ешкім туралы жаман сөз айтпайтын Раушанның мықтылығына қайран қалдым. Ертеңіне екеуіміз мектепке келдік. Үзілісте Раушан менің кабинетіме кірді.

– Мен сегіз сағатпен ғана жұмыс істеп жүрмін. Мына директордың әйелі мұғалімдердің бәрін жинап не істейді, ә? Тағы бір тарихшы алыпты, – деді.

Раушан шарасыз күйде сөйлеп отыр. Шынында, мектепте мың екі жүз оқушы, үш жүз мұғалім бар еді. Бәріміз аз ғана жүктемемен жүрміз. Менің сағатым он бір. Ең көбі менікі болуы керек, үндемедім.

Келесі күні мектепке костюм-шалбар киген бойлары ұзын сымбатты екі жігіт келді. Дәліздегі үлкен терезенің алдында тұрып-тұрып, кірген-шыққан мұғалімді санап тұрғаны болмаса сынап тұрғаны белгісіз көзбен ұзатып салады. Өлден уақытта сырттан кірген директордың соңынан ерді. Бір кезде директордың әйелінің кабинетіне екеуінің кіріп бара жатқанын көрдік. Негізі директордың әйелі бұл мектепте жұмыс істемейтін. Ұзынқұлақтан мектептегі сыныптан тыс сабақтардың барлығының сағаты осы көк көз келіншекте деп еститінбіз. Ол өзіне директордың көмекшісі деген штатты жасырын ашып, екінші қабатқа көтерілетін тепкішектің жанындағы кішкентай бөлмеге үстел, орындық қойып кабинет жасап алыпты. Алғашқы кезде бұл жер еден жуғыштардың заттарын қоюға арналса керек. Қазір бүкіл мектепті тіреп тұрған «базаға» айналды.

Екі жігіт ол жерден риза болып шықты. Бағанағыдай емес, алшаң басып мұғалімдердің бөлмесіне емін-еркін кіріп, әлдеқандай плакаттарды іле бастады. Мұғалімдерді иіріп отырғызып қойып, жиналыс өткізді. Мақсаттары белгілі ғой, несие алуға, депозит ашуға үгіттеді. Бұл жігіттердің келуі тығырықтан шыға алмай жүрген Раушанға әжептеуір жол ашып берді. Ақыры үш жылға қомақты қаржы алып тынды.

Несие алған күні мені кабинетіме іздеп келді. Қуаныштан бал-бұл жанып тұр.

– Түстен кейін сабағың жоқ болса екеуміз базарға барайық.

– Жарайды, – дедім, – Тек пайызға алған ақшаңды тезірек қайтар.

– Оны жаңа ғана апарып бердім. Сені қорқытқыш әйел асты-үстіме түсіп, кешірім сұрап, ақшасын алып қалды, – деді. Риза болып тұр. Екеуміз түстен кейін базарға бардық. Ол бірсыпыра киім алды.

– Саған бірнәрсе әперейін қарап жүрші, – дейді. Құрбымның қолы ашық екенін бұрыннан білемін, бірақ өзі қысылып жүрген адамға салмақ салғым жоқ. Кеше ғана қиналып, көзінен моншақтар төгіліп жүрген құрбым бүгін жүрген мәрт. Дүниенің

кілтің қолына ұстағандай болып шалқиды. Ұнаған затын саудаласпай алады. Екеуіміз тандап жүріп маған аппақ аяқ киім алдық. Жіптерді өріп тіккен жаздық аяқ киім әлі ешкімде жоқ еді. Өкшесі желінген күздік ескі туфлиімді тастап су жаңа аяқ киіміммен шықтым. Сол күні екеуіміз кафеге бардық. Кәуап жеп, шампан іштік. Суретке де түсіппіз. Содан бері он жыл өтсе де сол күнгі суретті қолыма алсам, алғашқы еңбек жолымыз, оның мейірбан жүрегі есіме түседі. Мен оны сағынып жүргенімді іштей мойындаймын. «Көзден кетсе, көңілден кетеді» деген өтірік екен. Ол мұхит асып кеткен, алыста. Иә, Раушан менен мың, миллион шақырым алыста.

Күн сенбі болатын. Дәлізде Раушан мені күтіп тұр екен.

– Бүгін біздің ауылға барып келейік. Қалай қарайсың? «Қалай қарайсыңды» «ақшаң бар ма, жолға?» деп ұқтым.

– Оқушылардың ыстық тамаққа жинап жүрген ақшасы бар. Айлықтан қоя салармын, кеттік, – дедім.

Раушанның ауылы қаланың шетінде болатын. Жарты сағатта сары «пазик» автобусқа мініп жетіп бардық. Аялдамадан түскен соң біраз жүрдік. Кішкентай ғана қамыстан соғылған үш бөлмелі там екен. Қисайып кеткен қоршаудан бұл үйде еркек жоқ па деп ойлап қаласың. Ағаштан жасалған есікті күн жеп қойған. Табалдырығындағы топыраққа еніп, әжептеуір қазып жермен-жексен кірігіп кеткен. Сырғытып ашып ішке ендік. Аласа бойлы қара шал еңкейіп, кішкентай шалғысымен шөп шабады. Бізді байқар емес.

– Қалыңыз қалай, папа. Мынау менімен бірге жұмыс істейтін құрбым.

– Келіндер, келіндер, – деп шал қалбалақтап жатыр. Ішке енгенде жалаңаш еденнен өзге ештеңе көрінбеді. Төргі бөлмеден халатының түймесін жүре салып келіншек шықты.

– Раушан келгенің жақсы болды ғой. Ауырып мазам болмай, – деп жатыр. Бұл жеңгесі екен.

– Мамам қайда?

– Сүт таратуға кетті. Қазір кеп қалар.

– Түу, өзі ауырса да тынбайды екен, – деп Раушан наразы кейіппен. Сырттан әкесі кірді. Бір шелек қызанақ теріп әкеліпті. Әкесі тынбай бақша егіп, піскенін уақытында ел-жұртқа таратып жүретінін Раушан айтқан болатын. Шелектегі қып-қызыл қызанақтарда әкесінің маңдай тері төгіліп тұрғандай көрінді маған. Раушан демде үйді жинап, сыпырып шықты. Сырттағы тапшаға киіз төсеп, айналасына су септі. Төртеуміз отырып шай іштік.

Асымызды ішіп бола бергенде екі бидонын көтеріп Раушанның анасы келді. Менің маңдайымнан сүйіп, «айналайын» деп күбірледі. Үйдің алдында кішкентай ғана аула. Оң қасбеті шарбақ. Ұзына бойы қора-қопсы салыныпты. Пештің жанында отынхана көрінеді. Тып-тиянақты қыздың жүгіндей болып тезектер тізіліпті. Бергі жағында жертөлениң есігі ашық жатыр. Есіме құрбымның әңгімесі түсіп кетті. Аузы ашық жертөле Раушанды жұтқысы келген ажалдай үңірейіп, ішкі жағы қап-қара түнек болып тұр. Денем дір етіп, көзімді тайдырып әкеттім.

Раушанды айналып-толғанып отырған анасын білмейтін адам асыранды деп айта алмас. Бар мейірімін төгіп еркелетеді. Қарапайым отбасының тәрбиесін алған Раушанның жақсы болмауға қақысы жоқ еді.

Оқужылы аяқталды. Сыныбымда екі үздік, он үш екпінді шықты. Әр мұғалімге жүгіріп жүріп, бағаларын көтермелетіп қойдырдым. Соңғы қоңырауда кері кеткен сыныпты алға шығарғаным үшін марапат тапсырды. Бір ай мектептің айналасында шөп жұлып, жұмыс істеп демалысқа шықтық. Демалысымда ауылға кеттім. Алғашқы қоңырауға бірер күн қалғанда жұмысқа шықтым. Келе сала Раушанды іздедім. «Жұмыстан шығып кетті» деді хатшы Әсел. Жұмыстан шыға сала екеуміз тазалап, жөндеген әпкесінің үйіне келдім. Есікті Раушанның өзі ашты.

– Түу, жоғалып кеттің ғой, – деп мені құшақтап біразға дейін жібермей тұрды. Үйге кірдім. Әпкесінің үйелмелі-сүйелмелі балалары ойнап жүр.

– Отырмын бала бағып, – деп шай қойды.

– Неге жұмыстан шықтың? – деп сұрадым ішіме сыймай келген сауалымды ірікпей.

– Мен кетті деймісің? Солай деді ме?

Мырс етіп күлген Раушан:

– Демалысқа сенен бір ай ерте шықтым ғой. Екі ай ауылда мамама көмектестім. Үй ақтап, бақша салдық. Уақытында жұмысқа келсем директордың әйелі Арша «сенің келісім-шартың бітті, жұмыстан кет!» деп тұр.

– Шынымен ба? Тұра солай айтты ма? – деймін мен сенбей.

– Иә, солай бәрін жұмыстан босатып жатыр. Бір күні тамақтарына тас тығылар солардың. Өз еркіммен өтінішімді жазып беріп, кетіп қалдым. Көрмегенім сол мектеп болсын.

– Енді қайтесің, – дедім мен таңданып.

– Райханға хабарластым. Ақтауда ғой ол. Кел деп жатыр, жұмыс тауып берем дейді.

– Туған анаңа жақын барғаның дұрыс шығар, – деп мен оның шешімін құптадым.

– Қайбір сағынып тұр дейсің? Інім бар еді ғой, он бірінші сыныпта оқиды. Соған қарайсың дейді. Өзі Астанаға жұмыс ауыстырыпты. Орналасып алған соң екеуіңді алып кетем деді.

Мен Раушан үшін шын қуандым. Өмірі өксіктен құралған құрбымның Ақтауға кетсе бағы жанатындай үмітім оянды. Ол да сол үмітпен кетіп бара жатқан сыңайлы. Сол күні екеуіміз вокзалға барып билет алдық. Ақтауға.

Ертеңіне мектепке келсем мені де үлкен жаңалық күтіп тұр екен. Директордың әйелі өзіне шақырды. Бұл кезде сағат бөлу жұмыстары жүріп жатқан болатын. Былтырғы оқу жылын жақсы аяқтадым, биыл толық жүктеме алатын шығармын деп кіргенмін кабинетіне.

– Былтыр келісім-шартқа бір жылға тұрдық. Биыл боссың, – деді міз бақпай. Үндемедім. Жаз деген арызын жазып беріп шығып кеттім. Үйге көңілсіз келдім. Әкеме айтқан жоқпын жұмыстан шыққанымды. Шынымды айтсам, Раушан кеткен соң ол мектепте қалғым келмеді. Өмірі қиыншылыққа толы құрбымды есіме түсіретіндей көрінді, Раушансыз жүруден қо-

рықтым. Оның үстіне мектепте директордың әйелі жасаған аурасы тым ауыр еді.

Уақытымды бос өткізгім келмей, магистратураға тапсырдым. Сынаққа әбден дайындалып, ақыры өттім. Оқу орнынан жарты жүктемемен сағат алдым. Өмірім мүлде басқа арнаға ауысқан, көп уақыт өтпей аждаһадай болған директордың әйелін әпсәтте ұмытып кеттім. Бірақ мен ұмытпайтын бір адам бар еді, ол Раушан. Сол кеткеннен хат та, хабар да жоқ. Содан бері жарты жыл өтті.

Сол күні кешқұрым үйге келіп теледидар қарап жатқанмын. Үйдің телефоны шырылдады. Алсам Раушан. Солқылдап жылап тұр.

– Не болды, жаным-ау? – әлдеқандай жағдай болды ма деп қорқып кеттім.

– Аманмын, – деді ол. Неге жылап тұрғанын сұрағым келіп еді, сөзімді күтпей, – Өтінемін мына нөмірді жазып алшы, қайта қоңырау шалшы, – деді. Мен сол нөмірге қайта қоңырау шалғанда Раушанның өңігі басылып қалыпты. Оның қоңырау шалуға ақшасы болмағанын бірден түсіндім.

– Сені босқа мазаламайын деп едім. Келген соң Райхан Астанаға кетті. Төрт бөлмелі пәтерінде баласы екеуіміз қалдық. Тауып қойған жұмысы жоқ. Үйде баласының күтушісі болып жарты жыл жүрдім. Кеше баласын алып, сені өзім шақыртамын деп кетіп қалды. Иә, өзім шығарып салдым. Пәтерді сатып кеткен екен. Далада қалдым! Иә, өзінің баласын алып, мені тағы тастап кетті.

«Некесіз туған мені» деуге аузы бармады. Раушанның солқылы телефонымның тұтқасын дірілдетті.

– Неге жылайсың? Үлкен адамсың ғой. Дипломың бар. Жұмысқа тұрып, өзіңді асырауға шамаң жетеді, – дегеннен басқа айтарға сөз таппадым.

– Өлемін деп жылап тұрғаным жоқ, екінші рет тастап кеткені мені өлтірді ғой.

– Қой жылама, сен қайтып кел. Бір мәнісін жасармыз.

– Жоқ, бармаймын. Ол жақты да жек көремін. Ешкімді көргім келмейді, ешкімге сорлылығымды көрсеткім жоқ.

– Енді қайдасың, ақшаң бар ма?

– Жұмыс іздеп жатырмын. Өзім хабарласып тұрамын. Бұл нөмірге енді қоңырау шалма! Раушанның айтқаны осы болды.

Күнделікті қарбаласпен уақыт өтіп жатты. Өзімнің сессиям бар, жұмысым тағы бір жағынан, анда-санда Раушанды ойлап қоямын. Ол соңғы рет хабарласқанда фирмаға жұмысқа тұрғанын айтып, көктемде бір келіп-кететінін жеткізген еді.

Көктем шығып, күн жылынды. Вокзалда тұрмын Раушанды күтіп. Пойыз келгенше ойым он саққа жүгірді. «Қандай болып кетті екен?» Бір сәмкесімен Раушан түсіп жатты. Әжептеуір жүдеп кеткен. Аяғын бұрынғыдан да қатты сылтып басатындай көрінді маған. Келе мені құшақтап үнсіз солқылдады. Сабырлы қалпынан танбапты. Менің көзімнен жас шықпады. Таксиде тіс жарып сөйлемедік. Әркім өз ойымен алысып отыр.

– Мен кәріс жігітпен таныстым, – деді. Мен таңданып қалдым. Ол жігітінің жасы қырықта екенін айтты.

– Абайлашы, иттің етін жеп жүрме! – деп күлдім. Күлкім жасанды шықты.

– Мен онымен сөз байластым, елден кетем!

– Айналайын-ау, тілі бөлек, ділі бөлек, жарайды, діні бір болғанымен сол ортаға сиярмысың? Ертең өкініп, елге жете алмай отырма, – деп ойымды айтып салдым.

Раушан біраз үнсіз қалған. Біраздан соң:

– Оның бәрін ойламайды деймісің? Тек...

Мен терең күрсіндім, бұрын үлкендерден еститін «жатқа қимау» деген тіркестің мағынасын енді түсіндім. Өз туғандарыңнан опа таппаған, шет елдік ұшпаққа шығарар деймісің деп айтқым келген. Айта алмадым.

– Сен менімен бірге жүрші, ауылға барып қайтайық, – деді.

Екеуіміз ауылына келдік. Сол баяғы бәкене там, таныс аула. Қария қызын сағынып қалыпты әңгімесін сұрап бәйек:

– Шешең не істеп жатыр?

– Астанаға кетті, баласы екеуі.

– Сен де бармадың ба?

– Мен мына жақтағы жұмысымды қимадым. Орнығып қалып едім, – деп өтірік айтты Раушан.

Сол күні түнімен Раушан екеуміз ұйықтамадық. Мен оны кетпеуге азғырумен болдым. Оның адамдарға өкпелеп, елін тастап кетіп бара жатқаны жаныма қатты батты.

– Осы жақтан бір жігіт табылады ғой. Маңдайың әлі-ақ жарқырап шыға келеді, – деймін.

– Қойшы, мүгедек мені кім ала қояр дейсің. Ал, ол менің жанымды түсінді. Білесің бе, қиналып жүргенімде пәтер жалдап берді. Жұмысқа тұрғанымша қарайласып тұрды. Мен оған байлаулымын, – деді.

Ай, қу жоқшылық-ай. Адамдардың бір-бірінсіз күні жоқ. Жақын туысың, бауырың, жақсы достарың қиналғанда демеу беру үшін қажет сияқты көрінді маған. Туған анасының теріс айналғанына Раушанның жазығы жоқ еді. Бірақ, Раушанның ешкімнен медеу таппай шетелдіктің етегінен ұстаймын дегені ақылыма еш сыймады.

Мені тыңдайтын Раушан ба, айтқанын істеді. Оңтүстік Кореяға кетті. Тек интернетпен сөйлесіп тұрдық. Бір жолы ол үйленген күндерінің суреттерін жіберіпті. Ақ емес, гүлді көйлек киген. Өзімнен өзім отырып егілдім. Қайран құрбым-ай. Не істеп жатқанын бүге-шігесіне дейін білгім келеді.

– Дипломым бұл жаққа жарамады. Үй шаруасымен айналысамын, әзірге Раушан сыр берер емес.

Жаратылысынан еңбекқор құрбымның маңдайына үй шаруасы жазып қойғандай. Қайда барса, айтатыны осы. «Сондағы шекеңнің қызғаны қайсы?» бұл менің оған айтқым келген сөз. Бірақ, бұл жолы да айта алмадым. «Өмірім керемет! Бақыттымын!» үнемі осылай жазады. Мен сенбедім. Өзім көзіммен көрмеген соң сенбедім. Тағы біраз суреттер жіберіпті. Түркияда, жағалауда түскен. Жанында күйеуі.

Оның әкесі өмірден қайтты. Бір уыс топырақ сала алмай мұхиттың ар жағында күңіренді құрбым. Ұшаққа билет алса да, бір апта кешігіп жетті. Әкесін бұл уақытта жер қойнына тапсырып қойған еді.

Мен оны вокзалдан күтіп алдым. Раушан кішкене толысқандай болып көрінді. Түсе салып күйеуін іздедім. Бірақ, Раушаным топтан бөлінген аққудай жалғыз еді.

– Бірінші рет өлікке келе алмады. Қуанышқа баруым керек еді деп қалып қойды.

– Қап-ай, – дедім әлдекімге, әлденеге өкінгенім белгісіз. Раушанның өмірі тым қиын, күрделі болғанына ішім ашыған шығар. Бірақ, құрбымды ештеңеге кіналағым келмеді. Бір апта ғана болып Раушан қайын жұртына қайтып кетті.

Тағы бір жыл өтті. Бішкек арқылы ұшақпен келетінін айтты. Бізге дейін пойызға билет алыпты.

Көптен күткен күн келіп жетті. Бішкек-Мәскеу пойызынан жайрандап Раушан түсіп келе жатты:

– Қазы-қарта, қымызды сағындым. Кәуәп жейікші, – болды алғашқы сөзі. Екеуміздің беймарал отырысымыздан соң, оның жағдайын сұрадым.

– Александрға қалай күйеуге шықтың? Рұқсатты қалай алдың?

– Елді қатты сағынғаным болмаса, жағдайым жақсы. Менің құжаттарымды дайындауға әпкем көмектесті. Аздап қулық жасауға тура келді. Бірақ, ол жөнінде білмей-ақ қойғаның дұрыс, күйеуге шығатын болсаң ғана айтамын, – деп күлді.

– Е, жоға, шет елдігіңе рахмет, мен өзім қазақтың ішінде жүз таңдайтын адаммын, – дедім қазір алып кететіндей ат-тонымды ала қашып.

Ақтауда италияндық мұнай компаниясы бар. Осы компанияға Александр менеджер-координатор болып қызметке келіпті. Раушан сол компанияның қара жұмысшыларына тамақ таситын эдвайзер болып жүреді. Дегенмен, құрбым бір күнде шешім қабылдап, заттарын жинап, Сеулге ұшып кеткеніне өкінер емес. Бір өкініші тойына ешкімнің қатыса алмағаны еді.

Алып Қазақстанның кең даласында өскен Раушан шөкімдей ғана елге қалай сыйып жүр екен деп сынай қарағанмын. Елді сағынғаны, мауқы басылмағаны көзінен, сөзінен көрініп тұр.

Бәлкім, сол сағыныш түрткі болды ма, Раушан Кореядағы қазақтарды іздегенін сөз етті.

– Мен онда қатты жалғызсыраймын. Жанымда енем, қайын әпкелерім, кәріс тілін үйрететін мұғалімім бар. Кейде еркелікпен Александрға ашуланбақ боламын. Бірақ, сырымды бөлісетін тым болмаса құрбым жоқ, – деді ол.

– Ондай кезде, интернет бар ғой, мені табасың, – деймін жұбатып.

– Бәрібір, бәрі жат, жаным жалғызсырайды, бәрі бар, Бірақ, ештеңе жоқ! – қатты күрсінді ол. Мен не деймін, осындай болатынын білмеді деймісің, өзің таңдаған өмір деймін ішімнен. Айтсам ренжіп қалар, онсыз да көңілі қаяу.

Адами әуестікпен, ананы бір, мынаны бір сұраймын. Бұрынғы бірге жүрген кездерімізді еске аламыз. Раушан кететін уақытын санайды. Аз уақытқа келгеніне қапаланады. Күн санаған сайын, менің жүрегім сыздап кетеді. Өз еліміздің жерін басып жүрсе бұлай қиамстық орнамас еді-ау.

Иә, шығарып салатын уақыт жетті. Перронда тұрмыз.

– Сендер түсіме көп кіресіңдер, – деді даусы дірілдеп. Екі әпкесі Раушанның көңілін босатпайық деп зорға шыдап тұрғаны мәлтілдеген көздерінен байқалады.

Вагонға мінген соң, терезеден қарап тұрып, ол қатты жылады. Тіпті, тоқтар емес. Біздің оны жұбатпақ болып, тартқан езуіміз тым мәнсіз көрінді. Оны алып кетіп бара жатқан пойызды жек көріп кеттім. Раушанды мұхит асырып, үнсіз мелшиген даланы кінәлағым келмеді. Бәріне кінәлі өзіміз, адамдар...

Ол келіп-кеткелі біраз уақыт болды. Үнемі хабарласып тұрамыз.

– Біз соғым жеп жатырмыз, сенің алып кеткен сегіз жүз грамм қазың әлдеқашан таусылған шығар, – деп әзілдеп жазамын агентпен сөйлескенде.

– Түу, айтпашы, сағынышымды қоздырып, – дейді құрбым. – Білесің бе, менің алған заттарымның салмағы асып кетіп, біразын аэропортқа тастадым. «Қазақстан» коньягін ғана етігімнің ішіне тығып, алып келдім. Қайын атам мәз болды, – дейді. Мен:

– Қайын атаң мәз емес, мас болған шығар, –деп рақаттанып күлемін. Оның зефир, балық, қазы, қойылтылған тәтті сүттерді қап-қабымен шабаданға нығыздағаны есіме түсіп кетеді.

Содан бері үш жыл өтті. Раушаннан Александр екеуінің әлі күнге неге балалары болмай жүргенін сұраймын. «Құдай берсе, бас тартады деймісің» дейді дүдәмал.

Бүгін скайппен сөйлесіп отырғанбыз. Үйде анам бар еді.

– Раушан, Лиенді ала келсеңші, – дедім әзілдеп.

– Оны ата-енеме тастаймын. Алып жүруге рұқсат керек, – деп жауап берді. Оны естіп отырған анам: «Лиен» деген қызы ма? Емізулі болса обал ғой», – деп сөзге араласты. Анамның сөзінен кейін жылағым келіп кетті. Қайран құрбым-ай. Сені өзгерткен, осындай күйге түсірген кім? Бесік тербетіп отыратын ару едің-ау. Менің бұл ойымнан хабарсыз Раушан өзінің тұратын үйін, Лиенді көрсетіп жатыр. Базарлыққа кімге не алғанын камераға тосып әлек. Әпкесіне кеудеше, анасына етік, Астанадағы анасына орамал алыпты. Ешкімге екпесі жоқтай. Мәз-майрам.

– Күтіп аласың ғой, иә, – деп сұрайды. Құдды мен келмей қалатындай үрейленіп. Әрине, күтіп аламын. Оның шет елге кетіп қалғанына ренжісем де, досым ғой. Қиын күндерде бір нанды бөліп жегеніміз есімнен қалай кетеді.

– Осы жолы келгенде, Қазақстанда қалшы. Тасташы бәрін, Лиенді де деп айтқым келеді. Бірақ оған көнетін Раушан қайда. Бүгін міне, тағы да интернетке көз тастаймын. Келетін күнін санап Раушан отыр. Оның блогында үнемі өзгермейтін бір сөз тұрады. «Сағындым сені, KZ!». Көрген сайын жүрегім елжіреді. Бірақ, сол өмірді өзі таңдады ғой деп өзіме басу айтамын.



Дружелюб

ЖАЛҒЫЗДЫҚ

Таңертең деліқұлы болып оянды.

Түнімен аунақшып шыққан, таң ата көзі ілініп кетіпті. Дене қызуы сол бойы түспеген. Сүйретіліп жүріп керек-ау деген құжаттарын жинады. Сыртқа қараған, тобықтан төмен түскен қар жатыр. Балконға шығып көрді, ызғар жоқ. Киімдерін тауып киді. Әншейінде киім таңдап, жарасымдысын талғап, екі сағат жүретін Қыз бұл жолы қолына ілінгенін үстіне ілді. Беталысы емхана.

Шағын қаладағы тұрғылықты жердің емханасы сау адамға он минуттық жер, Қыз жарты сағатта жүріп жетті.

Қабылдау бөліміне бас сұққан. Ақ халат киген, көзінің астына қара қарындашпен бір сызық жіберіп, сығырайта түскен медбике қыз:

– Қай жеріңіз ауырып тұр?– деді.

– Қызуым түсер емес.

– Тұмаудың бір түрі де! – деп ернін тұштитты да, – 18 кабинетке барыңыз, терапевт қабылдайды, – деді.

Миы дың ете қалды. Тұмаудың бір түрі! Қазіргі кезде құс тұмау, ит тұмау, шошқа тұмау деген бәлелер көп қой, соның бірін меңзегені ма? Жүрегі сазып кетті. Ол дегенің жайлайтын індет деуші еді ғой, елдің бәрі ауыруы керек шығар, жалғыз бұл емес.

Лажсыздан әлгі терапевттің кабинетін іздеді. Тапты. Ешкім жоқ. Таң қалды. Ұзын-сонар, құлаш-құлаш кезекті көрем бе деп ойлаған. Егер әлгі «жаман ауру» қалаға тараса жұрт жиналып осында жүрмей ме? Күпті көңілі орнына түскендей болды. Есікті қақты. Терезенің алдындағы кішкентай ғана үстелде аппақ халат киіп, көзілдірігінің үстінен қараған, толық дәрігер келіншекті көріп, көңілі жайланды.

– Не мазалайды?

– Дене қызуым көтеріліп... Түнімен ұйықтай алмай...

Сөзінің соңын жұтып қойды.

Дәрігер мойнындағы салбыраған құралын құлағына тығып жатты. Құлағынан басталған шұбыраған шнурды бір қолымен сипай жағалап келіп, саусақтары дөңгеленген басын тауып алып ұстады.

– Қане көкірегіңізді тыңдайық.

Ыңғайсыздана, киімін көтерді.

– Демалыңыз.

Ішінде дауыл тұрып, демі жиілеп кеткендей күй кешті.

– Жақсы

– Не жақсы?

– Өкпеңіз таза, тек суықтап қалғансыз. Бірді-екілі дәрі жазып беремін.

– Жұмысқа бара беруіме бола ма?

– Әрине, – осы сәт бұған тура қараған дәрігер, – Әлде сізге «больничный» керек па?

Нені меңзеп тұрғанын түсінді, дәрігер жұмыстан қашқан кудеп тұрған шығар бұны.

– Жо-жоқ! Шамам келе ме, мазам қашып...

Кібіртіктеп сөздері үзіліп шықты.

– Болар-болмас суық тигенге, – дәрігер басын шайқап қойды. Рецепт жазып жатыр.

– Күніне бір рет ыстық дәрі қабылдайсыз. Күре тамыр арқылы егу керек. Бойыңыздағы суықты қуып шығады, – деп жымиды.

Емханадан шығып, дәріханаға соқты. Керекті дәрі-дәрмегін алып, үйіне қайтты.

Дәрі егетін адам табу керек. Есіне келесі үйде тұратын орыс кемпір Валя түсті. Жолай соғып, дәрі қабылдап кетейін, болмаса... Болмаса емханаға қайта барармын деп ойлаған.

Үшінші қабаттағы қоңыр былғарымен қаптаған есікті ар жағынан өзгеше иіс жеткендей мұрнына. Қоңырауды ұзақ басты. Ар жақта үн жоқ. Соңғы рет басты... Тырсылдаған аяқ дыбысы естілді.

Есік кілті бұралып жатыр, бұралып жатыр, он рет айналды. Бір сәтте енді ашылады-ау деп ойлаған. Жоқ, сықырлап күршектер

ағытылып жатқандай жоғары жағынан дыбыс шықты. Енді сол дауыс төменгі жақтан естілді. Өуірімдеп есік сықырлап, жайлап қана бір қарыстай ашылды. Ар жақтан өзіне таныс кемпірдің бір көзі, мен жарты денесі назарға ілікті-ау.

– Саламатсыз ба, Валя апай!

Атын айтқан соң жүзіне жымыс енді апасының.

– Ә, жай жүрсің бе?

– Маған дәрі егіп бересіз бе?

– Дәрігердің нұсқауы бар ма?

– Иә, бар, бар.

Тез айтпаса есігін жауып алатындай асығыс сөйледі.

Есік айқара ашылды. Кір дегендей ишара жасап, ым қақты. Босағадан аттағанда әлдене иіс мұңқ ете қалды. Сүйретіле жүрген Валя апай осы жерде тұр дегендей көкірегінен итере, қақитып қойды. Арғы бөлмеге кіріп кеткен. Әлдене уақыттан соң шықты. Қолында баяғы бір заманда қаладағы аяқ киім фабрикасы тіккен былғары төпішке. Аздап сүйретілгені болмаса, жап-жаңа. Жерге тастады. Қыз киіп алды.

– Енді жүр! – деп Валя апай төргі бөлмеге өтті. Кеңес үкіметінің «иісі» аңқиды бөлмеден. Бір кездері бақуатты отбасыларда болатын, шибарқытпен қапталған диван. Төрде қоп-қоңыр лакталған гарнитур тұр. Бір бұрышты «Рекорд» теледидары алыпты. Сериал жүріп жатыр «Граф Монте Кристо».

Аяғын аяңдай басып, асықпай жүрген Валя апай үстелдің үстіне ол тастаған дәрігердің нұсқаулығын ұзақ оқыды. Мына кемпір маған дәрі еге алар ма екен, тағы да күре тамырдан деген жалаң ой жылт ете қалды. Жүріс-тұрысы алжыған адам сияқты, әлде өз ойымен жалғыздықтан меңіреу қалыпқа түскендей.

Қыз бәрі түгел, бастаңыз дегендей кішкентай журнал үстелінің үстіне дәрі-дәрмекті қойды. Қалташадан мақта мен спиртті шығарды. Қолына ампуланы алған Валя апай теледидарға қарап, мелшиді. Сериалға еніп кеткені байқалады. Қыз байыппен қарады оған. Ампуланы ұстап отырған Валя апай бір сәтте есіне әлдене түскендей Қыз әкелген дәрі-дәрмекті

ақтара бастады. Бір нәрсе іздегені сөзсіз. Қыз да ақтарды, қайта-қайта қарап шықты. Бірақ кемпірдің іздегені жоқ.

– Кескіш, – деді апасы. Сөйтті де әлгі гарнитурдың тартпаларын ақтара бастады. Алты тартпаның біріншісі ашылды. Одан соң екіншісі, үшіншісі, төртіншісі, бесіншісі, алтыншысы қаралды. Кескіш жоқ, әлде кемпірдің кәрі көзіне түспеді ме. Мына тап-тұйнақтай үйдің ішінде сол бір дәуірдегі кескіштер болса таң қалмассың. Енді ыдыс-аяқ тұратын әйнекті есікті ашты. Славяндар әулетінен қалғандай атам заманғы үш аяқты қайқиған екі шыны ыдыстың ішін кезек-кезек қопарды. Ішінде мерзімі өтіп кеткен дәрілерді алып, жазуын ұзақ оқыды. Қыздан дегбір кетті. Ауырып келгенін ұмытып, Валя апайдың жанына жетіп барды.

– Мен де іздейін, – деді. Гарнитурдың он екі есігі түгел ашылып, жабылды. Кескіш табылмады. Бір уақытта Валя апай арғы бөлмеден кішкентай шкатулка тауып әкелді. Екеуі соның ішін қарауға кірісті. Әскери киімнің түймесі, тат басқан оймақтар, басы дөңгелек түйреуіштер, кесте тігетін түрлі-түсті жіптер, інжу-моншақтар да бар. Және бір көзі үлкен, бір көзі кішірек мүйіз сапты қайшы жүр. Әлгі қайшыны ары-бері ұстап отырған Валя апай үстелге ықтияттап апарып қойды да, төгілген заттарды мұқият салып шкатулканы орнына қайта алып кетті.

Валя апай аяңдап «процедура» үстеліне келді. Ампуланы қайшымен қимақ әрекет жасады. Бірақ, ампуланың мұрты қисаятын ыңғай бермеді. Әрі ырғады, бері ырғады. Әйтеуір, бір сәтте «пырт» ете қалған дауыс шықты. Дәріні шприцқа өткізді. Қыз білегін ұсына берген. Валя апай тағы іркілді. Білегіндегі қан тамырларын сипап отырды да, әлдене ойына түскендей үстел үстіне қайта қарады. Бағанағы сурет тағы қайталанды. Іздеу. Тартпалар ақтарылып, ыдыстар сықырлады. Қыздан дегбір кетті. Не үн жоқ апасында.

Терезенің жоғары жағына қарап тұрған Валя апай:

– Жгут, – деп қалды. Енді түсінікті. Әлгі үстелдің астында тартпа бар екен, Валя апай енді соны ақтаруға кірісті.

Тозығы жеткен тартпа сықырлап, Қыздың алдына құлап түсті. Қауқарсыз қол демеген болды. Ішіндегі ескі альбом шашылып түсті. Сарғайған фотосуреттерді аялай ұстаған Валя апай енді жерге жайғасып отырып, әр суретке елжірей қарады.

– Мынау менің ұлым, он сегіз жаста, – деді, мотоциклдың жанында кала-кала шалбар киген, мұрты енді тебіндеп қалған бозбаланың суретін Қызға беріп.

– Ол қайда?

– Ресейде.

– Ммм...

Валя апайдың көзінен мұң көрінді. Қыз баласының неге мұнда емес екенін сұрағысы келген, жанына қаяу түсірем ба деп ойлады. Үндемеді.

Альбомды қайта жинаған Валя апай орнына қойып, тартпаны жапты. Үстел үстінен дәрігердің нұсқаулығын алып, қайта оқыды. Не істеу керектігі есіне енді түскендей Қызға қарады.

– Жгут, – деді Қыз.

– А, иә, иә, қазір, – деп тырп-тырп басып, томпаңдай жүрген Валя апай арғы бөлмеге өтті. Отыра берудің ретін таппаған Қыз артынан ілесті. Жатын бөлмеде қос төсек пен шифоньер тұр. Мынаның қай жерінен зат іздемек деп Қыз ойлап үлгергенше Валя апай бір төсектің матрацын көтерді. Асты толған зат. Бүктелген шыт орамал газет қиындылары, майда-шүйделер. Арасынан бір ұзын нәрсе ілікті кемпірдің қолына.

– Таптым, – деді Валя апай шаттана. Қыздың қолына ұстата салды. Кәдімгі шалбардың беліне өткізетін жіп араластырып тоқыған рәзіңке. Өзі қайта төсектің жабуын жөндеп жапты.

Қыз тез дәрісін қабылдап, кеткісі келді. Иненің денесіне кіргені білінбеді. Кәрі кемпір тәжірибесінің мықтылығы аңғарылды. Дәрі сәл денесіне жіберілгенде, табанынан бастап ысыды. Мұның реңіндегі алқызыл отты байқаған Валя

апай дәріні жібермей, білегінен ұстап отырды. Көзінен аналық мейірім мен аяулылықты байқаған Қыз жаңағыдан бергі әлектің бәрін ойынан тәрк етті.

– Басылды ма?

– Иә.

Дәрі егіліп бітті. Қыз кетуге ыңғайланды. Сериал баяғыда бітіпті. Теледидарда концерт беріп жатыр. «Одиночество – сволочь, одиночество – скука. Я не чувствую сердце, я не чувствую руку. Я сама так решила, тишина мне подруга ...» деп өнші жанұшыра айғайлап жатыр.

– Қызым, сен далаға күнде шығасың ғой. Менің Васямды көрмедің бе?

Қыз Ресейде жүрген баласын сұрап отыр екен, мына кемпірдің есі кіресілі-шығасылы болды ғой деп қорқып кетті.

– Өзі сыртқа кіріп-шығып жүруші еді. Үш күн болды оралмады, біреулер ұрлап кетті ма екен?–деді күрсіне.

– Мысық па?

– Иә, менің мысығым.

– Жарайды, – деді қыз. – Көрсем әкеліп беремін.

Валя апай сыртқы есікке дейін ұзатып салды.

– Ертең тағы келемін, – деді Қыз рахметін айтып жатып.

– Өзің біл, – деді Валя апай есікті жауып жатып. Қыз енді келмейтінін ұқты. Жаны жабырқап шықты ол үйден. Валя апайдың мысығын тапқысы келді ме, әлде іздегені басқа ма, қаңырап тұрған өз үйіне де кіргісі келмей, далада жүріп алды.

СЫЙЛЫҚ

Мұғалім сыныпқа кіргенде жұмыс үстелінің үстінде үлкен гүл шоғы мен жылтырақ қағазға оралған қорап тұрды. Ұстазды көріп оқушылар орындарынан өре түрегелген-ді. Келісіп алғандай тұрған жерлерінде қатып қалған. Аз үнсіздікті үздік оқушы Жадыра бұзды:

– Біздің аяулы ұстазымыз Айзада әпкей! Сізді ұстаздар мерекесімен құттықтаймыз! – дегені сол бүкіл сынып хормен «Ұстазым» әнін бастап кетті. Көңіл-күйі көтерілген мұғалім жадырап:

– Мұғалімге ең үлкен сый не? – деп сұрады салмақты қалпынан танбай.

– Алтын сағат, – деді Арсен тауып айттым деп, маңғаздана жан-жағына қарап. Мұғалім басын шайқады.

– Ең қымбат құнды сыйлық шәкіртінің жақсы оқып, азамат болғаны, – деді, – Бұл сөздің астарына түсінбеулерің де мүмкін. Әйтсе де, үлкейгенде өмірдің немен өлшенетінін бағамдайтын боласыңдар, – деп, ақ партада жағалай отырған сүйкімді балаларға қарап күлімсіреді.

– Дидар сен қалай ойлайсың? – деген бағанадан ешкімнің сөзіне араласпай үнсіз отырған оқушысына қарап.

Дидар көзін төмен салып, тұқшия берді.

– Саған бүгін не болды? Неге көңіл-күйің жоқ?

– Ол сізге сыйлық алуға ақша жинағанда қосқан жоқ. Сол үшін біз оған сабаққа келме дегенбіз. Сонда да келіпті ғой, ұятсыз, – деді Арсен Дидардан ала алмай жүрген өшінің қарымын қайтарғандай. Бүкіл сынып алдында жағымсыз сөзді естіген Дидар қып-қызыл болды:

– Апай мен сыртқа шығып келейінші, – деген даусы дірілдеп. Мұғалім басын изеді.

Дидар мектеп алдындағы сәкіге отыра бергенде ішіндегі өксік сыртқа жас болып ыршып шықты. Ол нала туғалы көрмеген әкесі, әр жерде жұмыс істеп, бұны зорға асырап отырған анасы, басынатын Арсен сияқты байдың балалары. Қолын төс қалтасына апарды. Қалтасынан бір жапырақ боялған қағазды шығарып, аялап сипап қойды. «Олардың қымбат сыйлығының қасында бұл не, тәйірі!» деп ойлағаны сол өксіп қоя берді. Солқылын басып, басын көтергенде жанында тұрған мұғалімін көрді.

Өзіне сыйлыққа ақша қоспаған баланы жақтырмайтын болар деп ыңғайсызданып, төменшіктей берді. Осы уақытқа

дейін анасын мектепке бір шақыртпаған еді. Енді мына тәртіпсіздігі ағаттық болды. Ұрсатын болар деп мұғалімнің бетіне жасқаншақтай қарады. Жымиған оның жүзінен ешқандай қастандық белгісін байқай алмады. Орнынан асығыс тұра бере кешірім сұрамақ ойда еді. Мұғалім күле қарап, қолындағы қағазды алды.

– Дүниедегі бар қымбат затпен бағалана алмайтын мұндай сыйды ешбір оқушы ешқашан да ұстазына тарту етпеген болар, – деді даусы дірілдей, бар болғаны дәптердің тор көз парағына салынған үш тал гүлі бар бір жапырақ қағазды көкірегіне басып тұрып.

– Сендер маған қарыз емессіңдер, бұл менің борышым емес пе? – деді даусы дірілдей. Дидар алдында сабақ беруші емес, нағыз ұстаз толқып тұрғанын байқамап еді.

ҒҰМЫРСЫЗ СӘБИ СЕЗІМ

Миы әбден қажыды, тыншу таппай тосылды. Жүйкені қажап, жадыны түсініксіз, жауапсыз күй мезі етті. Жауап іздеп, шырылдап үлкендерге ұмтылды. Ал үлкендер...

Оның сүйкімді жымиысы адалдықтың айнасындай күнәсіз екенін көрсететін. Өмір философиясындағы қарама-қайшы заңдылықтар арамдық, қатыгездік, өтірік-кітаптар мен фильмдерде болса, адалдық, мейірім, шындық атаулы өзін үнемі қоршап тұрады деп ойлады. Бар жамандық бұны айналып өтетін секілді сезінетін. Бірақ, бір оқиға бұл ойын басқа арнаға кілт бұрды.

Қыз сол оқиғаларды ұмытуға зар. Олар оның сәби жүрегін сынған айнадай быт-шыт қылып шашыратып, бір бейнені әр түрлі қалыпта көрсетіп берді.

Он тоғыз жасар Қыз үлкен өмірге жолдама алды. Еңбек жолы қаладағы орта мектептің бірінен басталды. Жетекшілік ететін сыныбы бар. Жұмыстары байланысты болғандықтан, тәрбие ісінің меңгерушісінің кабинетінде жиі болатын. Қыз оны

ақылшы Ағай, ұстазым деп ойлады. Сөзіне қарап, жамандыққа жаны қас, болашақты безбендеуші қоғамдық тұлғаны көрді. Оның аузынан шыққан әрбір сөзді Құрандай қастерледі. Ол бет-бейненің сыртындағы пердесі деп ойлау мүмкін емес еді.

Сол күні Қыз орындыққа отырып, қағаздарын реттей бастады. Тәрбие меңгерушісіне бекіттіретін жоспарларын іздеген. Ағайдың кабинетті ішінен бекітіп жатқанына таң қала, басын көтеріп алған. «Саған айтатыным бар. Ешкім мазаламасын дегенім ғой» деп өзін-өзі қинап жымиғана ағайының бетінде жүгіріп өткен арамдық ниетті аңқау қыз аңғармай қалды. Қағаздарына қайтадан бас қойды. Ағай сыртынан ақырындап келіп, иығына қолын тигізгенде денесі дір ете қалған. Орнынан ыршып кетті. Оның құшақтап, сүймек болған ұмтылысына шынашақтай қыз тосқауыл қоймақ болып арпалысты. Бұл алғаш рет ер адамға қол көтеріп, пір тұтқан Ағайдың бетінен шапалақпен тартып жіберді. Ол ағайдың ерсі қылығын неге жорырын білмей, сыртқа ұмтылды. Қолы дірілдеп, есікті аша алсашы. Миы айналды. Мұның күйін күйікке ары қарай айналдырмайын деді ме, әлде кішкентай қыздан алған соққы тайсалдырды ма, әйтеуір Ағай отырып қалған. Қыз есікті айқара ашып, сыртқа жүгірген бойы сүйеніш серік іздеді. Болған істі бүкпесіз алдынан шыға келген Досына баяндады. Жыламсырап тұрып айтты. Ол үндемей тыңдады. Жұбатқансыды. «Ешкімге айтпа, өзіңнің абыройыңды ойла!» дегеніне қуанды. Жан сырын айтар Досының болғанына риза болып қалған.

Екінші күні Ағай келіп, кешірім сұрады. Бетіне қарағысы келмей, бұрылып кеткен-ді. Қанша көңілі қалса да, мейірімді жүрегі іштей кешірді.

Үшінші күні өзіне Директор шақырды. Ол Қыздың көзіне тура қарап отырды. Болған оқиғаны бірінші өзі айтсын дегені болу керек, сырғақсытып бірнеше мысал келтірді. Оған мектептегі тышқанның аяқ алысы аян болып отырады екен. Демек, бұл да ештеңе жасырмауы қажет. Қыз басын төмен салған. Аң-таң. Бұның сырын үш-ақ адам біледі ғой. Ағайдың айтуы мүмкін емес. «Әлде өзін ақтау үшін, болған оқиғаны басқаша жеткізді

ма екен?». Алғаш рет адамдарға деген күдік оянып кетті. Өлі де болса Досына шаң жуытқысы жоқ. Ой азабынан Директордың өзі құтқарды. Ағайдан көптен құтыла алмай жүрген оған бұл оқиға оңтайлы келіп тұр екен. Ағайдың үстінен «шағым» жазуын өтінді. Өтінген жоқ, бұйырды. Жазбаған жағдайда әйелі үш баласы бар Ағаймен байланысы бар деп ата-анасына, бүкіл әріптестеріне айтатынын ескертті. «Адал екеніңді ал дәлелдеп көр?» – деп миығынан күлді.

Ағайының дұшпаны мұны қару етпек болғанын енді ұқты. Аямасқа бекінген кейпін аңғарды. Адамның басы Алланың добы деуші еді, мына өмірде кімде билік бар сол «Қымбат доппен» ойнайды екен-ау! Барар жер, басар тауы қалмағандай. Өзін сұмырай сезінген Қыз «мені зорламақ болды» деп жазылған шағымға қол қойды. Өзі жазған жоқ, тек қол қойды. Ағай мектептен аластатылды. Директор қуанды. Орнына өзінің туысын тығып, жаны жай тапты. Енді бұл да өз адамы екенін, ұжымда кім не дейді, жеткізіп тұруын тапсырды.

Қыз енді риясыз пәк күлкімен күлмейтін болды. Күлкісіне күмірә-күмән араласты. Қыз алдында бет перделері жыртылған, өзін білімді етіп көрсететін, ісі надан – Ағай, өткір көк көзінің астында тұзды айлакерлік ұялаған – Директор, жанашыр, адал құрбының рөлін ойнап жүрген, жағымпаз – Дос, арсыздықтың қол шоқпарына айналған – Өзі тұрды.

Мұндай адам бейнелі құбыжықтардың маңында жүру мүмкін еместей шақ туды. Өмірінде алғаш рет ата-анасының ақылынсыз шешім шығарды. Өз еркімен жұмыстан кетті. Өтінішіне Директор қуана қол қойып берді. Бәлкім, бұның орнына тағы бір туысын дайындап отырған болар.

Қыз мектептен алыстап барады. Өзі жылға жетер-жетпес еңбек еткен ұяға бұрылып қарады. Үнсіз тұрған ғимарат тағы қандай сырды жасырып тұр екенсің?! Тек сәби сезімді періште оқушыларын ғана қимайды. Бірақ, бұл жерге қайта оралмайтынына сенімді еді. Жо-жоқ, енді ол күнәлі айладан ада, мәңгілік сәби мекен іздеп барады. Ол мекен мұның балалық шағымен қалып кеткенін, есейген Қыз ескерер емес.

ТҮС

Аялдамадан түстім бе, түспедім бе әйтеуір, үйге қарай аяндай бергенім сол еді, сықырлаған темірлері теміріне ілдебайланып ілінген Москвич–412 мәшинесі тырылдап келіп, ту сыртымнан тоқтай қалды. Үстіндегі тотты көргенде жаның жүдеп, жүрегің ескіретіндей көлік-сымақ екен. Егелері де «Апама жездем сай» қолау құнандай қытайдың арзан киімдерін базардан бүгін алғаны көрініп-ақ тұр. Көйлектің де шалбардың да қорап ішінде төртбұрышталып бүктелген жері сол қырланған күйі тұр. Әйтеуір, этикеткасын алғанына шүкір дегендейсің.

– Қарындас, Айтбек шалдың үйі қайсы екен? – деді қалада жүргенін ұмытып, көрші ауылға кеп қалдық десе керек бірі. «Қаланың көк базары мен ауыл арасының жолын ғана жаттаған байғұс-ау» деп ойлағаным сол еді, ту сыртымнан қапсыра ұстаған екі жігіт, әлгі сықырлаған көк мәшинеге әкеліп бір-ақ ұрды. Анау-мынау қаланың «каша» жеп өскен әлжуаз жігіттерін қағып тастайтын менің мына ауылдың тары ботқаға «бодрыйланған» бәлелеріне әлім келер емес. Алып қашып бара жатыр-ау десем де, басқа үрейлі ойлар аулақтар емес. Кім біледі? Шөпті шылымша шегетін азғындар аз емес қой.

Мәшинеміз бапылдап келіп, жүдеу ауылдың ішіндегі төбесіне шөп өскен, кішігірім «огород» болатындай тоқал тамның алдына кеп тоқтай қалды. Есік алды құжынаған адам. Қай кезеңнің келінінен қалғанын кім білсін, сары-ала дағы бар, орамалдан гөрі жаялыққа көбірек ұқсайтын шәйі-сымақ сал орамалды әкеліп жаппақ боп, жастарына жетпей егделенген екі келін жүр.

Мен құрбандыққа шалынар қойдың күйін кешіп, тыпырлап жатырмын. Әзірге ешкімге әл берер емеспін. Бір уақытта бір еркек мені машинадан түсірмек болды. Бағыт-бағдарсыз ілмиген бейшараны екі жарым келіні тартатын платформа стильді аяқ киімім есеңгіретіп жіберсе керек. Сасқаны ма:

– Біздің келін кәрәтис қой, – деп тістен ада қызыл иегінің астындағы насыбайын шырт түкірді. Сөйтсем, ол менің қайнағамның бірі екен. Мен бірін теуіп, бірін тырнап, өзі іріп тұрған орамалды айырып-айырып, жыртыс қып бердім.

– Дәу апамнан қалған көз еді, – деп, ене-сымағым жылап жүр. Бір амалын іздеп мен жүрмін.

Бірінен-біріне өтетін қоржын тамның есігінен төрге дейін жағалай кемпірлер жатып алыпты.

– Ал үлкен анадан аттап кетіп көр, – дейді кемпірлерыңырсып жатып. Өзім өмірде көрмеген адамға жар болып, бақытсыз күй кешем бе деп, аяққа оралған кемпірлердің арасымен есікке жеттім-ау. Сөйтсем, босағаға тұз, ұн, су қойып қойыпты. Тым болмаса дәм-тұзды аттамас деген өздерінше пәлсапалары болса керек. Адамды жіпсіз байлап, келісімінсіз күң етпек болған мына бейшара ауыл тұрғындарына зығырданым қайнады. Ұн, тұз, суды араластырып, быламық жасап бір асадым.

– Алла мұны аяқтың астына тастау үшін емес, өмір сүруге қуат алу үшін жаратқан. Мен, аттамаймын, бұйырған дәмнен татып кетемін, – деп аузымды сүрте, жұлқына сыртқа шықтым.

Бәрі өре түрегеліп соңымнан жүгірді. Қайту, шегіну деген болмайтынына көздері жеткен болу керек. Мен өзімді әкелген көк мәшинеге жүгірдім. Кілті аузында тұр екен. Суы қайнағанша сықырлата жүріп, облыстық соттың алдынан бір-ақ шықтым. Ауыл-аймағымен сотқа бердім. Бәрі: «Ақша жиып, долыңды (доллар дегендері) береміз, кешірші», – деп жалынды. Жоқ мен кешпедім. Шопыр бала – сегіз жыл, күйеу – он жыл, жігіттер – жеті жыл, жолда жатқыш кемпірлер – үш жылдан, мәшinedен түсірмек боп таяқ жеген қайнағам – бір жыл арқалап кетіп барады. Сотта үлкен ағайым ой мені мадақтады-ай, дейсің:

– Менің қарындасым өжет. Ешқашан қыз болып жылағанын көрген емеспін. Ал енді мына тірлігі... – деген сөзінің аяғы сыбыр-сыбыр, күбір-күбірге айналып, көз алдымда бұлдырап барады... Оянып кеттім. Әлгінің бәрі түсім екен.

ЕСКІ ӘМИЯН

Үйдегі шаң-шұң дауыстан Әлия шошып оянды. Мұндай шуға бойы үйренген ол тез киінді. Дәлізге шыққанда ас үйден анасының ащы дауысы анық естілді.

– Құдай-ау, қашан жұрт қатарлы өмір сүрер екенбіз. Өмірі жетіспеушілік. Үш бала бірде аш, бірде жалаңаш... – деп анасы сөзінің соңын ала жылап жіберді.

– Мен қайтем, қолымнан не келмек? – деді әкесі дәрменсіз күйде.

– Иә, сен не бітірмексің, ауылға көшейік десе, қозғалмайсың. Ауылға көшсек, тым құрыса, біреудің малын қайырып, бақшасын отасақ та, осы күнімізден құтыламыз ғой.

– Көшуге ақша керек қой. Оны қайдан табамыз?

Күндегі әңгіме. Көзі мөлдіреп еш нәрсенің байыбына бара алмай отырған інісін көтеріп, Әлия сыртқа шығып кетті.

Әкесі қысқартудан жұмыссыз қалған, оның үстіне сырқат. Жұмыс іздеп бармаған жері жоқ, бірақ дімкәс адамды мына заманда кім ала қояды. Анасы ауруханада мейірбике. Болымсыз айлығы бар. Он екіде бір гүлі ашылмаған балауса қыз тұрмыстың ауыр соққысын осылай ерте-ақ көрді. Ертерек бойжетсем деген арманмен әуре. Ата-анама қайтсем көмектесемін дейді ғой сонда.

Бұрындары сабақты жақсы оқитын оқушысының күннен-күнге селқостанып бара жатқаны мұғалімді бей-жай қалдырмады.

– Бір жерің ауыра ма? – деп сұраған.

– Жоқ, апай.

– Еңсең түсіп барады ғой, шырағым-ау. Себебін айтарсың мүмкін?

Қыз үндемеді. Нені айтады. Аш, жалаңаштықтарын ба? Ұят емес пе? Мұғалім оның мұң торлаған нәркес көздерінен бір сыр байқаған.

Мектеп ауласынан шыққан Әлия сыныптасы Майраны күтіп тұр. Әкесі жоқ, ауру шешесімен тұратын қыз. Оның машина жуып, газет сатып жүретінін естіген бұл қалай ақша табудың жолдарын сұрап, жөнін білмек болды. Шаршап-шалдығып тұрған анау бұған салғырт жауап берді:

– Оңай ештеңе жоқ. Мен сияқты жүгір. Ол қолыңнан келмесе, базарға барып, алақан жайғандардың қатарына қосыл, – деп мұның мүлде қаперінде жоқ ойдың шетін шығарды. Әлияның көз алдына анасымен барғанда қайыр сұрап, зарлап отырған адамдар елестеп, денесі түршігіп кетті.

– Мама, бұлар неге өйтеді? – деп сұрайтын еді.

– Қу жоқшылық қой, қызым, – деп күрсінетін анасы сонда.

– Оның адамға істетпейтіні жоқ.

Сол қу жоқшылық деген әбжылан Әлияны амалсыз сол жерге баруға мәжбүрлеген. «Күніне жүз, ал мүмкін одан көп теңге тапсам, бір тиынына дейін тимей, жинай беремін, сосын...»

Қайыңның қабығынан қыл айырған тоқылдақша ойлаған бір ойын жүзеге асыру үшін Әлияның базар маңында тіленшілікпен айналысып жүргеніне бірнеше күн. Алғашқы күні ары-бері өткендерге алақан жайғандардың маңына келді.

– Мына пәтшағар қайдан келді? Кет, әрмен! Сенсіз де жетеді қайыршылар, – деп жан түршігерлік былапыт сөздермен біреуі баж-баж етті.

– Кет, жоғал қане!

Қыз жылап жіберді. Солқылын баса алмай тұрған оған:

– Неге жылайсың? Жүр, бұл жерден былай шығайық, – деп бір бейтаныс бала келіп жетектеп кетті.

– Танысып қояйық. Менің атым Тышқан.

– Тышқан?!

– Таңданбай-ақ қой. Бұл – менің кличкам. Сен тісіңнен шығарма, мен чайканың мүшесімін. Біз өз бастығымыздың шын атын білмейміз. Бүркіт деп қояды.

– Сонда сендер не істейсіңдер?

– Білгің келе ме? Онда қара да тұр.

Тышқан жүгіре жөнелді. Бет алысы – үлкен қара бөрі, жағалы

тоны, жылтыр сөмкесі бар әйел. Жетіп барып, оның сөмкесін көзді ашып-жұмғанша ептілікпен ашып, бір буда ақшасын суырып алған Тышқан бұған көзін қысты да, көпшіліктің арасына сіңіп жоқ болды. Мына көрініс Әлияның буын-буынын дірілдетті. Іле бажылдаған әйелдің дауысы естілді. Бір кезде Тышқан қайта оралды.

– Сен неге өйттің? – деді қыз.

– И-и, қойшы соны, ештеңесі кетпейді, ақшасы көөөөп, таусылмайды. Бізге де, өзіне де жетеді. Айтпақшы, сенің атың кім? Неге жыладың?

Әлияның басындағы халді естіген Тышқан:

– Жағдайың қиын екен, – деді үлкендерше, – Не горюй, мен саған көмектесейін.

– Неге маған көмектескің келеді?

– Туған қарындасыма ұқсайсың. Бізде әке-шеше жоқ, көлік апатынан қайтыс болған. Мені балалар үйіне өткізді, қарындасымды біреулер асырап алды. Бәрібір үлкейгенде іздеп табамын.

Тышқан Әлияны өзі танитын тілемсектерге ертіп апарып, табыстап кетті. Ретіне қарай келіп тұратынын айтып, бұған біраз тиын ұстатты.

Жанында екі көзі зағип шАл үсті-басы адам көргісіз маскүнем жігіт және бір кемпір үшеуі күн ұзаққа базардың солтүстік бөлігінде өткен-кеткенге үмітпен қарап отырады да қояды.

Әрине, ары-бері өтіп жатқандар әр түрлі. Бірақ көбісі қайырымды деп ойлайды Әлия. Адамдардың болғаны қандай жақсы. Адамдар болмаса, адамдар қайтер еді? Кімге барады. Кімнен сұрайды.

Кешкісін шалды лып еткізіп бір жап-жас келіншек келіп алып кетеді. Кемпір болса түйіншегін арқалап қала шетіне бағыт алады. Жас жігіт тапқан нәпақасына ащы су алып ішіп, бір бұрышқа қисайып ұйқыға кетеді. Ал Әлия алақанына түскен болар-болмас тиынды сол күннен бастап ескі әмиянға салып сақтап жүрді.

Бірде Әлия әдеттегідей:

– Қайырымды адамдар, қайырымды адамдар... – деп алақан жайып тұр еді, кенет селк етті.

Қарсы алдында сынып жетекшісі тұр.

– Сен... Мұның не, Әлия-ау?

Қыз боздап жіберді. Мұғалімі былай жетелеп алып шықты. Оның да көзінде жас.

Ертесіне ол Әлияның ата-анасын шақырған.

– Оның базарда тіленшілікпен айналысып жүруіне не себеп? – деді қатты қамыққан ұстаз.

Мұның бәрінен бейхабар ата-анасының үстінен біреу кесек мұз тастап жібергендей әсер етті.

– Біз білмейтін едік...

– Енді кім білуі керек?!

Екеуі мектептен есеңгіреп шықты. Анасы әдетінше әкесін табаға салып қуырғандай етті.

– Ауылға кетейік дедім. Міне, енді балаларды тентіретіп, тіленші ететін болдық. Бәрінен ұятын айтсаңшы. Өлім-ай! – деп жылай берді.

Әлияны екеуі ортаға алды.

– Қара су ішсек те... Құдай-ау, қайыр сұрап жүргенің не? Әлия үндемеуді ұйғарды.

– Құдай-ау, көрсетейін дегенің осы ма? Бұлай өмір сүргенше, ажырасамын, балаларымды әкетемін, бәрі сенің кесірің, – деп анасы өзі есеңгіреп отырған күйеуіне шүйлікті.

– Сәуле, құрысын, ауылға көшсек, көшейік, ағайындар бар ғой әйтеуір, – деді әкесі. Сосын дағдарған: – Ал көшуге қаржы керек қой, машина арғы-бергі жолына алады.

– Тапсаңшы бірдеңе қылып, – деп анасы жуасып қалды. – Поездан көмір түсірсең де.

– Оған дәрмен қане? Әйтпесе, ойламай жүрмін бе оны. Құдайдың қор қылғаны-ай... Әй, бүйткенше!

Осыны естігенде Әлия өз бөлмесіне жүгіре жөнелген. Сосын қоңыр тысты әмиянды әкеліп әкесінің қолына ұстатты.

– Ауылға көшіп баруға жетіп қалар, папа.

– Қызым-ау...

– Базардан... Иә, сол жақтан жинағаным... Әдейі... Көшейік деп...

Әкесі мен анасы не айтарларын білмей, қыздарына жаутаң-жаутаң қарасты. Әлияның жүрегі қуаныштан қатты соғып тұр. Өзінің бір пайдаға асқанына мәз. Әкесінің көзінен сорғалаған тамшы әмиянға тамып түсіп жатыр. Сол күні түнде Әлия түс көрді. Ауыл екен. Екі көзі қап-қара бір ақ лақ секең-секең ойнап, артынан қалмайды. Аппақ...

ТАМШЫ ЖАС

– Мен мұғалім боламын!

– Тұу, бүкіл әулеттерің мұғалім болып, ұстаздар династиясын құрамыз десеңші, – өзі сабақты жарытып оқымаса да, әдемі киініп, сыланып жүретін Сайра мұрнын шүйіре қарады. Маған қарата айтылған сөз.

– Несі бар, мықты филолог боламын, – дедім қалысқым келмей.

– Мен сот боламын! – деді Сайра бізге үстемдігін көрсеткісі келгендей. Біздің мысымызды басып, дәл қазір үкім шығарғалы отырғандай маңғазданды.

– Мен жұмыс істейтін шығармын, атамның жағдайы жоқ, – деді Айжан мұңайып. Анасы осыдан төрт жыл бұрын қайтыс болған. Біз үнсіз қалдық.

Он жетінші көктеміміз. Мектепке барар бірер күннің алдында, ауылдағы жалғыз дүкеннің алдында отырып алып, «Кім болам?» деген тақырыпта қызу пікірталасып жатқан түріміз.

Қалған қыздар сөйлемеді. Айхан не десін, әкесі жұмыссыз, анасы мектептің еденін жуады. Анардың әке-шешесі жасы келген адамдар. Дамираның үйінде өзінен кейін бес қыз бар.

– Мен моншақтары бар, желбіршекті кофта сатып алдым алғашқы қоңырауға, – Сайраның даусы, – Қытай фирмасы тіккен.

– «Дружба» ма? Есіме анамның «Дружбаның» тауарлары қымбат, әрі сапалы келеді дегені қалып қойыпты.

– Білмедім, жусаң кірі тез кетеді, аяқ киімім лакталған, сүйір тұмсық, – деп мақтанды.

– Мен де алдым, – дедім одан қалыспай, – Қызыл түсті.

– Неге ақ алмадың? – деп қыздар шу ете қалды.

– Базардан табылғаны сол. Бірақ аяқ киімім таза былғарыдан тігілген. Әкем әкеп берді.

– Қойшы қазір таза былғары таппайсың ғой, – Сайра тағы білгішсініп қойып қалды.

– Иә, дермонтин шығар, – деді Айхан оны қоштай.

– Папаларыңа былғары комбинаты тіккен аяқ-киімдерді айлығының орнына беріп жатыр деп еді, сол шығар...

Бұл сөзді айтқан өзімнің жан досым болып жүрген Айжан.

– Иә, иә модадан қалып кеткен, түсі сұрықсыз, – деп Сайра мұрнын тыржитты. Шыдай алмадым:

– Сайра, сенің алғаның қытайда өлген адамдарға кигізетін сапасыз туфли, – деп айтып қалдым да, тілімді тістей қойдым. Қыздардың бәрі сілейіп қалды. Сайраның аузына құм құйылды.

Үйге келдім. Қыздармен кездесуден кейін басым дыңылдап тұр. Анам шай қойды.

– Апа, неге бізде әдемі киімдер жоқ? – дедім салмақтана сөйлеп.

– Бұның бәрі өткінші қызым, әлі-ақ бір күнгідей болмайды. Бастысы тәуелсіздік, – деп қысқа қайырды.

Қыркүйектің басталуын асыға күтіп, ол күнге жеткенбіз. Сабақ кестесі бойынша бірінші қазақ тілі пәні екен. Қоңырау соғылып, сыныбымызға сөмкесі мен сынып журналын ұстаған, шашы жуан, екі бөліп орап түйгенінің өзі қос білектей жас келіншек кірді. Бәріміз өре түрегелдік. Бұл бізге қазақ тілі пәнінен сабақ беретін жаңа мұғаліміміз Айсәуле еді. Алғаш келгеннен тұйық жүретін апайымыздың езу тартып күлуі сирек болатын. Сабақты түсіндіріп, сұрауды ғана білетін мұғалімді сыныптағы бұзық деген ұл балалардың өзі сыйлайтын. Ол дауысы жуандау болғанымен ақын-жазушылардың шығармаларынан сабақ түсіндіргенде

ерекше әуезденіп, бар дүниені ұмытып, беріле айтып кететінінен болар, бәлкім. Әйтеуір, көз үйренген басқа ұстаздарымыздан ерекшеленіп тұратын.

Алматыдағы ҚазМУ-дың филология факультетін бітірген, біздің көрші ауылдың жігітіне тұрмысқа шыққан Айсәуле апайымызға үйреніп кеттік. Келін түссе, жаңа оқушы келсе, әйтеуір ауылға жаңа адам келсе сол туралы дерек жинайтын әдетіміз, оның Желтоқсан оқиғасына қатысқанын біліп алдық. Тоқсан аяқталып, қысқы демалысқа бір-екі күн қалған кез болатын. Баға қорытылып, қазақ тілінің екінші тоқсандағы соңғы сабағында отырмыз. Бәріміз қолқалап Айсәуле апайымыздан «Желтоқсанға» қалай қатысқанын айтып беруін сұрадық.

Әдеттегі ойлы жанар алаулаған отты көргендей жарқ ете қалды. Ер жетіп қалған бала емеспіз бе, сыртқы кейпімен астаса кеткен ішіндегі аласапыранды сезініп, ащы жараның аузын тырнап алдық па деп тына қалыппыз. Ол үнсіз. Сол сурет әлі көз алдында тұрғандай апай қырауланып, мұз басқан терезеден, ақ жамылған қарлы талдарға қарап қатып қалды. Біздің назарымыз сыртқа ауған. Көкте күн күліп тұр. Сәулесі апайымыздың мұңлы жүзіне түсіп жымыңдайды.

– Сол жылы қыс аязды болды... – деп бастап, тағы біраз үнсіз қалды апай.

– Сол күні сабақтан соң алаңға жоғары курс студенттерімен бірге бардық. Оң-солымызды танымаған, санамызға жауыздықтың дағы түспеген періште басымыз қатыгездіктің қанжарына қарама-қарсы тұрдық қой. Бәріміз елімізге өзге ұлт өкілінің басшы болып келгеніне наразы болдық. Ұран біреу «Бізге өзге ұлт өкілінен басшы керек емес».

Бүкіл Алматыдағы қазақ жастары жиналған сол кездегі Брежнев алаңы лық толы еді. Жай сөзбен қайтара алмасын сезінген олар бар күштерін салып бақты. Қолдарына іліккен ауыр затпен, таспен ұрып, сақылдаған сары аязда тастай су шашып, жауыздықтың түрлі үлгісін көрсетті...

Ол үнсіз қалды. Өміріндегі ауыр минуттарды айту қиын болса

да білгісі келген шәкірттерінің бетін қаққысы келмегеннен болар сөзін қайта бастады.

– Қайдан келіп жатқанын білмейміз, әскери адамдар толып кеткен. Қолдарында қалқандары, шоқпарлары бар, ата жауларымен алысуға келгендей сайланып алған. Біреуді ұрып, біреуді теуіп, кішігірім соғыс бастап жіберді.

Бір қарасам ысырыла-ығыса шетке шығып кетіппін. Жаныма жетіп келген офицер төпелеп ұра бастады. «Кіп-кішкентай болып ұлтшылын қара, бұлардың» деп өршелене түседі. Менің шашым босап, жайылып кетті. Ұзын шашымнан ұстап, сүйрей жөнелгенде, аяғым тайып құлап түстім. Басыма, көкірегіме, әйтеуір кез келген жеріме таяқ пен тепкі тиіп жатыр. Өмірімде елдің бәрі қызығатын, өз мақтанышыма айналған шашымды сол сәтте қатты жек көрдім. Есім ауып кетті ме, ары қарай не болып жатқанын түсінер емеспін. Көзім көреді, бірақ құлағым естір емес. Бір кезде үсті қан-қан, беті домбығып іскен, қазақ жігіті келіп араша түсті. Маған бірдеңе деп айғайлайды. Мен денемді көтере алмай жатырмын. Сөйтсем «Қаш!» дегені екен. Ананы ұрып сұлатып, ол мені бір үйдің бұрышына әкеліп тастап, тағы бірдеңе-бірдеңе деп кетіп қалды. Тұрып жүруге әл-дәрмен жоқ, елеусіз тасада жатырмын. Құрылыс жүріп жатқан аймақ болса керек, үйілген топырақ, үлкен-үлкен адам бойындай газ құбырлары жатыр. Бір кезде сол құбырлардың ішіне екі жігіт келіп тығылды. Артынан жеткен әскерилер екі жағынан қарап, мазақтап, қарқылдап күледі. Сонадайда жатқан құрылысқа пайдаланатын бөренедей ағаштарды көріп, біреуі жанындағыларға бір нәрсе деді. Олар келіскендей сыңай көрсетіп, бір-бір бөренені екі-екіден көтеріп құбырдың екі жағынан ұра бастады. Құлды келіні көлденең жатқызып түйіп жатқандай. Ана екі жігіттің құландағы даусы құлаққа жетті. Солардың ащы айқайы бітелген құлағымды ашып жібергендей. Дүниеде ер адамның шыңғырғанынан зор жамандық, оны естуден үлкен азап жоқ шығар. Иә, он алтысы күнгі жарты күніміз бүкіл ғұмырымызға татыды. Қайсыбірін айтайын, солардың бірін де сендер көрмендерші, – деп күрсінді. Апайымыз әңгіме айтып

жатқанда көзіне келген жасты сыртқа жібермей, бір күш ұстап тұрғандай-ақ еді, әңгіме соңында ұстазымыздың жанарынан бір тамшы үзіліп түсті.

Бәрін көзбен көргендей, көңіліміз бей-жай. Тәуелсіздіктің қандай қасіретпен келгенін түсінген біз ұстазымызға жаудырай қараймыз. Қазір ол күлсе бүкіл сынып бақытты болар едік. Әншейінде аяқтыға жол, ауыздыға сөз бермейтін Сайра да салмақтана қалыпты.

Әңгімесін аяқтағаны болар терезе алдынан ұзай берген апайымыздың шаш жыйғышы пердеге ілініп, тілерсегін қиған қалың шашы тарқатылып кетті. Тарс етіп жерге түскен шаш жыйғышынан селк еткен апай:

– Көргенде, осы шаштан көрдім-ау, – деп күліп жіберді. Бәріміз ду күлдік. Күн де күліп тұр. Аязды күні күн күледі. Лайым солай болсын!

Содан бері біраз жыл өтті. Сол кезде балалықпен өмір мәнін енді түйсініп, шекісіп жүрген қыздар өз жолдарын тапты. Ал тәуелсіздік туралы әңгіме айтылып, желтоқсан оқиғасы сөз болса, ойыма бірден сол Айсәуле апайым оралады. Оқиғаны көзбен көрген адам ұстазың болып, тек баспасөздерден оқыған сұмдықты басынан өткерген апайыңның аузынан естісең, қалай ұмытарсың!

КӨРІПКЕЛ

Бір-ақ сәтте Жан сан соғып қалды. Бүкіл құжаттары үшті-күйлі жоқ. Қарамаған жері, сұрамаған адамы жоқ. Жер жұтқандай ізім-ғайым. Өзінің жеке куәлігі, машинасының техникалық құжаттары түгел-түгел бірге жүрген, енді қосақталған күйі «қашып» кеткендей. Жан өкінді, дәл бүгін сұр спорттық шалбарын кигеніне өкінді. Егер қалтасы терең қара шалбарды кигенде ол жоғалмас па еді? Жандікі жай пендешілік, Алматыдан Тараздағы ата-анасына келгені кеше-тұғын. Үнемі құжаттары машинаның күнқағарының астында қыстырылып тұратын. Біреу қолды етер

деп, қалтасына сала салған. Енді міне, қайтайын десе жіпсіз байланып отырғаны. Енді қайтпек?

Жалғандағы жалғыз амал осы ғой деп, досы Рай екеуі салып-ұрып қала шетіндегі көріпкелге барды. Кіргеннен «құжаттарың міне» деп қолдарына ұстататындай егде тәуіп әйелге бар үмітпен қараған.

Қызылды-жасылды тастарды шашып жіберген көріпкел біршама ойланып отырды. Сосын шашырай төгілген алуан тастардың дәл ортасына түскен алқызыл тасты қолына алып, бірінші рет көргендей біраз қарап отырды. Осы екі ортада кішкентай ғана уақыт өтсе де Жан мен Рай демдерін ішіне алып, мына көріпкелдің «Не айтатынын» асыға күткен.

– Ө, таптым, таптым, - деді жансыз тастан бір бейнені көргендей. – Соңғы рет кездесуге барған адамың алып, тығып тастаған, – деп басын біраз шайқап-шайқап отырды да, – Діңі қатты екен, бермейді, – деп қосып қойды. Сөйтті, де тастарын жинап, бірдеңе беретін болсаң тездетсеңші, дегендей оқшырая қараған. Бар ойы сол соңғы кездескен қызында болып отырған Жан қалтасынан ақшасын іздеп қармана берді. Екеуі сыртқа шықты.

– Соңғы рет кіммен кездесіп едің? – деген Райға қарамастан «Сая» деп күбірледі.

– Ал әйтпесе! Саядан ондай күтпеп едім, – деп, Рай бағанадан бері ішіне сыймай келе жатқан сөзді лақ еткізіп айта салды. Көңілсіз тұрған Жанның телефоны шырылдады, Сая екен. Біртүрлі алақұйын көңілмен көтерген.

– Бал аштырып жүрмін, – деді Саяға қылмысын тез-ақ мойындата салайын деп.

– Туу, қайдағы жайда не істеп жүрсің? Теледидарға жарнама берсеңші одан да уақытты өткізбей, – деді қыз. Сөзінен күдікті ештеңе байқалмайды. Күмән араласқан көңілмен Жан жергілікті телерадиокомпанияның ғимаратына бас сұқты. Құжаттарын тапқандарды разы етеміз деген жарнамамен қоса Жанның ағасының, ата-анасының үйінің телефонымен қоса өз нөмірі жергілікті арнадан жүгіртпе жол арқылы жүгіріп жатты.

Жарнама бергелі бір күн өтті. Жан көңілсіз. Саяға бармады. Кешке қарай анасы дүкенге жұмсаған. Сол екі арада телефоны шырылдады. Бөтен нөмір, ар жақтан гүжілдеген дауыс:

– Әлиев деген сен бе?

– Иә, мен.

– Құжаттарын жоғалтқан сен бе?

– Иә, иә, – деп асыға жауап берді қуанып кеткен Жан.

– Онда сен қалалық аурухананың жанына кел, құжаттарың менде, жарты сағатта жет, – деп тұтқаны қоя салды. Анасының тапсырмасын ұмытып, Жан қалалық ауруханаға құстай ұшты. Тұп тура жарты сағат өткенде телефоны шырылдады. Әлгі таныс дауыс:

– Құжаттарды қайта қалпына келтіру үшін қанша ақша керек екенін білесің ғой.

– Иә, сыйақыңызды берем ғой.

– Қазір «SIMка» дүкеніне кір де билайн желісіне 2000 және 1000 бірлік сатып ал. Мен қарап тұрамын, тезірек қимылда, әйтпесе құжаттарыңды өртеп жіберем.

Жан әлгі айтқан дүкенге кіріп, бірліктерді сатып алды. Жан-жағына қарап қояды, әркім өзімен өзі, мұны аңдып тұрған ешкім жоқ секілді. «Бұл не жұмбақ?» деп ойлап, сыртқа шықты. Тағы телефоны шырылдады.

– Алдың ба? Е, онда қазір ауруханаға кіресің, кірер есікте менің танысым саған құжаттарыңды береді. Сен оған сыйақыға 5 000 теңге бересің. Ал қазір маған бірліктің жасырын кодын айт! Жан ойланды, мынау алаяқ болып жүрмесін. Миына сақ етіп сұрақ туды:

– Менің жеке куәлігім сенің қолыңда болса туған күнім, жылымды айтшы?

Ар жақтағы дауыс бағанағы гүрілінен ажырап, жұмсара кетті:

– Қазір танысымнан сұрайын.

Жан сол аурухананың алдында тұр. Алты минуттай өткен соң телефонына жан бітті:

– 27 тамыз, 1985 жыл.

– Жарайды бұл дұрыс, машинаның құжаттары сенде екеніне көзім жетуі керек, нөмірін айт.

– Қазір бір минут.

Тағы біршама күтіп тұрған. Іле-шала телефоны шырылдады.

– 728.

Бәрі дұрыс. Құдды екеуі арбасып ойнап жатқан секілді.

– Енді нөмірдің сериясын, машина қайда тіркелгенін, тех-паспорттың кімнің атында екенін айтсаң...

– Қазір, қазір, – деп гүжілдеген дауыс тағы ғайып болды. Бұл жолы құжат тапқан жарылқағыш жарықтық едәуір жоғалып кетті. Телефоны безілдеп берді, бұл күткен адам емес, жеңгесі Ару екен.

– Жан, әлгі біреу үйге қайта-қайта қоңырау шалып, сенің туған күніңді машинаңның нөмірін сұрап мазалай береді. «Паспортный столданбыз» дей ме? Алаңдап өзіңнен сұрап жатқаным ғой...

Бәрі түсінікті. Оның үнсіз қалуының сыры бар жеңгесі машинаның нөмірін білгенмен, бұл сұраған қалған деректерді білмейді. Алаяқтар алдап, жарнамаға бұл берген екі нөмірді пайдаланып, пайда тапқысы келген екен. Ашуланып әлгінің нөмірін терген. Өшіріп тастапты.

Салы суға кетіп үйіне келді. Машина қаңтарулы тұр. Ішін мұқият қарап шықты. Таппады. Есіне Сая түсті. Бұған ұнаған талдырмаш қыз ең бірінші осы артқы орындықта отырып еді-ау. Көріпкелдің айтқаны да ойынан жүгіріп өтті. Жүрегі қайта қатайып кеткендей. Артқы орындықты жұлқына жұлып алды. Арқалығын ашып аңырып тұрып қалды... Иә, неше күн ұйқысыз уайымға салған құжаттары өз қолымен бүктеген қалпында қатталып орындықтың астында жатыр. Бұл қалай болды? Сол күні талдырмаш қызды ойлап артқы орындықта біраз жатып еді, қалтасынан сырғи, орындықтың астына түсіп кеткен. Ойпырмай, жоғалған құжатпен бірге жүрегін де жоғалтып ала жаздағаны, енді көріпкелі бар болсын. Санасындағы мың сан ойдың ішінен ерекшеленгені Саяға жетіп, сүйінші сұрау. Ақ машина қара жолда құйғытып кетіп бара жатты...

НҰР

Таңертең сергек оянды. Түсіндегі ғажайыптан басы айналғандай. «Шіркін, өмірім осындай болса, мәңгілік ұйықтап жата берер ме едім» деді де, біреу бетіне су бүркігендей шошып кетті.

– Ойпырм-ай, не ойлап кеттім? – деуі мұң екен, әлгі ғажайып әсерден тұастай айрылып қалды.

– Мәңгілік ұйқы дегенім өлім емес пе? Құдайым сақта! – деп күбірлеп қойды. Ол түсіне қатты сенді. Орындалатынына да сенімді-тұғын...

Нұр оған сәуле секілді. Сонау алыстан күнмен бірге шапағатын жіберіп отыратындай. Ал, Ақсезім сол ғажайып шуақтан нәр аламын деп түсінді. Болып жатқан өзінен өзгеге білінбес ғажайып құбылыстарға таңданады. Нұрды көрген емес, даусын ғана естиді. Ғасыр жетістігі ұялы байланыс. Алыстағы жақын адам. Алғашқы күні Нұр бұған:

– Мен туралы түс көруіңе тілектеспін, – деп аяқтаған сөзін. Бұл Ақсезімге бұйрықтан кем әсер етпеген секілді:

– Жарайды тәтті ертегім менің, – деп жастыққа басын қойған. Көзі іліне өзін жоғалтып, мына әлемді мүлде ұмытып, оны тәтті ұйқының тыныштығы әлдиледі. Таңертең тұра сала айғайлап жылады. Ол туралы түс көрмегеніне жылады. Күні бойы көңілсіз жүрді. Ең жақын құрбысына да тіс жармады. Сыр беруге міндетті емес еді. Оның ешкімде жұмысы жоқ, өз тіршілігімен әуре. Бәлкім, ол шынайы өмір сүретін болар. Бұл сияқты қиялының ақбоз атына мінген ханзадасын күтпейді. Тілегі қасында, жүрегі орнында.

Келесі күндердің бірі. Махаббат Құдайына сыйынып, жастыққа басын қойды. Бүгін түсінде көрмесе, қолы жетпей тұрып айрылып қалатындай күй кешті. Оның бейнесін қолдан құйып, суретін салды. Гүлге оранған кездесуді қиял киносына түсірді. Екеуі міне бір-біріне қарай жүріп келеді. Жылы нөсер

құйып тұр екен дейді... Қалғып кетіпті. Тыныш түн. Ақсезім шындап ашуланды. Өзіне ашуланды.

– Мендегі махаббат емес, оны көруге деген ынтығу ғана, – деп айғайлап та жіберді. Бірақ шын сүю сезімін басынан өткізгісі келіп арпалысты. Ащы да болса дәмін сезінсем деп сұлқ отыра кетті. Бірақ үміті үзілгендей ме қалай!?

Ол тағы да «Мен туралы түс көрдің бе?» деп жымып тұрған секілді. Нұрдан ұялды. Махабатын дәлелдей алмағандай мұңайып төмен қараған күйі басын көтере алар емес. Ол:

– Ештеңе жоқ сен де менің түсіме енбей жүрсің, бәлкім кездескен соң бізге түс көрудің де қажеті болмас, біз екеуміз... – деп сөзінің аяғын жұтты.

– Мен бір сезімді мойындағанмын саған да мойындатамын, – дегені де бар әңгіме арасында, бұның жан арпалысын дауысының дірілінен оқып тұрғандай. Бұл сөздер қызға үміт берді. Дегенмен ештеңе ойламай ұйықтауға бекіген.

Бесінші күн. Бүгін анасы Ақсезімді ауылына шақырыпты дейді. Туған үйдің түтінін сағынып-ақ қалған. Қанат байлап жеткендей болды. Анасы дүкеннен тәтті әкелуге жұмсаған. Ауылына келмегелі көп болып еді, әжептеуір өзгерістер де жоқ емес. Бұрынғы дүкеннің астын қазып тастаған ба? Жаңа құрылыс жүріп жатқан секілді. Неге екенін бір әуестік бойын билеп, астына түсіп көруге бекінді. Ешкім жоқ. Ию-қию жер. Астында жүріп адасты.

– Біздің ауылға «Қиял әлемі» кешенін салып жатқан болар. Әй осы менің әр нәрсеге мән бермейтінім-ай. Мүмкін бұл жаңалық туралы анам айтқан да болар, – деп, шығатын жол іздеген.

«Шіркін! Жанымда Нұр болса, бірге жүріп адасқанға не жетсін!» деген ой келуі сол екен көңілі құлазып сала берді. Сол жақ кеудесі де бір түрлі бүлкілдей жөнелді. Жүрегі де сыр бере бастаған ба қалай! Көзі қарауытып кетті. Сол сәтте қалта телефоны шырылдап қоя берді. Анасы екен:

– Қайда жүрсің, сені үйде Нұр күтіп отыр! – деп дүрсе қоя берді. Мүмкін емес, ол бүгін келем демеп еді ғой. Бұл:

– Лабиринт! – деуге шамасы келді...

Есін жиыпты дейді. Аппақ бөлме, аппақ төсек, аппақ халатты адамдар, өзі де аппақ. Алғашында о дүниенің ұжмағында жатырмын ба деп ойлап қалған. Сөйтсе, аурухана екен. Кенет палатаның есігі ашылды да Нұрдың сұлбасы көрінді. О, Тәңірім өңім бе, түсім бе дегісі келген, даусы да шықпады... Шынында түсі еді. Басын жастықтан жұлып алды да, түсінің жалғасын көргісі келгендей қайта жатты. Өзін қинап, көзін жұмды. Бірақ ұйқысы қашып кеткендей зым-зия жоқ.

Бұл күні бақытты жүрді. Ол түсін бүкпесіз Нұрға баяндап берді. Ол тыңдады. «Менің жүрегім сенің жастығыңның ішінде ғой», – деді. Толқыған даусынан әлдебір жақындық сезілді. Бұрын-соңды болмаған екеуінің арасында жылылық бар. Неге өйтпесін:

– Сенің түсің жақсы екен, дегенмен апама жорытайыншы, – деді ғой Нұр.

– Жастығыма емес, санама кіріп алдың, – деді Ақсезім күбірлеп.

Тоғызыншы күн. Өзінде бәрі бар, бірақ жүрегі жалғыз екенін мойындап өксіп алған-ды. Бұның жан баласын жанына жуытқысы келмейтін асаулығын басқаға жорыған құрбысы да табалағандай. Мұңға беріліп отырып, Нұрға қоңырау шалды. Көңіліндегі кірбінді даусынан байқаған Нұр:

– Шыдашы, бір айда қалайда жетем, – деп қалды.

– Жұмыстарың көп болса, кедергі болғым келмейді, – деді Ақсезім мұңая. Күрсінгені байланыс сымын күңіrentті. Жігіттің жүрегі қақ айрылғандай болды. Бар болғаны:

– Олай деме, керемет кездесуді ойла! – деуге шамасы жетті.

– Мен сені күтем, өмір бойы күтем сені, Жаным сол! – дегенін өзі де білмей қалды.

– Мен уәдемде тұрармын сен тек келісіміңді бересің, болды, – деп Нұр әңгімеге нүкте қойды. Ақсезім бұл сөздің мәнін түсінсе де аңғармағандай сыңай танытты.

– Қиялымдағы ертегі шындыққа айналса екен, – деп іштей күрсініп алды.

Жиырмасыншы күн. Таңға көзі бір-ақ ілінді. Санасын

шырмаған тәтті ойлар ұйқы әлеміне кеш енгізді. Таңертең ұйықтап қалатынын білді. Ұйықтап қалды да. Өмірінде кешігіп көрмеп еді. Апырым-ау, не деген ұят тірлік. Махаббаттың ел айтқандай кері әсері байқала бастағаны ма? Күнделікті жұмысқа барар жолдағы саябақтан өтіп барады. Асыққанда жүрісі өнер емес. Дәл сол кезде бұған қастандық жасайын дегендей алыстан аппақ киім киген бір адам қолын бұлғап шақырады. Таныстардың бірі ме деп ойлап үлгергенше, әлгі адам жанынан табыла кеткені. Қараса Нұр!

– Алдағы керемет кездесу дегенің осы болды ғой, – деген Ақсезім. Қолынан жайлап ұстаған Нұр өзіне тартып құшағына алды. Ақсезім көзін жұма берді. Осы бір тәтті сезімді, тәтті ертегіні жоғалтып алмайын дегендей Нұрдан мықтап ұстаған.

– Сенен нәзіктік сезінуші едім, мұның не? – дейді ол Ақсезімнің қолының қатты батқанын астарлы жеткізе. Бір мезетте екеуі тербеле бастағандай. Ақсезім жайлап көзін ашқан. Басында саябақтағы әткеншекте тербетіліп отырмыз ғой деп ойлаған. Расында олай емес. Екі аяғы Нұрдың аяқтарының үстінде. Ал ол болса мұны жаймен тербете ауаның бос кеңістігінде айнала қалқиды. Құдды екеуі махаббат вальсінің ырғағына қосылғандай. Өзіне өзі сенбеді. Тіпті, ән әуелеп тұр. «Ешкімге көрсетпеймін, алам да көкке ұшамын...». Бұлай болуы мүмкін емес, тек түстерде ғана ғажайыптарды көруге болады ғой. Әлгі әуен тоқтар емес. Оянып кетті. Жанындағы таныс әнді әуендетіп жатқан ұялы телефонға жымия қарады. Қоңырау шалып жатқан Нұр екен. Сол дауыс:

– Қиялыммен сенің қасыңда күнде боламын, байқа мен барғанша жүдеп қалып жүрме, – деді.

– Өмірді адам түсініп болмайды екен. Біреуді көрсем деп зарықтырып қояды. Бұл Ақсезімнің сөзі. Жігіттің шаттанғаны даусынан білінген:

– Байқаймын, мен саған «бір сезімді» мойындатамын деген уәдеме тұрған секілдімін. Енді екіншісін орындауға аз уақыт қалды.

Отызыншы күн. Таңертеңмен жұмыста отырған секілді еді. Әкесі келіпті. Жағдайын сұрады. Әкесімен батыл әңгімелесе алмайтын қалпынан есейсе де арыла алмай қойды.

– Бәрі дұрыс, – деді де қойды. Әкесі кетті. Сол екі арада бір әріптесі бұны біреу сыртта күтіп тұрғанын айтты. «Неге кірмейді?» деп ойласа да шықты. Қараса Нұр. Бұл жолы түсі емес өңі шығар.

– Екінші уәденді орындайтын уақыт жетті, – деп жымияды. Енді байқады есік алдында әкесінің машинасы әлі тұр. Кетпепті.

– Міне қырсық! – деп ойлады. Қазір жігітпен тұрғанын көрсе, таза масқара сонда болады. Ойының аяғына жетпеді. Әкесі көрінді. Жақтырмаған сыңайы көзқарасынан байқалды.

– Жүріңіз, – деді Нұрға бұл, – ішке кіріп сөйлесейік, – деп жұмыс бабындағы адамдардың кейпіне кіргенін өзі байқамай қалды. Дегенмен жол тауып кеткеніне разы.

Аспаннан түскендей болған сымбатты жігітті көрген құрбысы есінен тана жаздады. Алыстан іздеп келгенін естігенде:

– Мен сенің орныңды жоқтатпаймын. Айтатындарың көп болар, кете бер, – деп жұмыс аяғын күттірмей, итергендей етіп шығарып жіберді. Екеуі қаланың кең көшелерінде қол ұстасып келе жатты. Айтатындары көп секілді еді, бірақ бір біріне батып сөйлей алар емес. Кенет жандарына машина келіп тоқтады. Жүрегі зу ете қалған. Әкесі екен. Нұрды алдына, Ақсезімді артына отырғызып алып, тартып отырды. Беталыстары қай тұс екені жалғыз әкесіне аян. Әкесі мен Нұр ортақ тіл табысыпты. Әңгімелері жарасқан. Ақсезімнің таңданысында шек жоқ. «Өмір бойы таңданып өтер ме екем?» деп ойлады.

Әлдене ойлаған әкесі ауылдың шетіне екеуін түсіріп кетті. Нұрмен қол ұстасып, үйіне келе жатыр. Екеуі шарбаққа жетіпті. Есік алдында тойға дайындық жүріп жатқан секілді. Анасы үлкен екі ыдысқа кезек-кезек қамыр илеуде. Бұларды күле қарсы алды. Ақсезім өз балалығына куә болған туған үйіне Нұрды кіргізбек болды. Есік іздесе, күн шығыс жақтан тағы бір есік шығарып қойыпты әкесі. «Мұның не қажеті бар?» дегенмен, екеуі кәділгі есіктен кіріп, шығыстағы есіктен шықты. Үйіне алысқа кетіп бара жатқандай қимастықпен қарап қалыпты. Көңілі алабұртты. Тек

жанында Нұрдың болғаны медет сияқты. Тіпті, беймезгіл уақытта шақырған әтешті сағынар. Иә, даусын естіп қалайын дегендей құлақ түреді. Әтеш айғайлап-ақ берді. Тіпті, қояр емес. Оянып кеткен. Жанындағы сағат екен, тілі жетіні көрсетіп, әтеші бақырып тұр.

Таныс дауысты тағы естіді. Алғашқы түсінен кейінгілерін Нұрға айтпаған еді. Шындығында айтуға ұялды. Ол сенбесе өзіме ұяты келеді ғой деген. Әлде қиялшыл біреуді емес есі дұрыс адаммен өмір байланыстырайын деген ой туып жүрсе. Таныс дауысқа күрсіне отырып сөйледі:

– Мені белгісіз ой жеп жатқан секілді. Осыған қандай ем табылар екен?

– Неге көп ойланасың? Бәрі уақытымен шешіледі, – деді жігіт. Мына сөзден Ақсезім шошып кетті. Түсім осы жерден тоқтап қалмаса екен! Үрейден үгітіліп кете жаздады.

«Иә, менің жанымды ешкім түсінбейді екен» деген тұжырымға келді.

Қыркыншы күн. Түс те жоқ. Таныс дауыс жоғалды. Тіпті, бір-біріне телефон шалуды түбегейлі үзгендей. Тек он бес күн өткен соң Нұрдан «Жарығым менің!» деген хабарлама хат келді. Ақсезім елжіреп қоя берді. Тез жанған оттың, тез сөнетініне балап, баянсыз махаббат тәрк дүниеге айналған болар деп болжаған. Аса қуана қоймады. Өзін керек ететін жан бар екеніне сенбеген. «Саған да, өз жүрегіме де маза бергенім дұрыс болар!» деп жаза салған. Оны жазу әрине оңайға соқпады. Жарты сағат өтті жауап жоқ. Бір сағаттан соң телефоны әндетіп қоя берді.

– Жеттім жаным, күтіп ал! – деді таныс дауыс. Қолынан телефон түсіп кетті.

– Түсім емес, түсім емес, – деп күбірлей берді. Телефонын қолына алып, дірілдей Нұрға қоңырау шалды. Таныс дауыс: – Ақсезімім! Бұл сенің түсің емес, түсің емес. Мен сен жұтып жүрген ауамен дем алып тұрмын, – деп сөйлеп жатты. Басы айналып кеткен. Жедел жәрдемнің даусы естіле ме қалай? Жанында Нұр сөйлеп тұр ма?

Есін жиды. Аппақ бөлме, аппақ төсек, аппақ әлем. Таныс дауыс құлағына жетеді. Көзін ашуға қорықты. Бір ыстық леп мандайынан өпті. Көзін ашқан. Жанында бір адам шашынан сипай еркелетіп отыр. Нұр екенін жазбай таныды. Сол бейне, сол ықылас, сол мейірім, сол сезім. Түйсігіндегі соқыр сезім қалай сезінсе солай болып шығыпты. Алғашқы көрген түсі есіне түсті. Жымиып қойды. Енді кейінгілерінің орындалуы үшін орнынан тұруы керек қой. Әкесі есіне түсіп еді жүрегі шымырлап қоя берді.

– Жарығым, біз өз күніміздің шығысына бет алайық, – деп қолын созды Нұр. Түсі есіне түсті. Әкесі шығыстан есік шығарып беріп еді-ау. «Түсім өңімде жалғассын!» деп Нұрдың қолынан мықтап ұстады. «Сен нәзік емес пе едің!» деген күлкісі естілді құлағына Нұрдың. «Иә, бұл менің өңім! Біз екеуіміз біргеміз...»

Бұл аянан үмітін үкілеген Ақсезім қайта көзін жұма берген. Тәтті түс тағы өз іріміне алып кетті...

ПЕРІШТЕ

– Мені байланыстар тізіміне қосыңызшы!

Іле-шала монитордың бетіне анкетасы мен суреті көлбең ете түсті. Көзімен сүзе қараған Нәзік, әп-әдемі аққұба жігіттің суреті, тек 1918 жылы туылған пақыр. Солай тіркелсе керек. Ерігіп отырған, тізімге қосты. Агентте монитордың ар жағында кім отырғаны белгісіз, мына беймәлім адам Нәзікті қызықтырып жіберді.

– Оу, арғы дүниеден келген қонақ? – деді Нәзік.

– Жоқ, бұл дүниедегі періште деңіз, – деді беймәлім сұхбатшы.

– Қызықты факт: XXI ғасырда періштелер онлайн-агентте отыр.

– Жаһандану жарқыным!

– Тілектерің бар болса орындалуына көмектесемін, – дейді тағы. Нәзік ойланып қалды, мынау шынымен көктен тіркелген қонақ болып жүрмесін. Мүмкін емес... Десе де:

– Бір тілегім бар еді орындалмай жүрген...

– Орындаймыз, орындауға келсе, «запрос» жібер, күт. Бірақ қанша уақыт екенін айта алмаймын. Интернеттің тілімен сөйлеп отырған әзілқой «досы» езу тартқызды.

– Ойбай-ау, мен біліп істеген күнәсі жоқ пенде едім... Жеңілдіктер жоқ па? – деді қыз да жалынға жанармай бүркіп.

– Оның бәрін «іздеуге» салсақ шығады. Білмей істегендерің де «жадыда» сақтаулы тұрады, – деген мына беймәлім сұхбатшының сөздері Нәзікті ойландырып тастады. Көктен түскен елшідей мүдірмейді. Сөздерінің жаны бар. Күнә демекші... Есінен кетпейтін бала күнгі бір оқиға бар...

Әлі ұмытпайды, Нәзік сегізінші сынып оқып жүрген болатын. Сол күні ата-анасы қонаққа кетті. Дағарадай үлкен үйде, кішкентай інісі мен сіңілісі үшеуі ғана қалған. Бір сәтте бүкіл ауыл бойынша электр жарығы сөнді де қалды. Екі бауырының қараңғыдан қорқып жылағанынан дегбірі қашқан Нәзік жаздың күнгі қапырыққа қарамай үйге кіріп, есігін құлыптап алуды ойлады. Екі бауырын ата-анасы жататын бөлмедегі кереуеттің үстіне апарып тастап, есікті жабуға ұмтылған. Сырттан шылым түтінінің иісі келді мұрнына. Одан сайын денесі дірілдеген, ауылда мал ұрлайтындар қарасы көбейді деп отырған әкесі. Сондай қарақшының бірі болар деп түйді. Жанталаса есікті жауып алуға ұмтылды. Қырсыққанда қолындағы шам желге тербеліп сөніп қалғаны. Әлгі ұры тап қазір түтінін бұрқыратып үйге кіріп келердей үрей туды. Түтін иісі жақыннан сезілгендей болды. Сыртқы есікті жабайын деп тұтқасынан тартқан, бірақ ашылған күйі аңқайған есік, сол орнында қатып қалғандай қозғалмай қойды. Анасы сыртқы тұтқаны теледидардың антеннасына байлап тастапты. Жел шайқамасын дегені ғой. Нәзік есікті жұлқа тартқан, пышақ іздейтін шама жоқ. Өзі оймен, есікпен арпалысып тұрғанда аяғының асты «былқ» ете қалғандай болып «баж» ете қалған дауыс қатар естілді. Шеміршектерді күтірлетіп басып кеткенін тұла бойымен сезді. Дірілдеп кетті. Бар күшін жұмсап, есікті тартып қалды. Тұтқаны байлаған шүберекті күн жеп қойған екен, іріп тұрған ол үзіліп

түсті. Есік жабылды. Ертеңіне кешегі оқиғаны анасына айтып берді.

– Адам деген сонша қорқа ма екен? Сен үйдегі мысықтың марғауын басып кетіпсің. Түнде үйге екеуін апарып алыпты, үшіншісін жеткізе алмапты, белінен мыжылған күйі өне тапшанның астында жатыр, – деді. Нәзіктің тұла бойына тоқ жүріп өткендей дір ете қалды. Кішкентай інісін жетектеп алып, өлген мысықтың баласын шарбақтың аяғына апарып, өзі білетін өлікті жерлеу рәсімін жасап, көміп келді. Бар қолынан келген айыбын, бәлкім күнәсін жуғаны осы ғана болды.

– Енді, менде анау айтқан күнә жоқ шығар. Кезінде байқамай мысықтың баласын өлтіріп алып едім...

– Білмей істеп, шын өкінсең Құдай кешіреді. Ал агентте өтірік айтып, амалдарын орындамағаныңның өзі үлкен күнә! Ондай тірліктерің жоқ па?

Мына сөздер Нәзікті тағы жымитты.

– Мысал келтіріңізші, – деді қызығушылығы шегіне жетіп.

– Агенттегі көпшіліктің өздері байқамай арқалап алар жүгі – өтірік жазу. Үйленгендер – үйленбегенмін деп, өзінің емес өзгенің суретін қойып, тізе берсең көп қой...

– Иә, өтірік айту ауыр күнә екені рас.

– Сонымен қандай тілегің бар? Орындауға келсе көрейік.

– Мен өзімнен ақылды, өзімнен бойы ұзын, аппақ арғымақты падишаға жүрегімді сыйлауға жазса Аллам, разы болар едім.

– Ммм, мынауың өз қолыңда тұрған дүние емес пе, жарқыным ау?

– Жо-жоқ, менің жүрегімдегі тасты жібітсе дұрыс болар еді...

– Ә, Артемиданың садағы керек болғаны ғой жүрегіңе. Ертең бос болса, сөйлесіп көрейін.

– Сөйтші періштем, қарыз болып қалмаспын.

Таңғы алтыға дейін созылған әңгіме осымен бітті. Нәзік бірер сағат қана көз шырымын алып, жұмысына келді. Компьютерді қосып еді, агент жарқ ете қалды. Есіне түндегі беймәлім сұхбатшымен болған әңгіме түсіп жымиып алды. Егер ол шынында өмірде жоқ, бір елес болса ше? Иллюзия, ой жемісі

ғана? Ондай мүмкін ғой. Қой, қайдағы бір өмір кеңістігіне сыймайтын, қиялдың жетегіне еріп кететініне тағы бір жымиып алды. Ой шексіз. Күннің батуын күткендей белгісіз періште агенттен жарқ ете қалды.

– Бүгін әзіл-қалжыңсыз сөйлесерміз? – Нәзіктің сөзі бұл.
– Қалың қалай жарқыным? – деді періште.
– 1918 жылы туылғанмын дегенінді қалай түсінуге болады?
– Оның өзіндік құпиясы бар.
– Мен түсіндім керісінше жазғансың ғой туған жылыңды.
– Жарайды, енді мен туралы мылжыңдай бермейікші, сен қайда жұмыс істейсің?

– Мен жергілікті баспасөзде жұмыс істеймін.
– Е, жарайды газеттемін десеңші, газетінді тауып оқырмын, сені қайдан табамын?

– Мені қайтпексің?
– Дұрыс айтасың. Сені қайтпекпін. Негізі мен агентпен таныспаймын, таныса қалсам қызға киноға апар деймін, ұнамаса үйге апарып таста деймін, ұнап жатса ары қарай...

Мынауың бір өз бағасын асыра сілтеп қалған сойқан ғой деп ойлаған Нәзік:

– Мен терезенің алдына шақырамын, жігіттер ұнаған емес, ары қарай алаңсыз шай ішіп отыра берем...

– Онда терезеңнің алдында бегемот тұрса, ол мен, – деген бейтаныс сұхбатшы тағы бір күлдірді. Мына жігітпен ішің пыспас деп ойлаған.

– Жарайды, мені киноға шақыр, тек бірнеше шарттарым бар, – деді бейтаныс сұхбатшы.

– Ол не шарт? – деген Нәзік елең ете қалды.
– Біріншіден маған тиіспейсің, гүл сыйлайсың, үйіңе өзің қайтасың, бетімнен сүйіп қана қоштасасың! Әдейі жігіт пен қыздың орнын алмастырып сөйлеп отырған болар деген Нәзік жауап қатты:

– Жарайды, кезінде көрерміз, уәде бере алмаймын.
– Телефон нөміріңді бер! Нәзік нөмірін жазды, – тек өзіндікін де бер, әйтпесе мен бөтен нөмірді көтере бермеуші едім, –

деген. Екі күнге созылған сұхбаттың ең шынайы жері осы ғана еді.

Әңгіме арасында кезекші мақаласын жазып отырған Нәзік уақыттың қалай өтіп кеткенін байқамай қалыпты. Таңғы алтыға дейін отырыпты.

Ертеңіне дәл уақытында беймәлім сұхбатшы телефон соқты. Салмақты өрбіген әңгіме «қайда барамыз, қандай фильм көреміз?» дегеннен ұзаған жоқ. Қала орталығындағы «Люмьер» атты жиырма адамдық шағын кинотеатрға билет алған жігіт тура сегізде Нәзікті күтетінін айтты.

Айтқан уақытқа санаулы сағаттар қалған болатын. Қала шетіндегі мөлтекауданнан келе жатқан Нәзік ең қысқа жол осы болар деп, шағын көшенің бірімен зырлап келеді. Қас қылғандай жол полициясы шыға келді. Нәзік жол ережесін бұзбағанына сенімді. Неге тоқтатты екен? Құжаттарын алып, асыға аға лейтенанттың жанына жеткен.

– Мен ереже бұзған жоқпын, жай тоқтаттыңыз ба? Асығыс едім, – деген Нәзіктің сөзіне үндемеген жол полициясы қызметкері, жүйкесімен ойнайын дегендей құжаттарына тесіле қарай берді.

– Ағай, асығыс едім м м...

– Міндетті түрде жол ережесін бұзғанда тоқтатуымыз қажет па? Әйтпесе, сізді таба алмаймыз, – деп, арғы жақтан сыныптасы Данияр шығып келе жатты.

– Уһ! – деп, демін бір алған Нәзік кешігуі мүмкін екенін жеткізіп, оңай құтылғысы келді. Өрнені айтып, мағынасыз әңгімелермен миын ашытқан Данияр ренжіген болар.

Кинотеатрға жеткенде сегізден бірер минут өтіп кеткен болатын. Өмірінде кешігуді және күтуді ұнатпайтын Нәзік бейтаныс сұхбатшысының алдында ұятқа қалдым ба деп ойлап үлгерді. Кинотеатрдың фойесінде бір қыз бен жігіт отыр екен, зал қараңғы.

– Әлі, бес минут бар басталуға, – деді Нәзіктің ойын оқығандай билет сатушы жігіт. Іште тұра берудің ретін таппаған Нәзік сыртқа шықты. Жан баласы жоқ. Егер менің

сөйлесіп жүргенім жай елес болып шықса ше? Осы ой миын қажап өтті. Белгісіз бір күш осында сүйреп әкелгендей, егер тәкаппарлығына салса, бір минутта қайтып кетсем ба екен деп те ойлады. Жарайды нөмірі бар ғой қоңырау шалайын. Телефонын қолына ала бергені сол еді, көктен түскендей, ұзын бойлы аппақ киінген, бәлкім Нәзікке солай көрінген шығар аппақ жігіт бұны бетке алып тура жүріп келеді. Сол екенін білді. Жігіт те таныды. Нәзік қап-қара киінген, көзінде көзілдірігі бар, кіп-кішкентай ғана қыз тұғын. Жігіт:

– Досым сен төрткөз екенсің ғой, – деп айтып қала жаздап, тілін тістей қойды:

– Нәзік? – дей салды езуіне үйірілген күлкіні тежеп.

– Иә! – деді қыз тура бір жыл уақыт күткендей томсырая. Ренішін білдіргісі келмей, романтикаға жүрегі толы қыздың ойынша жігіт есік алдында күтіп тұруы қажет еді ғой.

– Жүр кеттік, – деді жігіт асығыс, бір минут оңаша қалса қарқылдап күліп жіберетінін сезіп.

Кино басталды. Ресей мен Жапонияның бірігіп түсірген комедия жанрындағы фильм болып шықты.

– Мынау атын айтпады, жігіт болғанына болайын, қандай көкірек адам, әлде көп сөйлемейтін салмақтылығынан ба екен? Жігіт те ой үстінде. Жанында еркін отырған көзілдірікті қызға көзінің қиығымен қарап қояды.

– Комедияға күлмейтін қандай безбұйрек қыз? Кино тез бітсе екен!

Фильм біткенше екеуі тілдеспеді. Сыртқа шыққанда ғана жігітке біреулер қоңырау шалып, сөйлесіп қалған. Нәзік қоштасып қайтып кетсем ба екен, әлде не деп ойланып тұрғанда, жігіт:

– Жұмыстан шықтың ғой, қарның ашты ма? – деді.

– Иә.

– Онда жақын маңдағы кафеге бара салайық, – деп жігіт жүре берген. Екеуі кафеде кездесті.

– Машина айдағаныңа неше болды? Ішінде «осы әйелдер неге рөлге құмар болды екен? Бәрібір еркектерден аса алмас» деген ой тұрды.

– Үш жыл. Қыз оның ойынан бейхабар алаңсыз салмақты жауап берді.

– Фильм ұнады ма?

– Иә, бірақ мен комедия емес, үрей туғызатын фильмдерді ұнатамын.

– Неге? – жігіт жай сұрай салды.

– Миым түрлі ақпараттарға толып шаршап кеткенде, үреймен демалдырамын.

Мәссаған, мына қыздың есі толық дұрыс па? Әзіліңе жақсы жауап қайтарады, бірақ кейде «қуып» кететіні бар ау шамасы деп ойлады жігіт.

– Құпия болмаса атыңды айтарсың? Есіне енді түсті, қызды менсінбей отырып есімін айтпапты ғой.

– Қуаныш. Менің Нәзік деген қарындасым бар.

– Сен саяхаттағанды жақсы көремісің? – деді Нәзік.

– Жоқ, өмірімде Алматыдан ары асып көрмеппін.

– Ал менің мамандығым сондай, ел аралауды қажет етеді. Арғы күні жолға шығамын.

– О, қайда бармақсың?

– Бұл жолғы бағытым Батыс Қазақстан.

– Мен Алматыда біраз жұмыс істедім, сосын Таразға оралуға тура келді. Мұнда анам бар, жалғыз тастай алмадым. Міне, әңгіме әзілден ауытқып, шынайы шыға бастады.

– Үйлендің бе? Алдындағы асты шанышқымен аузына сала берген Қуаныш жауап қатпай, назарын суып қалған шайға аударды. Даяшыны іздеп, ыстық шайға тапсырыс берді.

– Сен неге тұрмысқа шықпай жүрсің? Білем не деп жауап беретініңді, есейген сайын талғамың биіктей береді. Өзіңе идеал іздейсің. Бірақ, өзің идеалсың ба, оны ойламайсыңдар...

– Он сегіз жасымда ұрлап кетпегеніне мен кінәлі емеспін!

– Көрдің бе, мойындап отырсың! Ол кезде мойынсұнып қала беретін едің.

– Шынайы махаббатты сезінгім келеді. Отбасын құру махаббатты бұзу дегенге келіспес едім. Мен сүйген адам балаларымның әкесі болуы тиіс.

– Махаббат бар дегенге сенетін періште екенсің, – деген Қуаныш: «Періште мен емес, сенсің ғой», – деп қалды күбірлеп.

– Періштем, менің тапсырысымды қашан орындайсың? – деген қыздың даусынан селк етті.

– Орындаймыз, нақты қандай адам талғамыңа сай әдемілеп жазып жібер, – деді. Дауысы бір түрлі шықты.

Қуаныш қызды қимай қалды. Оны машинасының жанына дейін шығарып салды. «Жүр келесі киноның сеансы басталатын уақыт болды, барайықшы» дегісі келіп кетті. Жымия бас тартқан Нәзік қоштасар сәтте қолын ұсынып еркелікпен «сүй» деді. Неге олай еткенін өзі білмейді. Қуаныш абдырап нәзік саусақтарды қысып, қоштасты. Бір көргенде жақтыра қоймаған қыздың қылықтары ұнай бастады. «Ғажайып күн үшін рахмет!» деп хабарлама жіберді. Қыздан жауап келмеді. Бәлкім, ол өз қиялымен жүрген жан шығар деп ой түйген жігіт енді мазаламағанды дұрыс көрді.

Бүгін Нәзік жолға жиналды. Таңғы беске ғана билет тапты. Телефоны безілдеді. «Шығарып салайын ба? Пойызың нешеде? Періште». Қуанып кетті. Вокзалға жетуді ойламапты, бір жағынан бір күн бойы хабарсыз кеткен досының табылғанына таңданды.

Дайын отырды. Сағат әлі түнгі бір. Қуаныш ертерек барамын деп телефон соққан. Түнгі екіде келді.

– Қайда барамыз? Әлі үш сағат бар ғой, – деді Нәзік таңдана.

– Сені вокзалға апарып салып, үйге қайтамын. Еш қалжыңсыз салмақты сөйледі. Нәзік бұртиды. Оған мәз болған Қуаныш:

– Жүр тамақтанып алайықшы, әйтпесе менің қарным ашты. Жұмыстармен ары-бері жүріп, кешкі асымды ішпедім, – деп, бірден қала орталығындағы таңға дейін қызмет көрсететін тәуліктік кафеге келіп тоқтады.

Екеуі вокзалға пойыз келетіннен бір сағат бұрын келді.

– Мен сенімен бұрыннан таныс секілдімін, – деді Қуаныш машинаның алдындағы темір жол вокзалының алып ғимаратына қарап отырып, – Мен сен туралы бәрін білемін, ал сен мені білмейсің.

– Маған білудің қажеті жоқ шығар. «Мен ештеңені білмейтінімді ғана білемін» демеп пе еді Сократ.

Өзін биік ұстағаны ма, әлде шынымен мені ұнатпайды деді ме жігіт үндемей қалды. Интернетпен танысып, ертеңіне төсектен бірге оянып жататын қыздардың біріне ұқсамайды. Түр басында еш артықшылық жоқ, тек ойы, ойы ғана оны басқалардан ерекшелейді.

– Сен біреуді ұнатып көріп па едің?

– Менің махаббатым да, байлығым да ойымның бостандығы.

– Сен неге тура жауап бермейсің? Мен шығармашылық адамы емеспін, түсінігім тереңге тартпайды.

– Мен сенің уақытыңды алмадым ба?

– Онда түсіп қал, мен кете берейін. Енді олай десең, мені ренжітесің.

– Жарайды періштем ренжімеші. Түнімен үйіңе бармадың. Әлдеқандай... – деп сөзінің артын жұтқан Нәзік үндемей қалды.

Айттым ғой бұл қыз сол бір дәуірден қалып кеткен жалғыз «экземпляр» болар деген жігіт, алдында ой тұңғыығына батып, мұның жайын уайымдап отырған қызға қарап «періште» деп тағы күбірлегенін байқамай қалды.

– Иә, сен періште мен перімін!

– Мен сені жібергім келмей отыр, – деді Қуаныш аздаған үнсіздіктен соң.

– Түу, бар болғаны бір апта, келемін ғой, – Нәзік еш ойсыз айтып салған, тілін тістей қойды. Екеуінің араларында бір жіпсіз байлау пайда болғандай.

Үнсіздікті вокзалды басына көтере айғайлаған дауыс бұзды. «Екінші жол торабына Батыс Қазақстан пойызы келіп тоқтады».

Он бірінші вагонның алдында жолсеріктен өзге ешкім жоқ.

– Хабарласып тұр! Күтіп аламын.

– Жарайды періштем. Мен келгенше тапсырысымды орындап қой.

Екеуінің сөзін жолсеріктің даусы бұзды:

– Қазір екі минутта қозғалады, келіншегің бе? Тез қоштассандаршы!

Нәзіктің беті ду ете қалды. Вагонға қарай жалт берді. Қолынан ұстап үлгерген Қуаныш өзіне тартып, бетінен сүйіп

«Жолың болсын!» деп сыбырлады.

Купесіне кіргенде пойыз орнынан жайлап қозғала бастады. Терезеден сыртқа көз тастаған, Қуаныш әлі кетпепті. Қайта оралатынын білсе де жанының бір бөлшегін жұлып тастап бара жатқандай қимастық бар.

Телефоны безілдеді. Қуаныштан хабарлама. «Мен саған айтқым келген сөзім бар еді. Ана жолсерік кетпей қойды ғой жанымыздан. Сені жалғыз жібергеніме өкініп отырмын». «Келген соң айтарсың. Күт!». «Мен сенімен қайда болса да ілесіп кетер едім. Жүрегім, жаным бос, бірақ аяқ-қолым байлаулы». Мына хабарламадан соң қыз жігіттің жүрегіне жол салып алғанын ұқты. Сөзінің астарында не жатқанын анық білмесе де болжағысы да келмеді. Бір апталық іссапар екеуін жақындатып жіберген-ді.

Жұмыстары сәтті аяқталды.

– Оу, жаным! Сен батыстық болып кетпедің бе? Қайтсаңшы, сағындық қой.

– Мен таңертеңгі жетіде түсемін пойыздан.

– Жарайды күтіп алайын. Тек менің телефонымның қуаты бітіп барады. Қазір жолдас баламның тойына барамын. Ары-бері жүргенше, сені вокзалдың қонақ үйінде күтемін. Жетінші бөлме. Жүктерің жоқ қой.

Байланыс үзілді. Нәзіктің ойы онға бөлінді. Жігіт оны қонақүйге шақырады, жақсы таныс емес, бар болғаны екі рет көрді. Бірақ ақылы бармау қажеттігін айтса, жүрегі солай қарай жол сілтейді. Таңға көз ілмеді. Қуаныш күлімдеп есік ашып, бауырына басындай ыстық кездесуді ойлап ұйықтай алмады.

Таң рауандап атып келеді. Таныс қала, таныс иіс. Сонау батыстан қызды тартып әкелген тағы бір күш бар еді, ол жігіттің жүрегі. Пойыздан түсті. Вокзалдың қонақүйінің жетінші бөлмесіне жетті. Жай жеткен жоқ, ойымен алысып жетті. Қонақүйге бара жатқанына ұялды, әлде ұялмады. Сенімсіздікпен есік қақты. Жауап жоқ. Ар жақта ешкім жоқтай, дыбыс естілмеді.

– Есікті жай ұрыңыз, басқалар демалып жатыр, естіледі ғой, – деді қонақүйдің ресепшні. Нәзік шығып жүре берді. Таксиге отырып үйіне жетті. Ол бар болғаны періште, мүмкін елес

шығар бірде көрініп, бірде көрінбейтін. Егер адам болса есіктің ашылмағаны дұрыс болды деп ойлады.

Минут өтті ме өтпеді ме, көзін ұқалап бөлменің есігін ашқан Қуаныш ресепшннен Нәзіктің келіп-кеткенін естіді. Аяқ киімін киер киместен сыртқа ұмтылды. Абыр-сабыр соғылысқан халық арасынан бұның Нәзігі байқалмады. Кетіп үлгеріпті. Жалаң аяқ жүгіріп жүрген бұған таңырқай қараған такси жүргізушінің жанына келді:

– Ағатай, телефоныңызды беріңізші, қоңырау соғайын, – деді ентігін баса алмай.

– Е, інім, біз де жас болдық, бірақ сен есің кете ғашық болғансың-ау! – деген жүргізуші кекеткені не жаны ашығаны белгісіз дауыспен.

Қыз телефонын көтермеді.

– Біздің өміріміз бір арнамен ақпайды. Құдайдың өзі кездестіргісі келмеді ма екен? Кешір мені Нәзігім, – күбірлеген жігіт қыздың үй жағындағы екеуі сырласатын орындықта отырды. Бәрі бітті деп ойлады. Соңғы рет, бәлкім соңғы рет тілдесермін деген үміт таксафонға жетеледі. Дың, дың, дың... енді көтермейді деп ойлаған. Жо-жоқ, ар жақтан таныс дауыс «иә, тыңдап тұрмын» дегенде жүрегі дүрсілдеп кетті. «Жаным, мен бәрін түсіндіремін, кездесейікші», «Жарайды қазір шығамын».

Екеуі қала шетіндегі «Махаббат көпіріне» барған.

– Қуаныш менде екі жол бар, білесің бе?

– Ол қандай жол жаным? – деген жігіт қыздың неге әкеле жатқанын түсінген, нақты не айтатынын білмеді.

– Болашағымды не сенімен, не жалғыз жасаймын! Жігіттің жүрегі дір ете қалды.

– Олай демеші, алдыңда не тұрғанын білмейсің ғой.

– Сен өзіңе уәде беріп көрдің бе? Ал, мен сенің алдыңда осыған уәде беремін.

Жігіттің жүрегі дір ете түсті. Бәріне нүкте қоятын жер осы.

– Мен саған бар шындықты айтқым келеді. Болашағыңды байлама, менің екі балам бар, солар үшін өмір сүремін. Біз кешігіп кездестік.

Тосын сөзден төбесінен жай түскен Нәзік:

– Сезгенмін, – деді жай ғана. Шындықты естігісі келмеп еді. Жұдырықтай жүрегіндегі тәкаппарлықты еріткен, бақытты күндерін көбейткен жаннан оңайлықпен бас тартпастай бекінді.

– Мейлі, – деді кірпігіне ілінген тамшы жасты ірке алмай, – Мен сені балаларыңмен қабылдаймын.

– Сен анаңа айтшы мен туралы, ештеңе бүкпе! Ол кісі не десе, соны орындаймыз, – қызды жұбатудың ретін таппай отырған жігіттің айтқаны осы болды.

– Балаларыңмен таныстырасың ғой?

– ...

Нәзік жігіттің айтқанын орындады. Жүрегіндегі махаббатты анасына айтып берді.

– Не? Абыройыңмен ақ босаға атта. Егер бала-шағасы бар еркекпен жүріп, атыңды былғасаң, мен ақ сүтімді кешпеймін!

Нәзік өз жүрегіндегі махаббаттан өмірдегі қалып, отбасы абыройы биік тұрғанын түсінгісі келмеді, бірақ мойындады. Өзі таңдаған екі жолдың соңғысы бұған бұйырыпты. Жігіт адалдыққа, ақ періште махаббатқа қылау түсіргісі келмеді. Қыздың жылағаннан көзі суалды. Бәрін ұмытқысы келді. Аққайнар ақылын алжастырса деп әбден ішкен. Есін біледі, буындары балқығандай. Хабарлама жазып отырғаны есінде. «Сен балаларыңды таңдадың, мен анамды тыңдадым. Уәдем уәде. Қош!».

Қоштасудан кейін үнемі Қуаныштың жұмыс терезесінің алдына келіп, бір көріп кететінін Нәзік білмеді, байқаса да білмегенсіді.

ТЕТ-А-ТЕТ

Ол және Мен

Алдымен Ол телефон соғады. «Кездесейік!». Мен келісемін. Тура кездесетін уақыт тақағанда телефоным сөніп, өзімнің қайда екенім белгісіз болып қалады. Дұрысы телефонды әдейі

өшіріп, «жоғаламын». Мен үшін біреудің азаптанып, таң атқанша жетім қайыңның түбінде сарыла күтіп отырғаны жанымды жай таптырып, тыныш ұйқыға кетемін... «Қайырлы түн, жүрексізім!». Бұл Одан келгенмен селт еткізбеген СМС хаттардың бірі.

Осыдан кейін Ол екі-үш күн үнсіз қалады. Аптаға жетпей телефоным безілдейді. Мен бұл жолы кездесуден бас тартпаймын. Уақыты келгенде үйден шыққым келмей қоятынына жауап таба алмай отырамын. Барғызбасым барғызбайды.

Күндер өтіп жатады... Тағдыр жазуы ма екен, қырсыққанда Ол алдымда тағы да жұмбақ ой салып, жымыяп тұрады. Иә, біз қайта кездесеміз. Болмаса...

Мен жаяу жүргіншілердің жолымен кетіп бара жатамын. Ол машинасымен жанай тоқтай қалады. Ешқандай жол ережесіне бағынғысы келмейтіндей көрінеді. «Қайда барасың?». Бір құлды танымайтын таксист секілді. Менің жауабымды күтпестен «Отыр!» дейді қарсы болмасын дегендей салмақ сала сөйлеп. Машинаға қалай отырғанымды білмей қаламын. «Жүрегім неге оған қатал болды екен?» деп күрсініп аламын. Ол бұл ауыр күрсінісімді әлденеге жорығысы келе ме, кім білсін, сәл демін ішіне алып, маған мейірлене қарап қояды.

«Сезіммен ойнағаның дұрыс па?» дейді сәл ғана. Көзінен «Неге махаббатыммен ойнайсың?» дегенді ұғып жүрегім дір ете қалады. Әйтеуір дөрекілік көрсетсем мені жек көрер деген ниетпен: «Саған сол керек!» деймін. Машина кілт тоқтайды. Менің күткенім осы жұлқынып түсіп қаламын. Міне, сол кезде ғана ол ширатыла демін ішіне алып, машинасын бар жылдамдықпен басып айдап кете барады. «Алла-ай, жазым болмаса екен!» деймін тілеуін тілеп. Мен оның соңынан қарап тұрамын. Ол да айнасынан менен көз алмай алыстап бара жатқанына сенімдімін. Тіпті, алыстап, нүктеге айналғанымды қалар ма екен? Мен оның жүрегіндегі мәңгілік нүкте екенімді біліп тұрамын...

Келесі жолы мен баратын жерден Ол да табылады. Бас изеп қасына амалсыз жайғасам. Оның маған мейірлене қараған көзқарасынан өкпем қысылып, жүрегім езіледі. Бір сәт Оны аяп кетем. Оның бар ойы Менде болса, менің ойым онымен

тілдеспей қалай шығып кетудің сан түрлі амалдарын іздеп аласұрып жатады. Ел шығып жатқанда ол маған бір сөз айтқысы келгендей ұмтыла береді. Сол сәт көптен көрмеген бір кісі атымды атап шақырады. Қуанғаннан секіре жаздаймын. Әлгі кісі мәз. Ал, Ол болса мұңайған күйі менің бар қимылымды бақылап, әрірек барып тұрады. Бір сәтте әлгі кісінің іш пыстырарлық әңгімесі бітеді. Лажсыздан тыңдағанмын. Мен есікке беттеймін. Ол менен басқа жұмысы жоқтай күтіп тұрады. Бар батылдығымды жинап, өзімді қинап, оған қарап жымиған боламын. «Кешке кездессек қайтеді?» дейді, дәл осы ұрымтал сәтті бекерге жібергісі келмей. Менің санамда өз есебім жүгіріп өтеді. «Жақсы телефон соқ!» деймін. Ол қуана басын изейді. Бірақ, кездеспейтінімізді ол да, мен де жақсы білеміз.

Ертең көзіме көрінбесе екен деп тілек тілеп жатамын... Таң атпай есіктің қоңырауы безілдейді. Мен орнымнан тұрмай үні өшпейтіндей. Еріне есікке жетіп, ашулана ашып қаламын. Сол мезетте жаным жадырап сала береді. Есіктің алды толған мыңдаған, бәлкім сол бір өлеңдегідей миллион-миллион ақ раушандар. «Мұндай сыйды қандай жүрегі мәрт адам жасады екен?» деп тұрғанда көзім үлкен себеттің жиегіне қыстырылған қағазды көреді. Ашып қарасам таныс есім, таныс сөз. Осы сәтте гүлдер нәзіктігінен айрылып қалғандай. Жек көре қараймын. Жүрегім ештеңеге жібір емес! Ол «Сен тасжүрексің, болмаса тым тәкаппарсың. Иә, тәкаппарсың!» деген еді-ау.

Онымен танысқан күнге лағнет айтамын. Жолығып нем бар еді? «Өзіме де, жүрегіме де маза берші!» дегім келген. Айта алмадым, оны аядым. Өзімді аямаппын. Ол маған «Сені сүйем» деп айта алады. Ал мен айта алмаймын. Менің жүрегімдегі махаббат басқа...

Мен және Ол

«Менде бәрі бар! Бірақ, мен сенсіз жалғызсыраймын» деп кірпігіне түскен ақ қырау жұлдыз қарды сүйіп алдым. Дәмі білінбей ернімде ереді. Құшағына кіп-кішкентай болып еніп кеткем. Оның алып жүрегінің соғысынан дауысын

естігендеймін. Миым жауап іздеген сан сұраққа шырмала кетті.

Өзімдегі өзгеріс не дейді? Мен күткен адам осы ма екен? Бір тоқтамға келу ерте!

Берік қамалдай сезім тыныштығымды басында бұзған өзі! Сосын үнсіз қалды. Алайда мен үнсіз қала алмадым. Жүрек тұңғығымдағы белгісіз күш қозғалып, алаулаған сезімге айналып шыға келді. Бұл қаншаға созылар екен деп ақырын күттім. Кездесуге мүмкіндік бердім. Ол қуанғандай еді.

Біздегі махаббат... Махаббат деп айтуға тұрарлық болса, қол ұстасып шағын қаламыздың тар көшелерінің бірінде қыдырған сияқты болғанбыз. Бәрі керемет еді. Еркелетті, еркеледім. Бірге өткізген әр минут, арамыздағы әр сөз санада жаттала бастады. Оның жүзі алабұртып, бақытты екені күлімдеген көзін бүркемейтін-ді.

Үш ғана кездесу. Болған біткені осы. Арамыздағы аз ғана жас айырмашылығы секілді бізді жақындатқысы келмейтін бір күш болды ма екен? Жақын, бірақ алыс едік. Ол мені өзіне тым қатты жақындатқысы келмейтіндей көрінетін. Мен суи бастадым. Соңғы кездескенімізде Ол өзін ақылды көрсеткісі келіп, мағынасыз сөйлеп кеткендей көрінді. Санам кері тепті, «ойымдағы идеал жоқ» деп күбірлегем. Ол түсінсе де естімеген сыңай танытты.

Иә, жақын жүрсек те алыстай бастадым. Енді оның жетінші сезімі ашылғандай мені мазалай бастады. Бірақ менің жүрегімде, оған білінер-білінбес сызат қалды. «Енді кездеспейміз» дегім келген. Неге кездеспейміз? Жоқ біз кездесетін боламыз» оның даусы сенімді шыққан. Соңғы сөз осы. Мен оған «Сен өзінді сүйуге мүмкіндік бере алмайсың ғой, сондықтан» деп айтып қала жаздап, тілімді тістей қойдым. Мен күткен адам... Ол емес, басқа...



Трунмухтер

МАХАББАТ РОМАНСТАРЫ

I

Аядай кабинет. Ішіндегі бес адам компьютерлеріне шұқшиып алып, әлденені тарсылдатып басып отырады. Өйтеуір, жұмыс жүріп жатыр. Ешкім ешкімді мазаламайды, артық әңгіме жоқ. Осы бір іш пыстырарлық (өзіне солай көрінеді) төрт жігіттің ортасында жалғыз қыз Жанар өзіне жақсы ермек тауып алды. Күн ұзақ есеп-қисаптан шаршаса, электронды поштасын ашып, танысу сайтына кіреді. Мұнда біраз таныстары да кездесіп жатады. Сондықтан ол өзіне лақап ат тапты. Жан. Өз есімінен гөрі бұл соңғы үлгідегідей болып көрінгендіктен болар Жанар образға мықтап енді. Тек студент кездегі суретін қоюды дұрыс көрді. Дегенмен, жас көрінбек.

Таңдау деп осыны айт. Қай ұлт керек, шет елдің түкпір-түкпірінен танысқың келе ме, қай жастағысы керек? Бәрі оп-оңай. Жапон жігітпен сөйлескің келсе, орысша сәлеміңді жаз, сол минутта-ақ аудармасымен оған жетіп барады. Қыз-жігіттер туралы көл-көмедей анкетасының өзі оның бос уақытта итпен қыдыратынына дейін мәлімет береді. Суретін қоя ма, жоқ па, ол өз еркінде. Тек компьютерің мен интернетің болса жетеді. Қиындықсыз тіркелесің. Міне, жаңа заманның кереметі. Өз қаласының, тіпті елінің жігіттерімен танысуды олқы санаған Жанар–Жан Австралияның Мельбурн қаласында тұратын қазақ жігітімен әңгіме өрбітіп жүр. Көк теңіздің ортасындағы жасыл мекеннен дәм-тұз бұйырып, өмірімді сол жерде өткізермін деген дәмесі де жоқ емес. Австралиялық Ромеоның (осылай тіркелген) бұлыңғыр суретінен әлдебір таныс бейнені көргендей болады. Бірақ, қазаққа қазақ ұқсай береді деп қойды. Ромео бұны Джульетта қылуға бел байлағандай сыңай танытты. Қазақстанда туып-өскен жігіт әкесінің қызметіне байланысты отбасымен көшкендіктерін айтып, қайда тұрса да тек қазақтан жар алатынын айтып сендірді. Кездесу сәтін күтіп қыз жүрді.

Жаңа жылға бір ай қалғанда жігіт арнайы қызды көру үшін елге баратынын айтты. Қуанышы қойнына сыймаған Жанар–Жан жүрегі лүпілдеп жүріп, шетелдегі жігіті туралы ата-анасына, достарына айтып қойған еді.

Көптен күткен сәт жетті. Жанар-Жан орталық драма театрдың алдында сүйіктісін күтіп тұрды. Көп уақыт өтпей-ақ, артынан келе жатқан аяқ дыбысын естіді. Бұл сол болуы мүмкін. Шынында бұл соның өзі еді. Қыздың көзін жұмды. Қыз наздана еркелікпен жігітке бұрылғанда... Таңданыс пен өкініш екеуінің жүзін шарпып өтті. Бұл шынымен сол ма?

Сілейген үнсіздікті Жанар бұзды. Алдында ұяттан жарылардай болып тұрған күнде бір кабинетте өзіне қарама-қарсы отыратын бәкене бойлы, бұжыр бет, көп сөйлемейтін еріптесі Мақсатқа қарап тоқтамай күле берді.

II

Таң қылаң бергеннен оянып алды. Бүгін кездесетін күн. Жаңашыл затқа жаны құмар. Бұрын үйде сирек болатын. Қазір сыртқа аттап шыққысы жоқ. Оны байлап қойған ешкім жоқ. Бірақ отыруға мәжбүрлейтін бір күш бар. Ол «компьютер қыз» – Сая. Ө, дегенге өзгеше естілуі мүмкін. Бірақ, бұл Тіректің интернеттегі танысу сайтындағы өзі тілдесіп жүрген қызына қойған аты. Үнемі аппақ қоян секілді, жымыып қана түскен суреттерін жібереді. Тіпті, оны басқа түсті киіммен елестету мүмкін емес сияқты. Адамның сыртқы келбеті сезім ояту үшін маңызды екенін сезді. Ол реңсіз бірақ жан дүниесі сұлу болса не істер едім деген сауал қойды да жауап бере алмайтынын ұқты.

Асыға электронды поштасын ашып, одан хат келгенін көргенше тағаты қалмайтын. Алғаш Тірекке лебізін білдірген Сая қыздың өзі.

– Қалың қалай? – деп жазған Тірек алғашында басқаша жауап берудің ретін таппай.

– Жақсы, бақытты болуым мүмкін, – деген жауап келді қыздан.

– Сендей қыздардың бақытты болғанын көрудің өзі бақыт шығар. Сая, атың қандай әдемі еді.

– Атымда не өзгешелік бар дейсіз, мен әркімге-ақ сая болғым келеді, ал маған кім пана болмақ?

– Мен саған тірек болсам қайтеді?

Бәрі осы диалогтан басталды. Жігіт қандай сауал қойса да қыздан ұтымды жауап алып отырды. Шебер жазушы ғана емес, аса ақылды қыз екенін байқап үлгерді. Тіректің Саямен жақын сөйлескен сайын бетпе-бет кездесіп танысуға деген құштарлығы арта түсті. Бірақ, қыз кездесуді кейінге қалдыра берді. Ал, жігіттің қызды көруге деген ынтызарлығы күшеймесе бәсеңдемеді.

– Бір қалада тұрып, осынша уақыт кездеспегеніміз жаныма батады. Сені көргім келеді, – деген жігіт өзі күткен жауапты алып қалармын деген оймен.

– Кездесу үшін жандүниеміздің ішінде біз білмейтін бұлтарыс қалмау керек. Мұны бір-бірімізді зерттеу деп түсінгенің абзал. Оған кемінде бір жыл уақыт қажет болар. Бәлкім екі, одан да көп жыл болуы мүмкін...

Жауап сол баяғы. Қыз итерген сайын жігіттің ынтызарлығы арта түседі. Құдайым-ау, осы қаладағы біраз қызбен танысып үлгерді. Екі күн сөйлессең үшінші күні өзі-ақ кездесуге шақырады. Бірінен бірі айнысашы. Ал, бұл не деген тәкаппар жан! Шынында, таза қазақи қалыпты қыздың үлгісі ғой. Осы қыз ғана менің жарым болуға тиіс деген шешімге келді.

Әдемі өрілген сөздер, махаббаттың нышанын білдіретін лебіздер екі жақтан бірдей шығып жатты. Осылай бір жарым жыл білінбей өте шықты.

Бүгін Тіректің асыға күткен күні. Ақырында Сая кездесуге келісті. Өмірінің кейіпкерін көреді. Соншама талғамды қызға бір көргеннен керемет әсер қалдыру үшін біраз еңбектенді. Киініп өз сымбатына айна алдында масаттана қарап тұрып, «Тіпті сол жерден АХАЖ-ға алып кетем» деп жымып қойды. Дегенмен бақытты еді.

Кездесудің жерін қыз белгілеген. Тірек уақытынан біршама ерте келді. Өткен-кеткен қыздарға қараған сайын, қандай болды екен деген бір жыл бойы мазалап жүрген сұрақты миы қайталайды. Дәл айтқан уақытында Тіректен сәл қашықтау қызыл түсті шетелдік автокөлік келіп тоқтады. Бұл аса назар аудармаған. Сол жақ беттегі есігі ашылып ішінен жас жігіт түсіп, бұның жанына келді.

– Сіз Тірек мырза боларсыз?

– Иә, иә, – деді Тірек сасқалақтап.

– Жүріңіз, сіздің күткеніңізді алып келдім.

Тірек мына кинодағыдай құпия кездесуге түсінбей жігіттің артынан ілесті. Машинаның алдыңғы есігінің терезесінен өзіне қадалған мөлдіреген жанарды көрді. Әнтек жымиып отыр. Құдай-ау мынау періште ғой! Бір мезгілде оп-оңай бақытты Құдай беруі мүмкін екен ғой деген ойды ойлап бара жатып, машинаның есігіне жармасты. Арнайы алған қып-қызыл раушандарды ұсынбақ. Машина есігін ашқан күйі жансыз бейнедей қатып қалды. Қолындағы раушандары бей-берекет шашылып жерге түсті. Оны тоқтатқан, тоқыратқан қыздың екі санынан төмен жоқ болатын.

III

– Есіміңіз Мадина әдемі екен.

Бұлардың әңгімесі қалыпты диалогтан басталған.

– Рамиль деген татар ұлтының есімі ғой. Сіз қазақсыз ба?

– Сіздің есіміңізді неге Мадина деп қойды?

– Нағашыларым әнші Мадина Ералиеваны жақсы көріп тыңдаған екен. Соның құрметіне қойса керек.

– Міне, көрдіңіз бе? Бір нәрсе себеп болары сөзсіз. Ал менің әкемнің Рамиль деген татар досы болыпты. Ұлым болса есіміңді жаңғыртамын деген уәдесін орындапты.

– Мәссаған, менің бір танысымды есіме түсірдіңіз.

– Неге суреттеріңізді қоймағансыз?

– Сіз де машинаның суретін қойып қойыпсыз.

– Әдемі түріме көз тиер.

Қыз күліп тұрған смаилик жіберді.

– Мынауыңыз менің өмірі аузы шайнаңдап тамақ жеп жүретін сыныптасым бар еді, содан аумайды екен. Өмірі асхананы жағалап жүретін марқұм, – деп қосты Рамиль.

– Жәнібек пе?

– Сіз қайдан білдіңіз? – жігіт таң қалып қалды.

– Мен есіңе түспедім бе? Сен екенінді бағана біліп қойдым, – деп Мадина тілін шығарып тұрған смаиликті қосты.

– Уау, сен сол Мадинасың ба?

Екеуінің есіне балалық шақтағы аяулы сәттер кино лентасындай зуылдап өтті.

– Сыныптағы бүкіл ұлдар сені жақсы көретін.

– Сен де ме?

– Сен көшіп кеткен соң, ғашық болатын қыз таппай қалғанбыз.

– Жәнібекке не болды?

– Қытайдан құрылыс материалдарын әкеліп сататын. Тәп-тәуір кәсіпкер болып келе жатыр еді. Ол мінген автобус апатқа ұшырап, қаза болды.

– Әттең, өкінішті. Кездесіп, балалық шақты еске түсіретін едік.

– Рас, жастай ғұмыры қиылды.

– Анар апайдан қатты қорқушы едік қой, ол кісі қайда?

– О, Анар апай еліміздің демографиялық дамуына үлес қосуға мықтап кірісіп кеткен соңғы жылдары. Егіз қыз туды. Артынан ұл босанды. Алты баласы бар.

– Бұл жақсы жаңалық екен.

– Өзің тұрмысқа шықтың ба?

– Жоқ. «Болашақ» бағдарламасымен Мәскеуде оқып жатырмын. Өзің?

– Біз сол оны-мұны шаруа.

– Ммм...

– Білесің бе? Маған сен мектепте оқып жүргенде қатты ұнайтынсың.

– Рас па?

– Басқа балалардан ерекше едің.

- Сол ерекшелігім түбіме жетті ғой.
 - Түсінбедім.
 - Мен шығамын, кешір. Түрмеде отырған бостандығы жоқ адаммын. Саған кесірімді тигізгім келмейді...
- Содан кейін Мадина Рамильді өз достары арасынан таппады.

ЕСКІ ЖЫЛДЫҢ СОҢҒЫ КҮНІ

I

Тәрбиешілерінің «Осы күні қандай тілек тілесең де қабыл болады» деген сөздері есінде қалыпты. Ол жылда бір ғана тілек тілейді. «Менің анам келсе екен!»

Биылғы жылдың соңғы күні жылдағыдай емес сәл ерекше болды. Балалар үйіне бір кәсіпкер «Жаңа жылдық» шырша орнатып берді. Жылы сөздер, ішіне алма мен мандарин, тәтті кәмпиттер толтырылған сыйлық. Бір шумақ өлеңін айтып, өзіне тиесілісін алып, бөлмесіне қайтып келді. Жасанды, бағдарламаланған өмір деп ойлады. Осылай бақытсыз болып жүре беретініне сенбеді.

Ол сегіз жаста. Анам келсе, әлі-ақ бақытты боламын. Орталық дүкеннен көрген үлкен қуыршақты әкеледі.

Түнгі он екіге бір сағат қалды. Есік жайлап ашылып, тәрбиешісі Мадина кірді.

– Арманай, үлкен залда сағат он екіде жылды қарсы алуға дайындық жүріп жатыр. Сен қатыспаушы ма едің?

– Тағы сол тілек пе? Арманай ауыр күрсінді. Тәрбиешісінің көзіне қараған. Мөлдір мұң көрді. «Қайтсін, ол өз балаларының қасында дәл осы күні болғысы келмейді дейсің бе?» деп ойлады іштей. Күрсінді, көкірегінен демімен бірге ащы өксік тығылып шыққандай болды.

– Жүр, сені достарың күтіп отыр ғой,

Тәрбиешісінің лажсыз айтқан сөзін ол естімеген сияқты. Көзі бір нүктеге қадалып қалыпты. Тілегі шынға айналу үшін

ешкіммен сөйлеспеймін деп іштей бекінген. Тәрбиешісі басын шайқап, тұрып-тұрып шығып кетті.

Балалардың күлкісі Арманайдың бөлмесіне жетіп жатыр. Басқа күні болса жандарына жетіп-ақ баратын еді. Бүгін бармайды. Бүгін тілегі орындалатын күн.

Сағат он екіні соқты. Біреу есік қаққандай болып, артынан өзі ашылып кетті. Ар жақтан Арманайдың ойыншық ақ қояны сияқты аппақ мамық киімі бар әйел адам көрінді. Арманайға күле қарады. Қолында бұл қызығып, қарап-қарап кететін орталық дүкендегі үлкен қуыршақ. Анасы, иә, анасы шығар? Басынан сипады. Маңдайына тиген жұп-жұмсақ, жып-жылы алақан табынан оянып кетті. Мадина апайы екен. Жанында түсіндегі үлкен қуыршақ жатыр.

– Бір арманың орындалды. Енді екіншісі Алланың назарынан шет қалмас, – деді ол жымып.

Арманай мына көрініске бәлкім қуанды, бәлкім өкінді, манағы тәтті түсті қайта жалғамақ болып қуыршағын құшақтай сала, қайта ұйқыға кетті.

II

Екеуі үш шақырым жердегі ауылға жаяу жүгіріп келеді. Сағат он екіні соқпай жетуі керек. Нақтысы Аппаққыз үйіне жетуі керек. Нұржігіт Аппаққыздың алдына түсіп, тобықтан жоғары қарды омбылап жол ашып келеді. Жігіт «Бағаласаң, махаббатты бағала» деп ішінен күліп қояды. Қыз үшін ерлік жасап келе жатқандай ма, қалай? Қыздың іші аласапыран күй кешуде «Құдай-ай, әкем келмей тұрып, жетсек екен».

Міне, екеуі ауыл шетіне ілікті. Еріне үрген иттер мен бірді-екілі алдын ала тойлап жүрген ауылдың масаң жігіттері көрінеді. Әр тұстан фейерверктердің тарсылдаған үні, ысқырған дауыстар естіліп жатыр.

Аппаққыздың үйіне жетті.

– Ескі жылдың соңғы сағаттарын менімен өткізгеніңе рақмет! Жаңа жылды бірге қарсы алмасақ та мен үшін маңыздысы сенің ыстық ықыласың мен махаббатың.

– Сен рахметті екеумізді түсініп, достарыңмен отыруға рұқсат берген анама айт! – деді қыз төмен қарап. Осы бір ыстық минуттарды қимайтын секілді. Нұржігіттің:

– Енді қашан кездесеміз? – дей бергені сол еді, ар жақтан «гүр» етіп шыға келген жеңіл машинаның жарығы дәл екеуіне түсті. Аппаққыз үйіне зып берді. Анасы: «Уақытында келгенің дұрыс болды. Әкең жуынып жатыр. Тез дастарханға көмектес» деді. Уһ, деп демін бір-ақ алған Аппаққыз сағатқа қарап еді 12-ге үш минут қалыпты.

Улап-шулап, аққайнарларын ұстап, далаға шығып, жаңа жылды тура уақытында, төрт көздері түгел қарсы алды.

Үйге беттеген көпшілікпен бірге жүре беріп, Аппаққыз ту сыртынан қадалған жанарды сезінгендей болды. Жалт қараған ол өз көзіне өзі сенбеді. Сәл ашық қалған қақпа есігінен сыртта тұрған Нұржігітті көрді. Ол бұған жымия қарап тұр. Аппаққыз өзін ғана ойлап, Нұржігіттің үш шақырым жерге үш минутта ұшып бара алмайтынын ескермегеніне ұялды. Әйтсе де көңілі разы. Жаңа жыл жылда келеді, ал бұл жігіттің өзін сүйетініне дәлелі емес пе!

III

Кішкентай Байдаулет жылап тұрды. Көзінен жас шықпай бақыра ұйқысынан ояну оның әдеті. Төсегінен түсейін деп, аяғын жерге қойып, аяқ киімін іздегені сол еді, аяғына қатты бір нәрсе тигендей болды. Қашанда әкесі айтулы мерекелерде оған тосын сыйлық жасайтын. Тағы да сондай бірдеңе шығар деп ойлады. Рас, ойы алдамапты. Байдаулет қорапты ашып, моторы бар өздігінен жүретін ойыншық машинаны көрді. Оның күткені бұл емес еді. Біршама уақыт тоқтап қалған жылауын қайта жалғастырды. Оның даусын күтуші кәрі кемпірден басқа ешкім елемеді де.

– Балапаным-ау, қатты жыласаң, бір жеріңе зақым келеді. Қой енді, қойшы! – деп, кәрі ана қосылып жыламсырап жүр.

– Маған машина емес, тірі күшік керек! А-а-а! – деп айғайға басты. Байдаулеттің шешесі жетті, жоғарыға енгіге көтеріліп.

– Жылама, саған дәу мамық ойыншық күшік әперемін, – деп жұбатты.

– Жоқ, маған тірі күшік керек, – деген балаға шешесі ызалана қарады да, қолын бір сілтеп шығып кетті. Көз жасымен ешкімді қорқыта алмайтынын сезді ме, әлде шаршады ма бала жылағанын қойды. Күтуші кемпір ғана «Байғұс бала қайтсін, ойнайтын ешкім жоқ. Ертеден кешке дейін төрт қабырғада жансыз ойыншықтармен сөйлесу оңай ма. Ой бөлетін әкесі де түн ауа бір-ақ келеді. Әйтеуір ақша тауып жүр. Шеше дейтін шеше жоқ-ау бұл бейшарада. Тал түске дейін ұйықтап, боянғаннан басқа не біледі. Байғұс бала» деп кемсеңдеп қалды.

Кешке үйіне көп қонақтар келеді. Әкесі Байдаулетті қонақтардың алдына алып барып, «Менің мұрагерім, компаниямның иесі осы. Атын бекерден-бекер Байдаулет қойған жоқпын» деп бөседі ғой. Кішкентай Байдаулет оларға өкпелі. Түс ауа есіктен шығып, бақша арқылы үлкен көшеге шығып кеткен. Қолын қалтасына салып алып, ысқырып қояды. Бес жылдық өміріндегі алғашқы еркіндігі. Сеңдей соғылысқан адамдар таңдана қарайды.

– Әп-әдемі киініп алған. Мына бала ата-анасынан адасып қалған-ау, шамасы. – Балам, саған көмектесейік, – деген әр түрлі дауыстарды естиді. Бірақ дәл қазір бұған еркіндіктен басқа ештеңе керек емес.

Кеш қылаң берді. Жаяу жүріп шаршады. Қайдан шыққаны есінде қалмапты. Кемсеңдеп жылай бастады. Үрей мен қорқыныш енді ұялады. Қарны ашты. Келіп тірелгені үш қабатты үлкен үйдің алды екен. Дәу қақпаның алдындағы орындыққа отырды. Қақпаның ашық есігінен кішкентай күшік шыға келді. Еркелеп мұның аяғына оралды. Байдаулет күшікті құшақтай алды. Үйден шыққан кісі бала мен күшікті көріп, бері қарай жүрді.

Келе:

– Сен Байдаулетпісің? Әкеңмен жүрмісің? – деп жан-жағына қарады. Қалта телефонын алып Байдаулеттің әкесіне қоңырау шалды...

Біршама уақыттан кейін Байдаулет әкесінің машинасымен кішкентай күшігі екеуі үйлеріне қайтып келе жатты.

ЕСКІ ЖЫЛДЫҢ СОҢҒЫ КҮНІ-2

I

Сессияның соңғы емтиханы жүріп жатыр. Бірі мұңайып, бірі разы болып жүрген студенттер. Сынақ жүріп жатқан аудиторияның алдындағы сапырылысқан қыздардан оқшау төрт қыз сыбырласады.

– Бақыт, сен жаңа жылды қалада қарсы аламын деп үйіңнен сұрандың ба? Басқамыз ол күнге дайынбыз. Бұл Жаңа жылдық кешті ұйымдастырушы Жанардың даусы.

– Әкем рұқсат берсе... Бақыт қинала күмілжіді.

– Менің үйімде өтеді деп айтсайшы папаңа. «Тех»-тың жігіттерімен қарсы аламыз. Бір-ақ күн қалды ғой, сұрансайшы тездетіп.

– Жарайды, бүгін хабарласамын.

– Дастарханға керекті тағамдарды, салаттарды Бақыт дайындайды.

– Иә, Бақыт ас дайындаудың шебері ғой, – деп Салтанат қосылып жатты.

– Мен сендерді киім жағымен қамтамасыз етейін, – деп Нұрсұлу қалыспай жатыр.

– Қандай жігіттер болатынын айтшы, – деп қыздар кім келетінін білсе де, қайталап сұрап.

– О, сұмдық жігіттер болады. Қыздар сендердің сырттарыңнан олар ғашық, – деп Жанар жандырып қойды. Тіпті, әрқайсысын сыртынан иемдендіріп барады.

– Жарас Бақытқа, Айдар Салтанаттікі, Бақытжан Нұрсұлуға лайық, маған Абзал жетеді.

Төрт қыздың бұл кешке арнайы дайындалуының сыры бар. Кілең қыздар оқитын филология факультетінде бірен-саран

ғана жігіт табылады. Ырымға бой көрсететін жігіттердің өзі қыз мінезденіп, бауырдай сіңісіп кеткен. Жанар айтып отырған жігіттер экономика факультетінің бетке ұстарлары. Сондықтан пысықай Жанар сыныптасы Жарастың Бақытқа сезімі барын пайдаланып, ұсыныс тастап, әпкесінің үйінде «вечер» жасауға көндірген.

Бүгін 31 желтоқсан. Ескі жылдың соңғы күні. Жанардың әпке-жездесі ауылдарына кеткені әбүйір болды. Таңнан тұрған қыздар қызу дайындалып жатыр. Бірі картоп аршып, бірі пияз турап әбігерге түсуде. Нұрсұлу болса қыздарға тапқан киімдерін өлшеп әлек.

Жанар жігіттердің келетін уақытын белгілеп, пысықтап қою үшін Жарасқа қоңырау соқты:

– Сәлем, Жәке! Жаңа жылыңмен!

– О, Жанар, бірге болсын!

– Күйеу жігіт дайын болса, қыз дайын.

– Иә, дайынбыз ғой, Абзал келді, енді Бақытжан мен Айдарды күтіп отырмыз. Ауылдарынан ақша күтіп алуға кетіпті.

– Жарайды, 7-ден кешікпеңдер, алаңдағы концертті барып тамашалап келейік. Жарас гүл мен бір қорап конфет алуды ұмытпа, Бақытқа!

– Әрине, әрине!

Өңгіме осымен аяқталды. Қыздар дастарханды дайындап, тура алтыда боянуға кірісті. Телефон шырылдады. Жарас екен.

– Жанар, Бақытқа қандай гүл алайын? Жігіттер келді. Шығайын деп жатырмыз.

– Әрине, қып-қызыл раушан.

Сағат жеті болды. Әне-міне есіктің қоңырауы соғылатындай қыздар елегзіп отыр. Бір-біріне әзілдеп сөйлеп, ұзатылатын қыздай құлпырып кеткен әрқайсы. Сағат тоғызға таяғанда қыздардан шыдам кетті.

– Жарасың қайда? – деп бұртиды Бақыт, – бекерге сұранғандай, – Оны білгенде ата-анаммен-ақ отыратын едім ғой.

– Қазір, қыздар қоңырау шалып жіберейін. Телефон сөндірулі.

– Алдап кетті, жігіттер! – онсыз да үлкен көзі шарасынан шыға жаздап, Салтанат жаңалық ашқандай сөйледі.

– Қойшы, қайдағыны айтпай, бәлкім бір жағдай болып, кешігіп жатқан шығар, – деп сабырлы болғысы келген Жанар басу айтты.

– Не жағдай болуы мүмкін? Түу, «мехфактың» жігіттері шақырып еді, солармен-ақ отыра беру керек еді, – деп күйінді Нұрсұлу.

– Сағат 10 болды, ал біз қамалып отырмыз, – деп Салтанат өткен уақытының қайтарымын кімнен сұрарын білмей, боталап қоя берді. Жанарда ес қалмады. Хабарласатындай басқадай мүмкіндік жоқ. Жанындағы жігіттердің нөмірін алмапты. Көшеде ел-жұрт тарсылдатып, мамыражай мерекенің лебі есіп жатқанда төрт қыз бір-біріне теріс қарап үнсіз отыр. Теледидарда бұлардың жағдайынан бейхабар әнші «Қош келдің, жаңа жылым қазағыма» деп әндетіп жатыр.

Тоң-теріс отырған мазасыз ауанды Нұрсұлу бұзды:

– Қане, қыздар! Шарапты ашыңдар, Жаңа жыл келіп қалды!

Өзін кінәлі сезініп, жанын қоярға жер таппай тұрған Жанар ұшып жетті, қолында төрт фужер. Өне, сағат тілі 12-ге жақындап қалыпты. Теледидардан Президент шығып, халқына тілегін жаудыруда. Қыздар амалсыздан жымиған күй кешіп, ескі жылды шығарып салып, жаңа жылды қарсы алды. Жігіттермен танысып, алаңға қыдырып, әдемі кеш жасаймыз деген жоспардың осылай күл-талқаны шықты. Бұлардың қонақ етеміз деген жігіттері шынымен алдады ма әлде қандай жағдай болды хабарын біле алмай төрт қыз күйініп, бірінші қаңтар күні таңертең үйлеріне тарасты.

Ал, шын мәнінде жігіттер бір жағдайға тап болған болатын.

– Жарас, сен Бақытқа гүл алсаң, біздің құр қол барғанымыз жараспас, – деді Бақытжан.

– Оһо, ауылдан әжептеуір сәлемдеме келген сияқты ғой, – деп Абзал іліп өткен. Төрт жігіт сықия киініп, бірінші базарға

бет алды. Төрт қызға төрт раушан алынды. Төрт қорап конфет те ұмытылмады. Базар ығы-жығы халық. Сапырылысып, бір-біріне сеңдей соғылысады. Абзал мен Жарас, Бақытжан мен Айдардан адасып қалды. Екеуі кеткен жақпен шамалап жеткенде, базардың шыға беріс қақпасында еңгезердей екі жігітпен ерегесіп тұрған достарын көрді. Бұлар киігіе кеткен, не болғанын ұғып үлгерген жоқ, форма киген тағы екі жігіт келіп, төртеуінің қолдарын қайырып алып кетті. Бұлардың ілініскені құқық қорғау органдарының жігіттері болып шықты. Сол түні Абзалдың ағасы келіп, шығарып алғанша жігіттер қыздарға алған шоколадтарын жеп, жаңа жылды қамақта отырып қарсы алды.

II

– Маған бүгін ертегілер елінен қонақтар керек. Әйтпесе мен де барам! – деп, аңырай жылаған Нұрдос анасының етегіне жабысты.

– Түу, осы баланы сен-ақ еркелетіп жібердің, – деп кейіген Айша, – Ал тауып бер, мынаған ертегілердің кейіпкерін. Мына алжыған кемпір қай-қайдағы жоқ әңгімелермен баланың миын ашытып! Әйелінің ашулы жүзі әсер етпеген Болат, жымып алып:

– Қонаққа ала кетсек қайтеді? – деген.

– Ақылыңнан алжастың ба? Банкетте баламен миым ашып отырамын ба? Жылына бір рет демалсам болмай ма? – деп, көзінің жасын бір сығып алды Айша.

– Жарайды, апамды жалғыз тастап кете алмаймыз ғой. Мен бұларға бір шоу ұйымдастырып берейін, – деп Болат ойланып тұрып қалды. Бір шешімге келгендей кеше ғана келген газеттерді ақтарып, ішінен жарнамасы тізілгенін қолына алды.

– Міне, «Аяз ата мен Ақшақармен қауышып, ертегілер еліне саяхат жасағыңыз келсе хабарласыңыз!» Тамаша! Балам саған кім керек, кәне айта ғой?

– Маған Аяз ата, ертегідегі ақ қоян мен Ақшақар! Әйтеуір, үміті оянып, пырс-пырс еткен мұрнын тартып қойған Нұрдостың көзі жайнап кетті.

– Аллоу, саламатсыз ба? Мен хабарландыру бойынша... Иә, иә, бізге Аяз ата мен Ақша қар, сосын ақ қоян керек... Қанша болады? Комплект бес мың? Болады, бағдарламаларыңызда не бар? Иә, иә, кешкі сегізге жазамын деймісіз? Иә, үйде апасы мен немересі болады. Мекен-жайды жазып алыңыз. Менің қайда, не дейсіз, менің қайда жұмыс істейтінім керек пе? А, анкета толтырам деймісіз? Дұрыс екен, әйелім мұғалім, өзім зауытта істеймін.

Он минуттай сөйлесіп, бағасына келіскен Болат Нұрдосқа көзін қысып қойды:

– Көрдің бе, әкең бәрін жасайды, сен еркексің, жылап әдеттенбе!

Сөйтті де құлағы естімейтін шешесінің жанына келіп:

– Апа, сағат сегізде үйге Аяз ата келеді достарымен, есікті соған ғана ашыңдар! Олар кеткен соң жақсылап жауып ал! – деп айғайлап ескертті.

Көңілі жайланып, барын киген Айша айна алдында өзіне тамсана қарап тұрып: – Жаным, жаңа жылға сіңілім сыйлаған моншақтарды таққаным дұрыс па, әлде мына алтындарымды тақсам ба екен?

– Өзің білші, саған не тақса да жарасады, – Болат мазасын қашыратын әйелінен тез құтылғысы келіп, айта салды.

Айша ойланып тұрып, алтындарын гүл салатын құмыраға сала салды.

– Өзі көгілдір түсті, көйлегім сияқты, осы дұрыс болар, – деп әшекейді мойнына ілді.

Зәулім ресторанда армансыз көңіл көтерген жұбайлар үйіне қайтқанда, таңғы бес болып қалған.

– Жаным, қандай тамаша жаңа жылдық кеш!

– Иә, жақсы өтті, сен банкеттегі ең көрікті келіншек болдың!

Екеуі дабырласа сөйлесіп үйге кірді, апасы мен Нұрдос әлдеқашан ұйықтап қалыпты. Жарықты жаққанда Айшаның тілі байланып қалды:

– Болат, теледидар қайда кеткен?

– Тоңазытқыш көрінбейді...

– Нұрдос, апа, мұнда не болған?

– Аяз ата бізге жаңа теледидар сыйлайтын болды, – маужырап отырған Нұрдос.

– Не, не дейсің? – деген Болат ұялы телефонына жармасты. Жарнама берген нөмірін терді. Телефон сөндірулі.

– Қап, алаяқтар, – Болат санын бір соғып, жерге отыра кетті.

– Ойбай-ау алтындарым қайда? – деген Айшаның даусын естігісі келмей, құлағын баса берді.

III

Енді бір клиент апарып тастап, үйге қайтуды ойлаған Бижан аялдамада аяқтарын аяққа соғып тұрған қыздың жанына кеп тоқтады.

– Мені Тастөбеге жеткізіп салыңызшы. 3 мың төлеймін.

– Тастөбе қаланың іргесіндегі ауыл емес пе? Менің нағашыларым тұрады.

– Иә, тез жетуім керек.

– Жаңа жылға екі сағат бар, қалаға қайтып үлгерем бе? – деп екі ойлы болды Бижан. Айтып тұрған бағасы жақсы, әшейінде екі жүз теңгеге барып келетін ауыл ғой.

– Жарайды, отыр! Жаурап қалыпсың өзің!

– Қарындас, қарап отырғанша жол қысқарсын, қайда оқисың? Әлде ...

– Жұмыс істеймін, – деді иегі иегіне тимей жаурағаннан дірілдеген қыз.

– Ә, тұрмысқа шықпағансың?

– Оны қайтесің, құда түсейін деп пе едің?

– Бойыңыз жылынған соң, тіл бітейін деді. Несі бар, алсақ ала саламыз.

– Ала салатын мен зат емеспін, – бұртиған қыздың даусы сенімді шықты.

– Өне қара, мінезсіз емеспіз. Апама дәл сен сияқты келін керек еді.

– Менің апама сіз сияқты күйеу бала керек емес.

– Қарындас, қатты кетпеңіз, бір үйдің арыстай ұлын қорламаңыз.

Қою қараңғы түнді, аппақ қар құшағына алыпты. Айнала айнадай жарқырайды.

– Мен мінезсіз адамдардан қорқамын. Ал сен асау тайдай ойнақтап тұрсың. Шынымен, бүгін сені алып қашсам қайтесің?

– Қолыңыздан келмейтін іске аузыңызды ауыртып қайтесіз?

– Егер шындасам, менің босағамнан бір-ақ шығасың!

– Қайтесіз, болмайтын дүниені тұрғызып, жолға қараңыз одан да. Мына қырсық қызды бір қорқытып алмақ болып, Бижан тежегішті басып, кері бұрды машинаны. Келген жолымен ізғытып отырып, өз үйін бетке алды.

– Анама ескертейін, дайындала берсін! – мына сөзден кейін істің насырға шаба бастағанын көрген қыз:

– Айналайын-ау, мен тұрмыстағы адаммын ғой! – дегенін құлағына ілмеді. Не де болса, Бижан бір ерлік жасап, жаңа жылда екеу болып отырмақ.

– Алып қашып бара жатқанда қыздың бәрі тұрмыстамын деп шығады. Көнбей қайда барасың?

Сол екі арада, анасымен де сөйлесіп үлгерді. Ол құптаған болуы керек, марқая рөлді нық ұстаған Бижан:

– Ойнақтаймын деп, от баспа, ақылыңа кел, – деген қыздың даусын естімегенсіді.

Сабырлы қыз, оқиғаның соңын күтіп отыра берді. Бипылдатып, есік алдына келгенде қараң-құраң адамдарды байқады. Жақсылыққа біраз адам жиналып қалса керек.

– Ал келін келді! – деп орамалын ала жүгіре шыққан Бижанның анасы келінін көріп сілейіп қалды.

– Бетім-ау, мынау Жақсылықтың келіншегі ғой.

Нағашы әпкесін Жақсылықтың келіншегі танып, бөтен үйге келмегеніне қуанды.

– Айттым, нағашыларыңмен аралас деп, ал сен жат болып, бармайсың, танымайсың ешқайсын. Енді, міне масқарамызды шығардың, – деп анасы телефонға жармасып жатты.

Жаңа жылдың алғашқы күні, нағашысы Жақсылық бәрі Бижанның үйінде ырду-дырду болып отырысты.

ҚҰСА

БАРЫС

Ауылдан қалаға көшіп келген Айдын бір бөлмелі пәтер алған. Бірқалыпты қала өмірі жалғаса бергенмен келіншегі үшінші баласын өмірге әкелген соң үй таршылық ете бастады. Ауылдың кең тіршілігіне үйренген өзінің де жүрегі қысылғандай. Оның үстіне әке-шешесі «балаларың жас кезде үйіңді кеңейтіп ал» деп айта берді. Қалаған үйін таңдап алатын қолда қомақты қаржы жоқ, Айдын ары ойланып, бері ойланып ипотекаға шағын үй алайын деп шешті. Апта сайын жарнама газеттерін алып, жастанып ұйықтайтын болды. Бірінің ауданы сай келмейді, бірінің бағасы удай. Үміті үзіле бастаған. Осы бір бөлмеде өмір бойы қалатындай үрейлене бастады. Дәл осы жолы табылмаса, қоя қояйын деп ойлады кезекті газетті сатып алып тұрып. Шағын үй деген беттерді ашып қарап келе жатқан. Іздегені табылғандай кілт тоқтады. Қала шетіндегі көшелердің бірінде үш бөлмелі шағын үй 11 сотық жері бар, бағасы да қымбат емес. Сол жерде тұрып телефон соқты. Ар жақтағы орыс әйел кез келген уақытта келіп көруіне болатынын жеткізді. Түскі үзілісте солай қарай ұшқан. Ғаражы, кішкентай ғана моншасы, бау-бақшасы бар үй көңіліне қатты қонды. Жиырма бес мың доллардан бір тиын түспейтінін жеткізген Володя атты үй иесі ипотекаға алам десе, күтетінін айтты.

Үй иелерімен қол алысып келіскен соң Айдын бір бөлмелі пәтерін банкке кепілге қойды. Бұл сома жетпейтінін білгендіктен екінші банктен несие алуға таныс тауып қойған тұғын. Екеуі тез шешіліп, Володяға бір аптаның ішінде хабарласты.

– Болды ертең түсте кездесейік, – деді ол. Сонымен ертеңіне айтқан уақытта Володя хабарласты.

– Айдын үй кепілге қойылған дей ме, бір былық шығып тұр. Саған басын аршып, тазартып берейік, сәл күт, – деді.

– Ойбай ау менің көшуім керек қой, ақшам дайын, енді қайтем? – деген бұл алабұртқан көңілі басылып.

– Жарайды, сен үйге кешке кел, мен кілтін берейін. Үйді сататын соманың бес пайызын кепілге қалдырарсың. Ар жағын уақытында көрерміз, – деді. Айдын сан ойланды. Кім білсін ертең қалай болатынын. Жетпеген ақшаны пайыздық өсіммен алып долларға айырбастап қойып еді. «Бәсе, қайдан бізге кең үй бұйырсын!» деп әйелі зарлай жөнелген. Ала көзімен атып қалды. Қара келіншек жым болды. Не болса да көрейін. Алдамайтын шығар, бір Аллаға тапсырдым деп өзінің жаңа үйіне белгіленген уақытта келді. Володя күтіп тұр екен. Ағаш қақпаның жоғары жағынан қолын өткізіп, арғы бетіндегі ілгішті қолымен ашты. Үйдің ішкі есігі жай жабылыпты. Арғы бақшаға өтетін есіктің темір ілгішін ашып жатып Володя «Айдын мұнда Барсик бар. Отбасымызбен бірге келе жатқан ит еді. Ары қарай саған аманат» деп шынжырланған тайыншадай дәу иттің жанына барып қоштасқандай құшақтап көрісті де, «өзім хабарласармын» деп асығыс кетті. Бөтен адамды жатсынған Барыс үріп қоя берді. Өлде иесінің тастап кетіп бара жатқанын сезді ме, бір уақытта қыңсылап ұлығандай дауыс шығара бастады.

Әне-міне дегенше қыс түсті. Жеміс-жидек пісіп жатқан алтын күзде көшіп келген Айдын сегіз талдың жаңғағын жинап, әйелі бес талдың барбарисінен тосап қайнатып, балалары таңқурай, қара өрік, сары өрікті жеп мәре-сәре болды. Бірақ, Володядан әлі хабар жоқ. Ызыңдап қоятын әйелі болмаса Айдын қалыпты жұмысына барып-келіп, несиесін төлеп жүр. Екі күнде бір Барысқа қазанымен быламық қайнатып береді. Өбден арнайы тамақ жеп үйренгендіктен бе, әлде жатсына ма кім білсін иттің сырттаны бұлардан қалған жуынды тамақты жемейді. Айдын аштан өліп қалса обалы тиер деп Володяға хабарласқан. Қара ұн әкеліп, быламық қайнатып бер деп үйреткен де сол. Ветеринар шақыртып, екпесін салдырды.

Ала жаздай шөп тасып қара жұмыс істеген әкесі ауырып, қаладағы ұлына келген. Біраз жатты. Бірақ, қартқа Барыстың ұнамай-ақ қойғаны. Қайдан шығарғанын «мына иттерің түнімен

ұлып шығады. Иесіне алып кет де. Әйтпесе, жақсылыққа апармайды» деп күнде айтады. Өзі жұмыстан шаршап, үйдің мәселесі бір жайлы болмай жүрген соң Айдын оған аса қатты мән бермеген. Өзі екіұдай ой толғап жүргенде ақпанның дәл бірінші күні таңертең Володя қоңырау шалды.

– Түсте нотариуста кездесейік.

Алақайлаған Айдын сыртқа киімсіз шығып кетті. Бұның қуанышына куә болған Барыс басын көтерді де, қайта тұмсығын екі сирағының ортасына тығып жата кетті.

– Сен неге қуанбайсың, үйімді аударып алатын болдым, – деген Айдын апыл-ғұпыл киіне бастады.

Банкке барып, депозиттегі ақшаны алуы керек қой. Түсте Володямен кездесті. Қалған ақшасын санап беріп, үйді өз атына аударды.

– Володя, сен Барысты алып кетсең қайтеді, а? –деп қиыла қараған.

– Айдын ренжіме, саған жақсы ит керек қой, менде осындай үш төбет бар. Өзіңде қалсын! – деп үзілді-кесілді бас тартты.

– Жарайды, – деп, оған аса қатты мән бермеген Айдын кеңседен шыға сала бір жапырақ қағазды қайта-қайта сүйіп, әйеліне қоңырау шалды.

–Қәне бүгін жақсылап тұрып ет сал қазанға. Үйімізді алдық!

Кешінде нағашы ағасы Қайрат әйелімен, әке-шешесі, інісі Дәурен бәрі мәре-сәре болып заңдастырылған үйде тамақ жеді.

Таңертең ерте тұрып жұмысына кетті. Түсте үйіне келгенде кіші ұлы:

– Әке, Барыс өліп қалыпты. Атам барып пойыз жолға көміп келді, –деп сақ ете қалды. Жүрегі дір ете түсті. Қанша дегенмен үйдің иесіндей болған Барысқа осы уақытқа дейін оң қабақ танытпағанына қысылғандай.

– Қап-ай, неден өлді екен? Уақытылы тамағын беріп тұрдық, –деп өкінішін қайдан шығарарын білмей дал болды.

– Қой ары, орыстың итін сонша әспеттеп. Өлсе ажалынан өлді. Өзіне керек болмаған соң, ит те сезген ғой. Қайта бұл

дұрыс тірлік болды, – деп әкесі қағып тастады. Есіне кешегі Володяның сөзі түскен Айдын үйді кеше аудармағанда тірі болар ма еді деген ой келгенде Барыстың алдында өзін кінәлі сезініп кетті.

АҚТӨС

– Әке біз жаңа үйге көшсек Ақтөсті әкетеміз бе?

– Қызым-ау, біз бесінші қабаттағы пәтерде тұрамыз енді. Ол жерге Ақтөсті апаруға болмайды, – деген әкесі көп қабатты үйлердегі заңдылықтарды бес жасар қызына түсіндірді.

Қанаттың әйелінің қатерлі ісік ауруына шалдыққанына бір жыл. Ары-бері жүріп-тұруы қиындап, оның үстіне күтім керек болып үйін пәтерге ауыстыруға тура келген. Неше жылғы еңбегінің куәсі бау-бақшасын, өзі әр кірпішін қалаған алты бөлмелі үйін тастап көшкелі отыр. Ақтөсті қимайды. Бірақ амал жоқ.

Динараның екі жасқа толғанында әп-әдемі төсі аппақ, қоңыр күшікті өзі әкеліп берген болатын. Содан бері ол үлкен төбет болды. Динара екеуінің арасынан қыл өтпес дос.

– Біз оны Алтынбек ағаға жақсылап тапсырамыз. Оған апта сайын келіп тұрасың, – деп қызын алдаусыратты Қанат. Қанаттың үйін сатып алған ағайыны Алтынбек бір ай уақыт шамасында бүкіл ағайынын, туыстарын шақырып қоныс той жасады.

Бүгін Ақтөс есіктің алдында селқос жатыр. Келген бөтен адамдарға үрмеді де. Күткені басқа сияқты. Кенет ол басын жұлып алды. Өзіне таныс қызыл бантик пен көк көйлекті көргенде қақпаға қарай ұмтылды. Бұл шынында Ақтөс күткен Динара әке-шешесімен келген еді. Қыз келе итті бас салды.

Тамақ желініп, қонақтардың алды тарқай бастады.

– Әлгі біздің қыз қайда жүр? – деп Қанаттың келіншегі Динараны іздей бастаған. Қыз ит екеуі доп ойнап отыр екен. Құдды бір цирктегі үйретілген жануарлардай доп теуіп Ақтөс шауып жүр. Оның бұл қылығына сықылықтай күлген Динара мәз.

Мына көрініске басын шайқаған Алтынбек:

– Көке, осы иттеріңіз қызық. Күнде кешке, таңертең жоғалып кетеді. Бір күні айналма жолмен бара салайын деп таңертең базардың көшесіне түсе салғанмын. Балабақшаның жанына келсем шоқиып біздің Ақтөс отыр. Кешке қайтарда қарасам тағы отыр. Таң қалдым, – деп басын шайқады.

Мына әңгімені естіген Қанат пен келіншегінің есі ауғандай сілейді де қалды.

– Құдайым-ау, Ақтөс күнде мен Динараны балабақшаға апарғанда бірге барушы еді. Кешке алып қайтарда менен бұрын барып, алдында күтіп отыратын. Сағынған ғой қызымызды, – деп күрсініп алды.

– Енді қайтеміз. Ит адамның адал досы. Динараға әбден бауыр басты. Дегенмен әкете алмаймыз ғой енді, –деп Қанат лажсыз күйін білдірді. Жүрегі езіліп кеткені көрініп-ақ тұр.

–Қайнаға қам жеменіз, біздің үйде де бала бар. Ақтөс әлі-ақ бауыр басып кетеді, – деп келіні бастырмалатты.

Қанаттар қайтып кеткен соң, Ақтөс жоғалып кетті. Ол сол күні өзен жағасына барып үзілген еді.

ШАГАНЭ

Қарауыл шалдың үйіндегі ала қаншық төрт сүйкімді күшікті болды. Бір күн емізіп үлгермей жатып ажалы келді ма, әлде жазым болды ма кім білсін оны пойыз басып кетті. Күн ұзаққа шәуілдеп енесін іздеп жақтары тынбаған күшіктерден құтылудың амалын іздеген Қарауыл шал үшеуін үш күнде құтты орнына қондырды. Күшік керек дегендерге бір шөлмек араққа айырбастап жіберді. Қайта үшеуі бақытты екен, жаңа үйлерінде жылы сүтке тойып, бір-бір ұяға ие болды. Ал бақытсызы да, сорлысы да қап-қара көмірдей күшік еді. Бұл бейшара ең соңынан туылған кенже күшік. Соған қарай кішілеу, әрі әлсіз болып, келгендер таңдағанда бұны менсінбей кеткен. Аштықтан белі бұралып, талмай шәңкілдей берген соң, шығарған дыбысына қарай Қарауыл шалдың немерелері оны «Шаганэ» атап кетті.

– Ата Шаганэ шырылдап жатыр, – деп үйіндегі сотқар немересі, басынан бір теуіп кетеді.

– Әй, иттің обалы бар. Қағынған, енді тисең табаныңнан таспа тілем, – деп қайыстай қара кемпір немересін қуып береді. Оған шын жаны ашитын бір ғана адам бар, ол осы кемпір ғана.

Үш күшіктің «бартеріне» келген арақ бітіп, бүгін ертемен Қарауыл шалдың иегі қышып отырған. Ауылдың бәрін адақтап шықты. Күшік керек үш үй ғана шықты. Енді Шаганэні құтты орнына қондыру үшін жол іздеу керек. Әрине, құр аяққа бата жүрмейді. Ары ойланып, бері ойланған шалдың есіне осыдан екі шақырым жердегі қысық көздердің базы түсті. Е, амалы шықты. Олар жаңа туған күшіктерді сатып алады деп естуші еді. Уақыт өткізбей Шаганэні жамаулы қапқа салып алды. Көк есегіне мініп, аяңдап келеді. Ештеңеден хабарсыз бақытсыз күшік, шәуілдеп үріп, қыңсылап қиналып жатыр қаптың ішінде. Жарты сағатта базға жетті. Қақпаны қақты. Біршама уақыт өтпей ішінен бір жігіт шықты. Қаптағы дауысты естіп, шалдың неге келгенін түсінді. Қапты ашып, күшікті ары-бері аударып көрді. Үндемей осы жерде тұр дегендей шалға ым қақты да, қапты алып ішке кіріп кетті. Екі минут өтпей қайта шықты. Шалдың қолына екі жүз теңге ұстатты. Қарауыл шал мәз. Жолай дүкенге соғып, шөлмегін алып үйіне жетті. Пиязды турап, әйелі пісірген таба нанды тіске басып, шөлмекті тауысты. Буын-буыны босап, балбырап ұйқыға кеткен. Бір сәтте кемпірі жұлқылап оятты.

– Әй, тұр, тұр деймін. Сені әлгі баздағы қысық көз іздеп кеп тұр.

– Онысы кім тағы, кетшей ары қақпас, – деп кемпірін бір тепкен. Сонадайға ұшып түскен кемпір:

– Әдірем қал, қазір шықпасаң иттің орнына сені сорпа ғып жіберер, – деп айғайға басты. Масаң күйде зорға тұрған шал далаға шықты. Алдында бағанағы жігіт тұр. Оның ымдағанынан ит қайда, болмаса ақшаны қайтар дегенді ұқты. Сол сәтте қора жақтан шыққан шәуілдеген үнге екеуі де елең ете қалды. Таныс дауыс, Шаганэнікі. Қолына қора қабырғасында сүйеулі

тұрған күректі алған жігіт соған қарай ұмтылды. Шал қоса жүгірді. Қораның қуысында көзі жылтырап Шаганә тұр. Шал мен жігіт қатар кіріп келгенін көргенде жым болды. Мөлдіреген жанарымен шалға жәудірей қарап алды да, ұмтылып аяғына оралды. Бұл «мына аждаһадан құтқар» дегені. Шал оны аяғымен бір тепті. Шаганә қайта тұрып тағы ұмтылды. Осы сәтте қарап тұрмай жігіт қолындағы күректі сілтеп қалды. Мұрттай ұшқан қалақтай күшік қың ете қалды. Сұлқ түсті. Бір үміт күткендей шалға қарап дір-дір етеді. Қапқа қайта түскен күшікті жігіт базға қарай әкетіп бара жатты...

ДОЛЛАР

I

ОН ДОЛЛАР

Үш ай кітаптың ішінде жатқан он доллар жарыққа шықты. Сиырын сатқан ақшаға екі бұзау алып, қалғанын осы он долларға айырбастап қойған Қатира қайнысының тойында бір шалқымақ. Қанша дегенмен бизнесменнің әйелі ғой. Доллар әкеліпті деп бүкіл ел шуласын. Іштерінде қара қазандары қайнаған абысындарының түрін көз алдына елестеткенде Қатираның тіптен жаны кірді. Күйеуі Дайран ауыл-ауылдан тері жинап, қалаға апарып өткізеді. Күні тек малға қараған тау етегінде жатқан ауылда ондай бизнеспен айналысатын ешкім жоқ. Тіпті, қалаға барудың өзі андасанда. Қолда барды ұсақтап, малдың айран-сүтін, етін қорек қып жатқан ауыл бұл. Сондықтан әйелінің Дайранның кәсібін әжептеуір мақтан ететіні содан. Тағы бір кеште Қатираның інісі Байтоқ келгенде жездесі:

– Әпкеңе таза былғарыдан тігілген тон әперемін қыста. Әлгі бір фирмамен келістік. Біз тері өткіземіз, олар таза тері тондарды бізге береді,–деп мәз қылғаны бар. Солардың

буы қойсын ба, Қатира әжептеуір дүниенің құлағын ұстағандай қанаттанып алған.

Сонымен Қатираның Жайран қайынысының қырық жасы дүркіреп өтті. Бүкіл елдің алдында аға-жеңгесі көрсетіп тұрып он долларды той иесінің төс қалтасына тықты. Қайыны мәз, жеңгесі бақытты. Бүкіл ел аузы ашылып, таңдай қағысты.

– Охо, бұл бизнесмендер, анау-мынау емес, доллармен араласатын болыпты, – деп жатты.

– Осы долларға мен бір пальто алсам қалай қарайсың, а? – деген әйелі Жайранға жалтақ қарап.

– О, сорлы үйден шықпайсың саған не пальто керек, бір керегімізге жарар, тығып қой, – деп бұйыра сөйлеген күйеуі.

Жайранның әйелі он доллардың оң жақ бетінің төменгі тұсына білінер білінбес етіп «ж» деген әріпті жазды. Қонақ күтетін бөлмеде тұрған өзінің артынан келген гарнитураның кітапханасындағы Достоевскийдің «Қылмыс пен жазасының» елу тоғызыншы бетіне апарып тықты. Ұмытып қалмайын дегендей қайта-қайта қайталап, қарап қояды.

Үш ай өтпей Жайранның құрдасы Бита қырық жас тойына шақырды. Өзінің қуанышына бір өгізін жетектеп келген досына долларды қиды Жайран.

– Қатын, тойға әлгі долларыңды апарып берейік. Оны үлкен қалаларға барып жаратпасақ, мұнда ешкім алмайды. Ал қалаға бару үшін қыруар жол-пұл керек, – деп әйеліне одан құтылудың ең оңай жолын көрсетіп берді.

Он доллар қолына тиген Бита көкке ұшып кете жаздады. Бұл ақшаға шет елге барып келемін деп бөсті. Өзіне автокөлік, әйеліне құндыз бөрік әперетін болды. Өз қолымен барып, «Абай жолының» ішіне тығып, жазылатын диванның астындағы қазына тығатын қоймасына тастады.

Ел ішінде гу-гу әңгіме өрбіді. Дайран мен Жайранның байып кеткені сондай әмияндарында тек доллар жүреді екен. Керек дүниелерін Алматыға барып әкеледі–мыс.

Жаздың соңғы күндері. Балаларды оқуға дайындайтын кез келді.

– Төрт баланы бір өгіз сатсақ тұтас киіндіреді екенбіз, – деп Бита әйелінің жазып берген тізіміне қарап шықты.

– Өгіздер өсе берсін, келесі жылы Ракош оқуға барып қалады. Өткенде бір өгізді Жайранның тойына бердік, бірі атамның асына кетті. Малды жарата беруге болмайды. Жайранның долларын жұмсайтын кез келді, – деп диванды көтерді. Долларды алып мұқият қалтасына орап салып, қалаға төрт баласымен, келіншегі қоса аттанды. Бәрі шырттай болып киініп келмек. Балалары костюм-шалбар, былғары туфлиді армандап, қалаға жеткен-ді. Елден сұрастырып, валюта айырбастайтын жерді тапты. Балаларын машинада қалдырып өзі кірген. Он долларын қимай-қимай кассадағы қызға ұстатты. Жымиған қыз алдындағы калькуляторын бір ұстады да, қайта қоя салды. Сейфтен, ақша алып бір санап, бұның қолына ұстатты. Бір жарым мың теңге. Бита қайта санады. Қателеспепті. Аң-таң болып, қызға қарады. Қыз «Доллардың курсы жүз елу теңгеден. Он долларыңыз мың жарым болады. Мінекей чегіңіз» деп кішкентай қағазды қолына ұстатты. Есеңгіреп шыққан Бита табалдырыққа отыра кетті. Бұл ақшаға үш қызына үш бантик қана келетін еді.

– Ой, содар енді долларға жоламасын... – деді айғайлап, кімге ашуланғаны белгісіз.

II ЕЛУ ДОЛЛАР

– Екінші топтағы бос орынға өткенде өзіңізге айтқан бір танысымның баласын алсақ қайтеді?

– Жақсы таныс па еді?

– Иә, туғанымдай.

– Онда ешкімге жақ ашпайтын сенімді болсын. Өзің әкеп бересің ғой.

– Әрине, әрине, міне өзім де ала келгенмін.

Тартпаны ашқан директор осында таста дегендей ым қақты. Қағазға оралған елу доллар өз мекенін тапты. Кешінде директордың әмиянына орнығып алып, онымен бірге қайтып бара жатты.

Таңертең ерте тұрған директор өз бастығына сәлемдесіп шығуды ойлады. Кабинетіне кіріп, амандық-саулық сұрасты.

– Жай келдің бе?

– Жұмыс жақсы. Бізге биыл біраз қаржы бөлуге көмектессеңіз. Балалардың горшоктары тозды. Жаңа жиһаздар керек дегендей, – деп біраз әңгіменің тиегін ағытты. Бастықтың көңіл-күйінің жақсылығын пайдаланып, елу доллар оралған қағазды беруді ұмытпады.

– Бұл сіздің түскі асыңыз болсын. Үйде жөндеу жұмыстары болып шақыра алмай қысылып жүрмін, – деп жайбағастап қойды.

– Е, жарайды көрерміз, – деді бастығы оның ішінде қанша бар екеніне көз жеткізбей ешқандай уәде бере алмайтынын аңғартып.

Көрерміз дегенінің өзі, жақсылықтың нышаны екенін аңғарған директор кабинеттен көңілденіп шықты.

Кешке үйіне келіп демалып жатқан бастыққа қызы қоңырау шалды.

– Әке, күйеубалаңыз жол полициясына ұсталып қалыпты. Ішкен ғой. Соған ақша керек болып тұр. Қарайласыңызшы.

Есіне таңертеңгі директор әкелген елу доллар түсті.

– Елу доллар жете ме?

– Әрине, әкетай жетеді, жетеді, – деп қызы қуанып кетті.

– Келіп алып кетсін!

– Ол есіктің алдында тұр, әке, – деп қызы да жалп ете қалды. Күйеубалаға жетіп, капитанның қолына тиген елу доллар сейфтегі тоғыз жүз елу доллардың жанына кеп қосылды. Бір ай өткенде елу долларды алған капитан асығыс валютаға барып, теңгеге айырбастады. Сейфке қайта түскен елу доллар енді қайда, кімнің қолына баратынын кім білсін?

III ЖҮЗ ДОЛЛАР

Валютадан шыққанда бұлар жиырма бес мың еді. Төрт бума теңге әкелген жас жігіт, бір бума етіп бұларды алып шықты. Нотариуста қолына ұстатты. Дәуіт үйіне келіп, бүкіл терезені қараңғылап, есікті құлыптап алып, саусақтарына шырт түкіріп алып, шытырлатып тұрып санады. Үлкен орамалға мұқият орап, дәу қара шабаданға салды. Оюлы сандықтың түбіне тастады. Сандықтың аузына қытайдың жасыл құлпы салынды. Кілтін кереуеттің бас жағына қойып, тірлік тынды дегендей мұртын сипап қойды.

– Машина табылғанша үйде тұрады. Ақша бар деп ешкімге айтпаңдар.

Әйелі момақан қалпы басын изеді. Мұрнынан суы сорғалаған бес-алты жасар үйелмелі-сүйелмелі қожалақ қос ұл сырт көз білуге тиіс емес жасырын сыр сандықтың ішінде жатқанын ұқты. Қарындарын нанға жағылған майға тойдырып екеуі көшеге шықты. Аналары сиыр сауып, қаймақ айыруға кірісті.

– Қожалақтар, не істеп тұрсыңдар? – деп Шалабай шыға келген.

Бағанадан бері әкесінің айтқаны терілеріне сыймай тұрған екі ұл келісіп алғандай:

– Біздің үйдегі сандықта көп ақша жоқ, – деп айтып салды.

– Не дейсіңдер? Неге жоқ? – деген Шалабай таң қалып екі баланы тергеуге алды.

– Қаладағы үйді папам сатқан жоқ. Енді машина алмайды, – деп бірі сөйлеп қалып еді, екіншісі оны түртіп жіберді. Екеуінің мойнынан бір ауыр жүк түскендей жеңілдеп сала берді. Әкелерінің алдында кінәлі емес, себебі үйде ақша жасырулы тұрғанын деп басып айтқан жоқ қой бұлар. Шалабай бұл ауылдағы атақты ұры Қалабайдың баласы еді.

Ертеңіне сандықтағы қара шабадан жоғалды. Әрине, ақшасымен. Аяқ жетер жердегі тәуіп, молданы түгел адақтаған

Дәуіт полициядан күдер үзді. Ертеңіне қаладан шыртай киінген Шалабай қалтасындағы жүз долларын қайта-қайта шығарып қыздарға қырындап мейрамханада отырды.

ЖАЛҒАН СӨЗ

I

- Сүйінші! Сүйінші!
- Байжан үйленіпті.
- Алақай, ағам келін әкелді.
- Әже, көрімдік.

Тау етегіндегі шағын ауылдағы оқшау тұрған бөкене үйдің маңы ығы-жығы халық. Бәрінің жүздерінде күлкі, көңілдерінде қуаныш. Әсіресе, бір аяғын соғыста қалдырған Байжанның әкесі мен анасында ес жоқ.

Кіп-кішкентай ауылға Байжанның үйленуі үлкен жаңалық болды. Күнделікті тірліктің күйбеңі басталғаннан еркектері топ-топ болып әңгіме соғудан, әйелдері үй шаруасы толастай берсе шып-шып сөз өрбітуден құралақан емес-ті.

Әңгіме желісі былай тарады.

– Ойпыр-ай, отызға келген Байжанға да біреу тиеді екен ғой.

– Қой, бақытын көп көргенің бе? Ырымбаланың жалғыз қуанышы ғой.

- Шал мен кемпірдің көрген қиындығының жемісі де.
- Ешкімге қиянаты жоқ адал жандар.
- Бақыттары баянды болғай.

Орта бойлы, ақ сұр өңді қызға орамал салынды. Жеңгетайлаған бала-шағамен қоса, ақ шымылдыққа жас келін енді. Өткір көзімен жан-жағына қарап еркін отыр. Жүзінде ақ отау есігін имене аттаған жас келін ұяңдығынан гөрі, қасқыр аулауға шыққан аңшының жүрегіндей өткірлік бар.

Қалыңдығы отырған үйге әлсін-әлсін ұрлана қарап Байжан жүр. Балаларға зілсіз бұйрық беріп қояды. Іштей көңілді. Төргі бөлмеден үлкендердің даусы шығады.

– Қалың малды кім апарады? – деді. Байжанның әкесі соғысқа барған жарты аяғын бүтініне арта, малдас құра отырып.

– Иман мен өз ініңіз Әлібек барсын.

– Неге Иман барады?

– Жоқ Айдынқұлдың кезегі емес пе? Біраз дау-дамайдан кейін, құдалыққа кім баратыны шешілсе де, қайда апаратынына келгенде үлкендер тұйыққа тірелді. Тіпті, Байжанның өзі оның шыққан тегін, қайда тұратынын білмейтін болып шықты.

– Бәріміз бір көре салып үйдегі жеңгелеріңді әкелгенбіз. Бірақ Байжан-ау, үй-күйі жоқ мына қызды қайдан таптың? – деді қашанда аузы батыр Айдынқұл.

– Жә, көп сөзді қойыңдар, кемпір келіннің өзімен сөйлесіп кел, – деді қарт әке. Сөз осымен бітті.

Бір қойды бүтіндей, шарапты жәшігімен салған Әлібек пен Иман келіннің немере әпкесінің үйіне, тура қала орталығына тартты. Мұндағы ел беташар қамына кірісті.

Жиын той өткелі бір апта. Қазақ халқында қалыптасқан дәстүр, жас келін ерте тұрып ата-енесіне сәлем салып, тәңертеңгілік асын қамдап, толып жатқан үй тірлігін атқаратын.

Жаңа түскен келіншектің ермегі ұйқы. Түскелі бері қабағын бір ашылмаған келіншегінің бұл мінезін жаратылысынан салмақты Байжан көтеріп алды. Үйленген деген осы болар деп ойлады.

Келіннің бұл мінезі қарт кемпір-шалдың да көңіліне қаяу түсірді.

– Басқа үйге үйрену оңай ма?

– Өзі ата-анасыз өссе, жарығым-ай қорлықты көп көрді ғой.

– Кемпір-ай сен ештеңе демедің бе?

– Өмірінде біреуге қатты сөйледі дейсің бе?

– Кемпір қалаға жіберейін, әпкесін көріп қайтсын.

Кешегі зейнетақыны берейік. Бұл ата-ененің шешімі болды. Әпкесі арнайы шақыратынын айтып күйеуін тастаған жас келін қуанып қалаға кетті. Екі күнге кеткен келінді олар қайтып

көрмеді. Жиен әпкесінің үйіне іздеп барғандар ізін таппады. Ауылда «Байжанның әйелі кетіп қалыпты» деген өсек тарады. Бұл бұрын-соңды мұндай оқиға болмаған кіп-кішкентай ауылға үлкен жаңалық болды.

Ұзын көйлегіне сүрінердей болып, үлкен екі сөмкені көтеріп жас келіншек келеді. Үйіне жеткенше асық. «Балапаным» деп күбірлеп келеді. Кішкене тоқал тамның жанына келгенде тоқтап, демалды. Үйден ойнап жүрген екі жасар ұл бала шығып келіншекті танып қарсы жүгірді. Көзіне жас алған кемпір-шал көрінді. Кіп-кішкентай тоқал тамның көркін мына келіншек ашып жібергендей.

– Қызым бүгін жолдасыңның қаза болған күні ғой.

– Білем, әке.

– Жұмысыңа тұрдың ба?

– Иә, әке фирмадан жақсы жұмыс таптым.

– Алла разы болсын, адал жолдан таймай, балаңа жақсы тәрбие бер қалқам. Біз енді қанша өмір сүреді дейсің. Келіншектің беті ду етті. Әкесі бәрін іштей оқып отырған секілді.

Ауылынан күйеуіне құран оқытып, баласын көріп қайтты. Көңілсіз қайтты. Қалаға жеткенше жылаған еді.

Құрбысының үйіне келді. Сәбира ұрсып қарсы алды:

– Қайда жүрсің? Мойынқұм жақтың бір жігітімен таныстым. Үйленбеген, жиен сіңіліммен таныстырамын деп едім қуанып кетті. Іске кірісейік. Мал-жаны бар кемпір-шалдың баласы екен.

Ол үнсіз бас изеді. Ылғи осылай келіскенін білмей қалатын. Алабұртқан көңілінде болашаққа деген күдіктен гөрі үміт басым еді.

II

Күн демалыс. Тыныштықты қақ тілген телефон даусы бұзды. Кітап оқып жатқан Дүрия дір ете қалды. Қараса өзі басқаратын мекеме тікелей қарайтын басқарманың маманы Сейіт екен. Қинала көтерді, ойында «Демалыс күні мазалап, не болып қалды екен?» деген сөз жарқ ете қалды миында.

– Алло, Дүреке саламатсыз ба? – деді телефондағы дауыс жарқын шығып.

– Тыныштық па әйтеуір жұмыста? – Дүрияның бірінші сөзі осы болды.

– Мен демалыстамын ғой. Тыныштық шығар.

– А, – деп жүрегі енді орнына түсті Дүрияның, – Иә, қайда демалдыңыз?

– Шет елге бара алмадық. Ыстық көлге барып қайттым. Енді үйде оны-мұны жұмыстар бар. Соны тындырсам деймін қалған күндері, – деген Сейіт бұрынғы араларындағы қызметтік сеңді бұзып, емін-еркіндікте бұған қожайын болып алғандай.

– Ыстық көлге мен де бардым, бірақ күн салқындап кетті сол шамада, – деп бұл да әңгіме өрбіткен. Бірақ Сейіт Дүрияның сөзіне мән бермеді.

– Келе салып анама көмектестім. Тосап қайнатты, таңқурай тазалап, қолымның бәрі бояу болып кетті, хи, хи, хи... Осы тірлігіне мақтанғандай рахаттанып күліп алды.

– Ойбуй үйде келін жоқ па еді?

– Иә, сол үйлен, үйлен деп құлағымның етін жеп жүр.

– Дұрыс қой, үй болу керек. Ананы ойлаған абзал – деп Дүрия ыңғайсызданып қалды. Өзінен екі жас кіші жігіт тым еркін сөйлейді. Енді міне ағынан жарылып тұр.

– Сізге хабарласып қояйын дедім. Айтпақшы, Дүреке әкем Астанада балық әкеле жатыр еді. Сенбі күні сыра ішсек қалай қарайсыз?

– Жарайды! Дүрия біраз ойланып барып жауап қатты. Қандай оймен шақырып жатыр екен, үйленбегенмін дейді. Бір сергіп қайтқаны дұрыс болар. Көптен бері қыдырмапты да.

Айтқан уақытынан бір сағат кейін Сейіт жетті. Бұнысы Дүрияға ұнамады. Уақытынан кешігіп жүргеннен жібі түзу адам шықпас, десе де үндемеді. Машинаны ашып отырғызғаны ұнаған-ды. Ішінде екі ер адам отыр екен. Бас изеп амандасты. «Бұл қай кездесу? Мына екі адам неғып жүр?».

– Танысып қойыңыз, Асылжан ағам, Ербосын досым.

Бүгін жақын достарыммен уақыт өткізгім келді, – деп Сейіт Дүрияның іштейгі сауалына жауап қайтарды.

– М,м, мен Сейіт екі жігітпен мені ұрлайын деп келген екен деп қуанып кетсем, – деп Дүрия әзілдеген болды.

– Ойыңыз оригинальный екен, – деп Асылжан кекесінмен күлді. Асылжанның жауабы біртүрлі ыңғайсыздық қалыптастырды. Осы сәтті ұмыттырғысы келгендей сөзге Ербосын араласты:

– Қай жерге барамыз?

– Өздерің біліңдерші, – дей салды Дүрия шыққанына өкініп.

Қала орталығында орналасқан кафеге келді. Далада себелеп жауын жауып тұр. Бұлар ашық алаңқайдағы шатырдың астына орналасты.

Екі айналым сырадан кейін әңгіме қыза бастады. Әңгіменің көркі Асылжан. Қайдағы бір желілік маркетингті жарнамалап, Дүрияға айналысуға ақыл беріп отыр.

– Білесіз бе, ежелгі тарихымыздан белгілісі, Шыңғысханның жүзбасы, мыңбасы деген адамдары болды. Олар адам жинағаны үшін, хан малды да, алтынды да аямай беріп отырған.

– Қойыңыз, ол кезде хан немесе ақсүйек тұқымы болмаса үйленуге жағдайлары болмаған ғой сарбаздарының, – деп Дүрия өз ойын ірікпеген.

– О, сіз Шыңғысхан болса тоқал болуға дайынсыз-ау шамасы, – деп Асылжан мысқылдап күлді.

– Қазір Шыңғысхан сияқты еркек жоқ қой, бар болса табанын жалауға дайынмын, – деп Дүрия тыйып тастады.

Бұл кеш Дүрияға жақсы әсер қалдырмады. Үш жігіт үйіне әкеп тастады.

Таңертең Дүрияның телефонына хабарлама келді. Сейіттен екен. «Қайырлы таң!» деп орысша жазыпты. «Дүбәра сорлы» деді де қойды. Кешегі қылығы ұнамаған-ды. Жанындағы адамдары да. Сол кездескен күннен бастап Сейіт күн сайын бір рет қоңырау шалып тұрады. Бұған Дүрия үйрене бастады. Тек күндіз қоңырау шалады. Сөйлескені қызық, асығып жүреді. Міндетті түрде машинада рөлде кетіп бара жатады. Әкесі

ауырып ауруханада жүреді, анасын дүкенге жеткізіп салады, біреу қайтыс болып жаназада отырады. Өйтеуір босамайды. «Не деген тынымсыз адам, болмаса үйленген!». Ол туралы Дүрияның тұжырымы осы болды.

– Сен неге кешке телефон көтермейсің?

– Жаным, біздің үйде қатып қалған дәстүр бар. Телефонды кешке дәліздегі шкафа бәріміз бірдей қоямыз, таңертең бірақ аламыз.

– Талаптарың қатты екен.

– Рас айтамын, оның үстіне бастықтар кафеге барып ішіп-жеп қуады да, ақшалары таусылса «келіп төлеп кет!» деп қоңырау шалады. Түнгі екі ма, таңғы бес па шаруалары жоқ. Уақыт олар үшін тоқтап қалғандай, – деген Сейіт Дүрияға көзінің қиығымен қулана қарады. Дүрия бұнысын көрмегендей сыңай танытты.

– Иә, жігіттердің арасында осындай әңгіме болатынын білемін, – деп қойды. Айтпағы басқа еді, қажеті қанша деп ойлады.

– Жаным, мен сені ұнаттым. Кейбір мінезің әкеме ұқсаса, кейбір қылықтарың анама келеді. Мен сені осы апта олармен таныстырайын. Бас құрайтын уақытымыз келді. Тек сен маған ұл туып берсең болды, – деп ағынан жарылған. Бұл Сейіттің үшінші кездесудегі әңгімесі еді. Бар болғаны үш кездесу. Ақымақ па, әлде басына тас түсті ме деген Дүрия оның сөзін шынайы қабылдамады. Жиырма бестегі бойжеткен отау құру үшін үш кездесу аздық етеді деп түсінетін.

Бүгін әдеттегідей ерте келді жұмысына. Хатшы қыз бір кісі келіп тұрғанын хабарлады.

– Сізге жүргізуші керек екен ғой, – деді аққұба келген жігіт.

– Иә, керек еді, – деді Дүрия оған көз тоқтата қарап.

– Мен жұмысқа алғанда сол адамды жақсы білуім керек, болмаса білетін адамның танысы болғанын дұрыс көремін, – деді жігітке тіке қарап.

– Мен басқармадағы Сейіт деген жігіттің бажасымын.

Дүрия миығынан күлді.

- Бұрын қайда істеп едіңіз?
- Жол полициясында, баппен шығып кеттім.
- Аттестациядан өте алмай қалдыңыз ба?
- Жоқ, ішіп, енді... перегар дегендей...
- Кешіріңіз, мен сізді жұмысқа ала алмаймын!

Жігіт ілбіп басып шығып кетті. Дүрия күбірлеп «Арсыз сорлы!» деп басын бір шайқап, алдындағы қағазына шұқшия берді. Бұл сөз әлгі жігітке емес, Сейітке арналған еді.

III

- Сізбен кездесуге бола ма?
- Бұл кім екен?
- Мен Даниярдың әйелімін. Сәнияның жүрегі дір ете қалды. Осы сәтті күтіп жүргендей, өзін-өзі ұстады.

– Жақсы!

Даниярдың әйелі мұны көргеннен аңырап жылап қоя берді.

– Сіз, сіз, Даниярдың үйленген екенін біле тұра қалай кездесіп жүрсіз?

– Ол маған үкіметтен үй алу үшін үйлендік деді ғой. Әлгі не деуші еді... Фиктивный брак – махаббат, сезім жоқ.

– Оттапты. Сіз сонда қарны шыққан еркекті осыншама жасқа келгенше үйленбеген деп ойладыңыз ба? Ентігін басып, көзін ата қарады.

– Небәрі отыз жаста. Күнде маған уақытын арнайды. Өз еркіндігі өзінде екені көрініп тұрды. Не ойлауым керек, а?

– Ол мені төркініме жіберді, – даусы қайта дірілдеп, кемсеңдеген келіншек, – Телефоны үнемі сәндірулі, сөйтсем басқа нөмір алыпты ғой.

– Мені әкесімен таныстырды, институтта ғалым екен, – деді қыз. Оның Даниярдың әйелі екеніне көзі жетпей.

– Үйленген болса апсадай кісі қалай өтірік айтады?

– Ғалым болмай кетсін. Екінші әйелімен тұрып жатыр. Енеміз, Даниярдың шешесін айтамын сорлы біреу.

Көзін мұң торлаған келіншек қызға көз тоқтатып қарап отырды. Әп-әдемі, жағдайы жақсы екені көрініп тұр.

Даниярдың ұнатып қалатынындай бар екен. Осындайлар ғой біреудің сүйіп қосылған жарын қағып кететін деген оймен мазасызданып кетті.

– Астанаға барып қайтыпсыздар?

– Иә, онда Даниярдың әпкелері үйіне шақырды мені. Тіпті, Көкшеге тауға қыдырып қайттық та. Сонда бәрі бетперде киіп алған ба?

– Әрине, олар мені ұнатпайды, – деді келіншек күрсініп.
– Әкем ауру, анам жұмыс істемейді. Үйленгелі бері құдалық болған жоқ. «Қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз күйеу болмайды» деп әндетіп жүретін әпкелері ғой. Сені көріп қуанғандарынан жеті шелпек таратқан шығар.

– Айдар деген досымен таныстырды.

– Ә, Айдар! Сен де солардың жағына шықтың ба? Әһ, менің бетімді өзі ашқан еді. Луиза деген кішкентайы бар, Данияр екеумізді өкіл әке-шеше сайлады. Тұсауын кескенбіз.

Қыздың сенбесіне амалы қалмады.

– Екеуі кәрістердің асханасын ұнатады... Сөзін аяқтатпай қыз:

– Әр сенбі сайын «Суэйге» барады.

– Иә!

– Мені сол жерге апарды.

Екеуі бірер минут үнсіз қалды. Әркім өз ойымен алысып отырған.

– Әскери мекемеде есепші болғанын айтты ма? Үнсіздікті келіншек бұзды.

– Иә, магистратураға түсіп, жұмысымды тастап кеттім деді.

– Оттапты! Істі болған. Әйтеуір ақталды. Магистратурасы да, жұмысы да жоқ...Темір торда отырғанда тамақ тасушы едім.

– Кеспе көжені жақсы көреді, айтқан. Қыздың күмәні қалмады. Мынау анық Даниярдың келіншегі.

– Мен тамақ пісіргенді ұнатпаймын. Оған уақытым жоқ.

– Әрине, қалтаң тесік болса, қолда барды ұсақтайсың да. Өзінің жарыған табысы жоқ, сен мүлдем басқа әлемнің

адамысың. Қалай өмір сүрем деп ойлады екен Данияр? Тоғыз жыл қуаныш пен қайғыны бірге бөліскен жарымды танымай отырмын.

– Мен басын айналдырып алды деп ойлайсың, ә?

– Мен емес көз келген адам солай ойлайды.

– Мені ұнататын жігіттер жетерлік.

– Жиырма бір жасымызда қосылдық. Тоғыз жылда жасағанымыз бір машина ғана болды. Өзің көрген қымбат көлік. Пәтер жалдап, күн көріп жүр едік.

Қыз тілін тістеді. Даниярдың машинаны құны төменіне айырбастап, үстінен көрген ақшасына пәтер жалдап, өзінің үйі деп көрсеткенін ұқты. Келіншекті аяп кетті.

– Біз өте тату тұрдық. Мен Даниярсыз өмір сүре алмаймын. Сенесің бе, өмір сүре алмаймын. Келіншек көз жасына ерік берді.

– Балаларың бар ма?

– Иә, болған... Келіншектің солқылы үдеп кетті. – Шетінеп кетті. Данияр өз қолымен жерлеп келген. Еркек бола тұра, аңырап жылағаны есімде. Соның бәрін ол қалай ұмытты...

Қыз одан әріге шыдамады.

– Күйеуің өзіңе, мен жоғалтатындай ештеңе болған жоқ. Уайымдамай жарыңа орал, – деді.

– Рас па? Оның үйі құдалыққа дайындалып жатыр екен. Менің құжаттарымды, тіпті екеуміздің суреттерімізді сіңілімнің жұмысына апарып тастапты. Сурет демекші, мен суреттерімізді ала келгенмін көресің бе?

– Бәрі түсінікті ғой, қажет емес. Даниярыңды енді көргім келмейді, мені мазаламаңдар.

– Ол саған үйленгісі келеді ғой.

– Маған жалған айтпау керек еді.

Ештеңе ойлағысы келмеді. Орнынан тұрып жүре берді. Бода-бода болып жылап отырған келіншектің отанын бұзып, бақыт таппасын түсінді.

ФАРТ

I

Сабыр қашанда сабырсыз. Үнемі асығыс-үсігіс жүретін аңғал басы таңертең тағы ұйықтап қалды. Жұмысқа санаулы минуттар қалған. Егер бүгін тағы кешіккенін білсе, қолдан шашын сарғайтқан, қап-қара қазымыр бастығы сазайын беретіні сөзсіз. Өз бастығына түсінбей-ақ қойды. Бір сәтке айналасына түсіністікпен қараса, бүкіл дала мейірімге толып кетер еді-ау. Осы бір қытымырланып, қысық көзіне қан толып жүретін адамды әйел етіп жүрген күйеуін есіне алғанда жаны ашып-ақ кеткен. Осы сәтте жымиып алды. Ертегідегі жалмауыздай ұйықтамай таң бозарғаннан офисінде отыратын Қиықкүл бастығының сұлбасы көз алдына келгенде жүрегі сазып сала берді. Шала-шарпы үстіне киімдерін іле сала автотұраққа жүгірді. Машинасын оталдырып, қыздырып, әні-міне деп әупірімдеп жүріп біраз уақытты өткізіп алған-ды. Тым құрыса уақытты жылдам жүріп ұтпақ ниетпен қала көшесіне түсе әжептеуір жылдамдықпен басып келе жатты. Құдай әбүйірін бергенде бұның алдынан үнемі бағдаршам жасылын жағып тұрғаны.

– Жолым болатын-ақ шығар! – деп ойлап үлгергенше, жаяу жүргіншілердің жолында сызыла басып, асықпай әңгіме соғып өтіп бара жатқан қос қыздың тура жанынан зу ете қалды. «Тағы да жолым болды» деп ойлап үлгергенше қарсы алдында, жол жиегінде бұған сыздана қарап тұрған, жасыл кеудешенің ішіндегі сұлабаның ала таяғы көтерілгенін бар-ақ көрді. Бір секунд ішінде жолының болмағанын ұқты. Өзінің жол ережесін бұзғанын, енді сазайын мықтап тартатынын болжап үлгерді. Шетке тоқтай сала, сақырлатып машинасының астаң-кестеңін шығарып, құжаттарын іздеген, қолына 200 теңге ілінді. Машинасынан алқын-жұлқын түскенде жол полициясы қызметкерінің «Ана екі қызды енді болмағанда өлтірдің ғой, өлтірдің!» деген ашулы

сөздері құлағына жетіп жатты. Өзінің бастығының ұрысына екпіні ұқсап кеткен сержанттың жанына жетіп барды да сасқалақтап, қолына әлгі ақшаны ұстата салып: «Ешкімге айтпа!» деп бұрыла қашты. Қайта машинасына отырып, сол жерден басқа біреу көрмей тұрғанда зытайын деген ой тұрған. Сабыр шаңын ғана көрсеткенде аң-таң болған жол полициясы қызметкері аузы ашылып, қолындағы мыж-мыж екі жүз теңгелікке қарап қалған болатын.

II

Аспанның көбесі сөгілгендей жауған жауынның тоқтамай төпелеп тұрғанына екінші күн. Жылысбектің аспанмен қосылып жылайтынындай бар. Кішкентай ұлы ауруханаға түсіп, ақша іздеп әлекке түскен. Жаңа жылдың басында айлық жалақысын уақытымен алмай қиналып қалған-ды. Сақырлап зорға жүріп тұрған көлігінен қайдан пайда болсын, онда мұнда жаяулап жетпейсің, оның барына да «тәуба!» айтады.

Инфекциялық аурулар жататын ауруханадан бір-ақ шыққан кішкентайына біраз дәрі-дәрмек керегін естісімен әжептеуір үрейленген. Бөлек шыққандарына да көп болмаған жас отбасына ағасының қолында қалған анасы жырымдап көмектескен болады. Тағы немересінің ауруханаға түскенін естіген кемпір байғұс, түйіншектен түйіншекке тыққан екі мың теңгесін берген. Кемсеңдеп жүріп, ұлының екінші қалтасына тағы бір жерден бес жүз теңге әкеліп салды. Соны алып, Жылысбектің ауруханаға құстай ұшқан беті еді. Жолай дәріханаға соғып, бір дәрісін болса да алса, қалғанын ертең көре жатар. Жауынмен қоса жүрегі жылап келе жатқан Жылысбек құстай ұшып келіп, қызыл бағдаршамға жетпей шектеу қойылған сызықты асып барып тоқтаған. Алаң көңілі ұлына жетсем, деп жасылдың жанғанын асыға күтті. Әйтеуір, жасыл жанды. Зорға күтіп тұрған Жылысбек көше қиылысының арғы бетіндегі қарсы алдында тұрған жол полициясының қызметкерлерін енді байқады. Бірақ, бір нәрсені түзетуге кеш еді. Олар тоқтатты, бұл тоқтады. Енді,

міне мәлиіп көк белдікті машинада отырғаны. Өткір ұстараша лыпылдаған жап-жас лейтенант қолына қажетті қағазды алып толтырып үлгеріпті, тек қолынды қойғаныңды күтеді. Қарны қампайған бастығы оған «шыға тұр!» дегендей иек қақты.

– Ал жігітім, белгіленген сызықтан асып кеткеніңді білесі-і-ің... – деп ыңыранып бір жағына қозғалып қойды. – Штрафты төлегің келмейді екен... – деп сөзінің аяғын жұтты да меңіреу адамдай бір нүктеге қарап мелшиді де қалды.

Бір сәтте:

– Сен сияқты екі мың демей-ақ қояйын, мың адам жол ережесін бұзса не болады? А, айтшы? – деп көзін қысып қойды. Жылысбек:

– Ә, түсіндім аға, екі мың адам бұзса жаман болады. Мың адам да ештеңе етпес.

– Ештеңе болмаса солай, – деп бұртиды жігіт Жылысбектің құжаттарымен бетін желпіп.

Қалтада анасы берген екі мың теңгені оған берсе дәрісін ала алмай қалатынын түсініп бір күрсініп қойды. Бермесе мың емес жеті мың айыппұл төлейді. Тәуекел еткендей Жылысбек:

– Ұлым ауруханада жатыр еді, сізге екі мың берейін тек, мың теңгесін қайтарыңызшы, – деп төтесінен қайырып, жалынышты қараған.

– Ә, бала здашы сұрайсың, ә. Дұрыс, дұрыс! – деп аузы қимылдағанмен басы, денесі қозғалыссыз қатып отырған жасыл желеткелі, – Жарайды, мұнда таста! – деп қолы мұнша ұзын болар ма, аяғының астындағы төсенішті ақырын иілмей-ақ көтере салды. Бұл қинала қалтасынан ақшаны алып біраз қысып ұстап-ұстап тұрды да, төсеніштің астына тастай салды. Басын ешқайда бұрмаған күйі бәсекең қалтасынан суырып мың теңгені қолына құжаттарымен қоса ұстата салған. Жылысбек жыларман күйде машинасына жетті. Дәріханаға кіргенде іші удай ашыған. Ұлына қажетті дәріні сұрап еді, үш мың теңге болып шықты. Сандырақтап қалтасын ақтара бастаған. Бір қалтасынан екі мың теңге, бір қалтасынан бір мың теңге шықты. Қолында үш мың. Таң қалды. Артық ақшаның қайдан келгенін

ұқпай ойы онға бөлінді. Бір мезетте есіне түсті, анасының бөлек берген бес жүз теңгесі «гаишниктің» төсенішінің астына кетіпті, ал ол бұған мың теңге қайтарып берген.

III

Жалғас Индирамен танысқанда осындай сынақтардан өтем деп ойламапты. Жаратылысынан әр нәрсеге мән бергіш жігіт өзі ұнатып қалған қызы қасынан табылса үнемі бір жағымсыз жайтқа ұрынып жүретіндей сезіктене бастады. Алғаш танысқанда Индираның қала шетінде тұратынына аса мән бермеген. Астында көлігі болған соң, дүниенің қай шеті де жап-жақын секілденетіні бар ғой. Өткен бір кездесуден кейін Индираны ұмытпастай өткен бір оқиға бар. Оның ауылындағы (қала шетіндегі ауыл) әр жері үңгірге айналып, айқыш-ұйқыштанып кеткен жолдан машинасының астын жырып, дыбыстұншықтырғысын салбырата сүйретіп, қалаға зордың күшімен жеткен. Қалаға жеткенше кінәсіз машинаны балағаттап, бір күн жөндетіп қайта мініп алған-ды. Енді бүгін сол бір жағымсыз күндерді ұмытып, Индираға тағы келген. Екеуі романтикаға толы кеш өткізіп, қала орталығындағы бір кафеде сырласты. Қыздың алдында жігіттігін көрсеткісі келгендей Жалғас аздап қызыл шараптан алған. Қалтасын қағып, екеуі түн ауа сыртқа шықты. Қыз сыйлаған сері жігіт тағы сол айқыш-ұйқыш жолмен келе жатты. Қасында Индира отырса, оған бар дүниенің құны жоқтай көрініп, бақытты күй кешетіні тағы бар...

Индира биязы қоштасып, ауласындағы қараңғыға сіңіп, жоқ болды. Қызыл шараптың буымен желіккен жігіт жылдамдықты үдетіп, бір шабытпен қала көшесінде аңыратып келе жатқанын сезбей қалса керек. Түн ортасында машина да жоқ, қорқатын да ештеңе жоқ қой деп ойлаған. Бірақ, ойының тас-талқанын көше қиылысынан арырақта тұрған жол полициясы қызметкері бұзды. «Сезікті секіретін» деген қазір қызыл шараптан татқанын білсе мына жағалының аямайтынын

анық ұқты. Амал іздеді. Жол полициясы қызметкеріне қарады. Әмияны бағана кафедең-ақ босап шыққан. Құжаттары түгел. Бойын тіктеп, барынша сыр бермеуге тырысты.

Өзін «сержант Түгелбаев» деп таныстырған өзі қатарлы жас жігіт, құжаттарын мұқият қарап шықты да:

– Қала ішінде қанша жылдамдықпен жүру керектігін білетін боларсыз? – деді. Әрине, Жалғас кінәсін мойындап, қызын үйіне жеткізіп тастап қайтып келе жатқан беті екенін айтып үлгерді. Ауызы ауызына жұқпай сөйлеуде. «Келіссек қайтеді, қатарлас екенбіз» дегенге көшті. Сержант жігіт те келіскен сыңай танытып, басын изей берген. Жалғас қолын қалтасына салды, әмиянын ақтарды бірақ іздегенін таппады. Сол сәтте әмиянының бір бұрышынан алғашқы айлық жалақысын алғанда «Ақша шақырады» деп ырымдап сақтап қойған 100 теңгесі шыға келді. Бөленбай байлықтан аса құнды деп есептелетін осы теңгесін қимай қолына ұстатты. «Бұл менің фартым, амалсыздан беріп тұрмын» деп қинала сөйлеген. Бағанағы зуылдап тұрған жігіттің су бүркігендей тез сөнген ырғағынан сержант бір нәрсе ұққысы келді ме екен, таңдана қараған. «Бұл шынымен фарт па?» деп сұрап қояды. 100 теңгелік бақырды ары-бері аударып салмақтап көріп, қалтасына сүңгіте салды да қолын шекесіне апарып, қоштасқан ыңғай білдірді. Ал, Жалғас бар табысы жүз теңгемен кетіп, енді мүлдем ақшасыз қалатындай өзегі өртеніп қайтты.

ЕСЕПКЕ ҚҰРАЛҒАН ӨМІР-АЙ

I

Жаңа жылдың алдында Дарияның Алматыдағы нағашы ағасы үйленіп, тойға шықты. Жол ұзақ. Қолындағы газеттерін түгел оқып бітірді. Әр нәрсені ойлап зерігейін деді. Автобустың ішіндегі маңдайына іліп қойған теледидардан қытайдың

соғыс өнерін уағыздайтын фильмі біткен болатын. Әжептеуір тыныштық орнаған. Бірер сәттен кейін жолаушылар бір-бірімен өзара әңгімеге көшті. Тура оның артында отырған екі жігіттің дауыстары үзік-үзік Дарияға жете бастады. Сөздеріне қарағанда біреуі банкте, бірі полицияда қызмет етеді-ау деп шамалады. Әңгімелері бүгінгінің «басты тақырыбы» несиеден тартып тұрған сыңайлы.

– Қазір несиенің жылдық пайызы көтерілген соң онша алушылар азайды, – бұл банкир жігіттің сөзі. Полицей жігіт үнсіз құптағандай болды. Банкир жігіт сөз беретін емес. Енді:

– Сен қашан үйленесің? Биылғы жылдан қалдың. Сүрленіп кететін болдың ғой, – деген бір сөздер ілікті құлаққа. Полицей жігіттің «Қыз жоқ қой» деген даусы артқы жақтағы бір әйелдің жүргізушіге «Малиновкаға» жақындап қалдық па?» – деген үніне жұтылып кетті.

– Өткендегі жаныңда жүрген сүйкімді қызың қайда? – деді. Бұл тағы да банкир жігіттің даусы.

– Кімді айтасың? Жансая ма? Ойбай, оның үш несиесі бар болып шықты, – деді шоқ басып алғандай шоршып.

– Құдайым-ау, қазір жұмыс істейтін қыздардың бәрінде кредит бар. Бүйте берсең, сен жалғыз өтерсің, – деді жанындағы жанашыры күйінген үнмен.

– Ой, біздің қызметкер жігіттер сұлу қызбен танысса, сол туралы дереу ментовской тәсілмен мәлімет жинай бастайды. Егер қыздың кредиті болса, екінші рет оның маңайынан жүрмейді, – деп разы қалыппен жауап берді полицей.

– Иә, кім біреудің қарызын төлегісі келеді дейсің. Несие беру құрымай, сен үйленбейтін шығарсың. Енді мектепті бітірейін деп тұрған қызды алып қашпасаң, басқа амалың жоқ, – деді анау.

– Ал сен біреуге өлердей ғашық болсаң, оның он кредиті болса да алар ма едің? – деді мынау қалыспай. Банкир жігіт біраз ойланғандай ма, күрсінгендей болды да:

– Біз үйленгенде әйелімнің мойнында ипотекасы бар еді. Ол үйде өзім тұратынымды білсем де, өзім төлейтінімді білмедім ғой, – деді жымыып.

– Әй, тыныштық сақтасандаршы, жеті түн болды ғой. Ел демалып жатыр емес па! – деген гүлілдеген еркектің зор дауысынан кейін екі жігіт жым болды. Дария «Нағашы ағамның келіншегінің кредиті жоқ па екен?» деп ойланып кетті.

II

Аппақ мамықтай жапалақтаған ұлпа қар әдемі сезім мен тамаша күй сыйлағандай тұп-тура Тәуелсіздік күні мерекесінде жауыпты. Жай күндері тып-тыныш жататын кішкентай қаланың адамдары мереке күндері ұйқысынан оянған құмырсқадай көшеге қаптап шығады. Әшейінде есіктері тарс жабылып, адам кірмейтін мейрамхана, кафелерге жан бітіп, асханаларының оты алаулайды.

«Қызғалдақ» кішігірім қаланың бүкіл жастары жиналатын түнгі клуб. Бүгін бірқауым жұрт жиналыпты. Әр үстелдің басында у-шу кішігірім той ырғағы байқалады. Сол көптің көзінен елеусіздеу бұрышта үш құрбы қыз отыр.

– Қазір мен қоңырау шалсам, ол жетіп келеді.

– Қойшы, Салта, қанша тәуіпке бардың. Қаншама сыйлық жасадың оған. Көзіне ілген Арманыңды көргенім жоқ, – деп құрбысына жаны аши қарады.

– Сенің қандай жұмысың бар менің өмірімде?

– Ол саған жақсы жар болмайды. Тоғжан сонда да Салтанатты махаббатынан айнытуға бел буғандай рюмкадағы коньякты қағып салды.

– Қойыңдаршы, бүгінгі кешімізді көңілді өткізейік, – деген Данагүл олардың ерегесін тоқтатқысы келіп.

– Сен маған жақсы құрбы бола аласың ба? Оған да кепіл жоқ қой. Кішкене қызып қалған Тоғжан әлденені іші сезіп отыр ма деп Салтанатқа күдіктене қарады. Шынында, Салтанат қанын ішіне тартып сұрлана қалыпты.

– Жақсы, ақыры естіпсің ғой. Айтайын. Салтанат әлдене сұмдықты еститіндей Тоғжанға қарады. Осы сәтте оның кірпігімен қоса бүкіл денесі дірілдеп кеткендей көрінді.

– Сенің Арманың менімен де кездесіп жүрді. Гонг. Салтанат осындай сөз естимін деп ойлаған жоқ.

– Неге бажыраясың? Рас айтып отырмын. Оған сенің ақшаң ғана керек еді.

Бірге жүріп жан құрбысының сатқындыққа баратынына сенбеген Салтанат:

– Ойыныңды қойшы, – деп сабырлы қалыпқа өнді.

– Сенбесең Данагүлден сұра. Істің ары қарай өрби берсе ушығатынын ұққан Данагүл:

– Қойыңдаршы мені кірістірмей, – деп орнынан тұрып, сөмкесін алып кете берді. Есікке жете бергені сол еді бүкіл жұрттың олар отырған жаққа қарай лап қойғанын көріп, бір сұмдықтың болғанын сезді. Шынында, ортада екі құрбысы кәдімгі боксерлерше шарт та шұрт төбелесіп жатыр еді. Қолдарымен ауыздары қоса қимылдап, бір-бірінің сыбағасын аямай асатуда. Бұл аруларды ажырататын ресторан ішінде жігіт атаулы жоқ болып шықты. Екеуінің біраз шашы жұлынып, беттері тырналған кезде ғимараттың күзетшілері келіп ажыратып, сыртқа шығарып әкетті.

III

Ол екеуі бәріне үлгі болатын. Самат пен Жадыраның сезімі бұрынғы ғасырлардың махаббат үлгісіндей көрінетін еді. Екеуі жаңа жылда үйленеміз деп жоспарлап жүрген. Осы меркенің алдында ғана Самат шетелдік автокөлік сатып алды. Бәрінен бұрын Жадыра қатты қуанды. Алақайлап бірінші айтқаны «Маған Самат машина айдауды үйретеді».

Құтты болсынын айтып араласатын достары түгел қуаныштарына ортақтасты. Кейбір құрбылары Жадыраға қызғанышпен қарады. Студент кезінен машинасы бар жігітпен жүру әжептеуір абырай болатын өз орталарында. Содан бері он бес күн өткен жоқ, курстастар арасында «Жадыра мен Самат айрылысып кетті» деген әңгіме тарады. Бұл мүмкін еместей еді. Көпшіліктің пікірі екіге жарылды. Біреулер «Бәсе қайдағы

махаббат?» десе, бірі «Мүмкін емес, айрылысатындай үлкен дау болған шығар» деп жатты. Ал оқиға былай болған еді.

Сол күні Самат машинасын айдап Жадыраға келді. Сүйіктісінің темір тұлпарды жүргізіп көргісі келетінін білетін Самат кілтін қолына ұстатты.

– Үлкен жолға шықпай-ақ осы ықшам ауданның ішінде үйренейін, – деп Жадыра біртүрлі сенімсіздік танытты.

– Жарайды, жаным. Бірінші стартерді басып тұрасың, газды басқанда ақырындап жібересің, – деген жігіт өзін әжептеуір тәжірибелі ұстаздай сезініп тұр. Бір-екі айналым жүрген соң Жадыраның бойы үйренейін деді.

– Қарашы, мен тіпті осыншама үлкен машинаны өзім жүргізіп келе жатқаным сенер емеспін.

– Қонақтан қайтқанда үнемі сен айдайтын боласың, – деп жігіт алдағы отбасылық өмірін көзіне елестетіп қояды.

Екі жас бірі үйренуші, бірі ұстаз болып біршама жерді шарлаған. Бір сәтте машинаның алдынан мысық жүгіріп өтті. Түсін кім білсін, ала мысық шығар. Не істерін білмей қалған тәжірибесіз қыз рульді бұрып, тежегіштің орнына газды қатты басты. Қатты екпінмен жүрген машина тізілген талға барып соғысты. Қас-қағым сәтте қатты сасқан қыз не істерін білмей қатып қалды. Екеуі де дін аман. Дірілдеп қорқып кеткен Жадыра сүйгенінің жүзіне көзі түскенде тіпті шошып кетті. Бұған ызғарлана қарап, мүлде басқа адам отыр.

– Машинаны өзің жөндетіп бересің!

Жадыра машинасын жөндеуге сұраған ақшасын беріп, махаббатымен қош айтысты.

МАЗМҰНЫ

Хикаяттар

Махаббат періштесі	4
Бейтаныс, ескерткіш және мен	4
Жұмбақ кездесу	12
Ақжаулық арман	32
Екінші жұмбақ кездесу	43
Эпилог орнына	48
Сағындым сені, KZ!	51

Әңгімелер

Жалғыздық	84
Сыйлық	89
Ғұмырсыз сәби сезім	91
Түс	94
Ескі әмиян	96
Тамшы жас	100
Көріпкел	104
Нұр	108
Періште	114
Тет-а-тет	125

Триптихтер

Махаббат романстары	130
Ескі жылдың соңғы күні	135
Ескі жылдың соңғы күні 2	139
Құса	146
Доллар	152
Жалған сөз	157
Фарт	166
Есепке құралған өмір-ай	170

Гүлнұр Ембердиева

Махаббат романстары

*Хикаяттар, әңгімелер,
триптихтер*

Техникалық редакторы	<i>Жәмила Төлегенова</i>
Редакторы	<i>Гүлнар Елгембаева</i>
Компьютерде беттеген	<i>Владимир Ким</i>
Көркемдеуші	<i>Асқар Беков</i>
Мұқабаны көркемдеген	<i>Ербол Жүзбаев</i>

Басуға 12.03.2015 ж. қол қойылды.
Қалыбы 84x108 $\frac{1}{32}$, Офсеттік басылым.
11,00 баспа табақ. 18,48 шартты баспа табақ.
Таралымы 500 дана. Тапсырыс № 00220.



Senim

ISO 9001-2009
ЖАМБЫЛ БАСПА ОРТАЛЫҒЫ 8 (7262) 43-32-84

«Сенім» ЖБО» ЖШС-де басылды.
Тараз қаласы, Төле би даңғылы, 22 үй. Тел.: 43-32-84.
E-mail: maket@senim.org